СПОРТ, ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ ТУРИЗМ САЛАСЫНДА ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ БАСҚАРУ

Енді «Спорт, Демалыс және Туризм саласында Іс-шаралар Ұйымдастыруды Басқару» кітабы толығымен қайта қаралған және жаңартылған екінші баслымында іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру үшін толық теориялық және практикалық негіз берілген. Іс-шараларды ұйымдастыруды басқару жөніндегі менеджердің рөліне және олардың жауапкершілігінің түрлі аспектілеріне оны кәсіби практиканың ортасына орналастыра отырып, іс-шараларды жоспарлау процесіне әр кезеңнің призмасы арқылы ерекше назар аудара қарайтын болсақ, бұл әлі де іс-шараларды ұйымдастыруды басқару контексінде, оны кәсіби практиканың ортасына қоя отырып, білім тұжырымдамасын анықтауға арналған оқулық. Кітап студент тарапынан сыни тұрғыдан ойлауды қолдау мақсатында, олардың дағдыларын дамытуға септігін тигізу үшін әзірленген, осылардың арқасында олар нәтиже беруге және ойлана білуге, іс-шаралар саласында машықтанушы мамандар болулары тиіс және әр тарау спорт, демалыс және туризм саласындағы көптеген шынайы тақырыптық зерттеулерді, мәліметтерді және практикалық мысалдарды қамтиды. Осы екінші басылым экологиялық тұрақтылық бойынша, әрі іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саясаты бойынша екі мүлдем жаңа тарауды енгізу арқылы едәуір күшейтіле түсті және іс-шаралар ұйымдастыру, спортттық менеджмент, бос уақытты басқару, таза ауада демалу және туризм саласында жұмыс істейтін кез-келген студент үшін маңызды қайнар көз болып табылады.

Черил Маллен: Броко Университетіндегі (Канада) Спорттық Менеджмент Департаментінің Доценті. Оның зерттеулері білімді және экологиялық тұрақтылықты қамтиды. Ол өз мақалаларын Journal of Sport Management, Sport Management Review және European Sport Management Quarterly басылымдарында жариялайды.

Лорни Дж. Адамс: Броко Университетіндегі (Канада) Кинезиология Департаментінің Доценті. Ол оқыту саласындағы төрт сыйлықтың иегері болып табылады, оның ішінде 3M Teaching Fellowship. Ол жаттықтырушы және 10 жыл бойы Спорт жөніндегі директор болған.

.

СПОРТ, ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ ТУРИЗМ САЛАСЫНДА ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ БАСҚАРУ

ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

ЕКІНШІ БАСЫЛЫМ

ЧЕРИЛ МАЛЛЕН ЖӘНЕ
ЛОРНИ ДЖ. АДАМСТЫҢ РЕДАКЦИЯСЫНДА

Routledge
Taylor & Francis Group

Біріншісі 2008ж жарық көрген
Баттерворт Хейнеман

Осы басылым 2013 басып шығарылды
Routledge

Сквеа саябағы 2, Милтон саябағы , Абингдон, Оксфордшир OX14 4RN
АҚШ және Канадада бірігіп басып шығарылған
Routledge

Үшінші авеню, 711 Нью-Йорк, Нью-Йорк 10017
Routledge - импримaтура Taylor & Francis Group,
Informa бизнес

© 2013 Черил Маллен және Лорни Дж. Адамс

Редакцияланған материалдың жеке авторы және жеке
тарауларды авторлары ретінде сәйкестендірілген редактор
құқығы 1988 жылғы Авторлық құқықтар, жобалар және патенттер
туралы актінің 77 және 78 - ережелеріне сәйкес расталған
Барлық құқықтары қорғалған. Бұл кітаптың бірде-бір бөлімі, баспашының
жазбаша келісімінсіз бұрыннан мәлім немесе келешекті ойлап шығарылатын
кез-келген түрінде, фотокөшірмелерді, микропленкаларды және жазбаларды
қоса алғанда н емесе деректерді сақтау және іздеудің кез-келген жүйесінде
электрондық және механикалық құралдармен қайтадан шығарыла, көбейтіле,
таратыла немесе пайдаланыла алмайды

Тауар белгісі: Тауардың немесе ұйымның атауы тауар белгілері немесе тіркелген
Тауар белгілері бола алады және тек қана сәйкестендіру үшін және қастандық жасау
мақсатынсыз пайдаланыла алады.

Деректерді жариялаудағы Британ кітапханасының каталогтауы
Осы кітапқа арналған каталогтаушы жазба Британ кітапханасында қолжетімді.
Конгресс кітапханасының каталогизациясы деректер жарияланымында
Спорт, демалыс және туризм саласында іс-шараларды ұйымдастыру: теориялық
және практикалық аспектілері / Черил Маллен және Лорни Адамс редакциясында.
б.қара.

1. Арнайы іс-шаралар - Менеджмент. 2. Спорт- Менеджмент. 3.
Демалыс - Менеджмент. 4. Туризм-Менеджмент. I. Маллен, Черил. II.
Адамс, Лорни Джеймс.
GT3405. E9 2013
394.2068 -- dc23
2012023535

МСКН: 978-0-415-64100-5 (hbk)
МСКН: 978-0-415-64102-9 (pbk)
МСКН: 978-0-203-08228-7 (ebk)

Басып шығарылды: Melior and Univers
пернелерді басу арқылы, Стэйшн Роуд, Кодсалл, Уолверхэмптон.

МАЗМҰНЫ

Авторлар тізімі 15
Екінші басылымға кіріспе 17
Алғыс білдіру 21

1 СПОРТ, ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ІС-ШАРАЛАР 23

ЧЕРИЛ МАЛЛЕН ЖӘНЕ ЛОРНИ ДЖ. АДАМС

Дәстүрлі емес іс-шаралардың сипаттамасы 23
Дәстүрлі іс-шараның басқару органы бар 23
Дәстүрлі іс-шара – танымал және уақытпен сыналған спорттық іс-әрекет 24
Дәстүрлі емес іс-шаралардың ерекшеліктері 25
Дәстүрлі емес іс-шара белгілі бір аудиторияға арнап ұйымдастырылады немесе бейімделеді. 25
Дәстүрлі емес іс-шараның дәстүрлі басқару органы жоқ. 26
Дәстүрлі емес іс-шара стандартқа сай келмейтін түрде болуы мүмкін. 26
Дәстүрлі емес іс-шара дәстүрлі іс-шараға өтуі мүмкін. 27
Дәстүрлі емес іс-шараларды дайындау. 28
Не себептен қазіргі замағы дәстүрлі емес іс-шаралар пайда болуда? 28
Дәстүрлі және дәстүрлі емес іс-шараларды ұйымдастыру бойынша білікті менеджерлердің қажеттілігі 30
Қорытынды 30

2 ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ БАСҚАРУДАҒЫ БІЛІМ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ 32

ЧЕРИЛ МАЛЛЕН

Білім тұжырымдамасы 32
Білімнің анықтамасы 33
Іс-шаралар ұйымдастыру бойынша жалпы білім 33
Жалпы білім - жүйелі білімге ие болуды білдіреді. 34
Жалпы білім – адамның немен шұғылданып жүргендігін түсінуін білдіреді 34

Жалпы білім – бұл «ноу-хау» 35
Жалпы білім мәдениет, саясат және тұлғалардың негізі түсінігін қамтиды 35
Жалпы білім негізгі тұжырымдамалық түсініктерді қамтиды 36
Жалпы білім іс-шаралар ұйымдастыру саласына қатысты парасатты мағынаны білдіреді 36
Іс-шаралар ұйымдастыруда жаңа білім алу 36
Жаңа білім алу тәжірибе жүзінде қол жеткізілген іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастыруды жете түсінуді қамтиды 37
Жаңа білім алу, тәжірибе жүзінде қол жеткізілген, іс-шараларды ұйымдастыру бойынша «айлалы» білімді қамтиды 37
Жаңа білім алу, тәжірибе жүзінде қол жеткізілген іс-шараларды ұйымдастыру бойынша «мәдени» білімді қамтиды 38
Жаңа білім алу жаңа білімді құру жолындағы негіз 38
Қабілеттің білімді анықтау мәні 38
Іс-шаралар ұйымдастыру саласындағы сіздің бағытыңызға арналған білімнің бірегей анықтамасы 39
Сіздің «икемділік әсері» немесе жеке біліміңіздің артықшылығы 39
Сіз білім беру белсенді процесіне қатысасыз 40
Сізге білім берудегі белсенді процес бойынша стратегия қажет 41
Білім беру стратегиясының әлеуметтік желілерін қолдау 43
Қорытынды 45

3 ІС-ШАРАНЫ ЖОСПАРЛАУ МОДЕЛІ: ІС-ШАРАНЫ ДАЙЫНДАУ САТЫСЫ , 1-БӨЛІМ 46

ЭМИ КАННИНГЕМ ЖӘНЕ ДЖОАНН МАКЛИН

Іс шаралар ұйымдастыру менеджері үйлестіруші ретінде 46
Үйлестіру дегеніміз не? 46
Іс-шаралар үйлестірушісінің рөлі 48
Коммуникациялық талаптарды үйлестіру 49
Білім беруді үйлестіру 53
Басқару мақсатында іс-шаралар құрылымын үйлестіру 54
Іс-шаралар құрылымы 57
Іс-шаралар құрылымдарының теориялық аспектілері 58
Іс-шаралар құрылымындағы принциптері 60
Іс-шаралар құрылымдар ында теориялар мен қағидаларды қолдану 62

Қорытынды 63

4 ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮЛГІСІ: ІС-ШАРАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ САТЫСЫ, І-БӨЛІМ 65

МОРИН КОННОЛЛИ, ЛОРНИ ДЖ. АДАМС ЖӘНЕ ЧЕРИ БРАДИШ

Іс-шара стратегиясын әзірлеуді үйлестіру 65
Стратегияны дайындаудағы қосымша ақпарат 70
Қолдану: Стратегияның тәжірибеге айналуы 72
Іс-шараларды ұйымдастыру еріктілерін басқаруды үйлестіру 76
Еріктілерді басқару бағдарламасы 78
Корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті үйлестіру 86

5 ІС-ШАРАНЫ ЖОСПАРЛАУ ҮЛГІСІ: ІС-ШАРАНЫ ЖЕДЕЛ ҰЙЫМДАСТЫРУ САТЫСЫ 91

ЧЕРИЛ МАЛЛЕН

1-механизм: Жедел басқару бойынша жүйе құру 91
Жағдайлар теориясын қолдану 92
Қиындықтар теориясын қолдану 93
Агенттік қатынастар теориясын қолдану 94
2-механизм: жазбаша түрде жылдам жоспарлар құру 94
Іс-шараның жазбаша жедел жоспары: әзірленім форматын құру 95
Логикалық жедел жоспарлау 95
Дәйекті жедел жоспарлау 96
Егжей-тегжейлі жедел жоспарлау 97
Кешенді жедел жоспарлау 98
3-механизм: Алдын-ала болжанбаға н жағдайлар кезіндегі жоспарлардың өзара әрекеттесуі 99
4-механизм: Іс жүргізу кеңестермен оңтайландыру процесі жоспарын белсендіру 100
Іс-шараны жедел жоспарлаудың өзекті мәселелері 100
Өзінің кәсіби дағдылары мен біліктерін жаттықтыру 101
Сіздің жедел дайындау дағдыларыңызды жақсарту тәжірибесі 101
Қорытынды 102

6 ІС-ШАРАНЫ ЖОСПАРЛАУ ҮЛГІСІ: ІС-ШАРАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ, МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАСҚАРУ САТЫСЫ 148

ЛОРНИ ДЖ. АДАМС

Жүзеге асыру: Жоспарды орындау 148
Жүзеге асыруға және өндірістік кеңестерге қойылатын талаптарды тарату 149
Динамикалық және өзгермелі жедел жағдай мониторингі 151
Жедел жүзеге асыру жоспарын басқару 152
Жоспардан ауытқу кезіндегі болжалды сәтсіздіктерді еңсеру 153
Команда шешімін қабылдау процесін алдын -ала анықтау 154
Жоспарланған және жоспарланбаған шешімдер 155
Жүйенің жедел практикасын заңды жүзеге асыру, мониторинг және басқару проблемалары 155
Проблема: іс-шараның жедел жоспарының егжей-тегжейі және жүзеге асыру нәтижесі 156
Проблема: білім және білікті таныстыру 157
Проблема: жоспардан ауытқу 157
Проблема: жүзеге асырудағы қақтығыс 158
Проблема: Коммуникацияларды жүзеге асыру 160
Қорытынды 160

7 ІС-ШАРАНЫ ЖОСПАРЛАУ ҮЛГІСІ: ІС-ШАРАНЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЖАҢАРТУ САТЫСЫ 164

СКОТТ ФОРРЕСТЕР ЖӘНЕ ЛОРНИ ДЖ. АДАМС

Іс-шараны ұйымдастыру менеджеріне арналған жалпы білім 164
Пайымдау талдауы 165
Талдау не үшін қажет? 168
Талдау, зерттеу және бағалаудың арасындағы айырмашылық 169
Талдау нәтижесінде алынуы мүмкін басты мәселелер 170
Іс-шараларды талдау процесін үйлестіру 171
Басты мәселелер 171
Іс-шараларды талдаудағы жалпы шаралар 173

Іс-шараларды ұйымдастыру менеджерімен талдауға дейінгі талап етілетін шешімдер 174
Іс-шараларды талдаудағы теорияның рөлі 174
Нені талдау қажет? 175
Іс-шараларды талдау амалдары 175
Мақсаттық бағдарлы амал 175
Еркін амал 176
Икемді амал 177
Мүмкіндіктер мен құқықтарды кеңейтудің талдауы 177
Мазмұнның, енгізудің, процестің және ақырғы өнімнің моделі (МЕҮӨ): талдауға жүйелік көзқарас 178
Кәсіби пайымдау амалы 179
Іс-шараларды талдаудағы саяси, этикалық және моральдық шешімдер 180
Қорытынды 182

8 ІС-ШАРАЛАРДА ҰЙЫМДАСТЫРУ БАРЫСЫНДА ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ 183

КРИС ЧАРД ЖӘНЕ МЭТТ ДОЛЬФ

Экологиялық тұрақтылық дегеніміз не? 183
Үш еселік соңғы нәтиже және табыстың үш есе өсуі 185
Не себептен экологиялық тұрақтылық іс-шаралар ұйымдастыруға маңызды? 186
Іс-шараларды ұйымдастырудағы экологиялық тұрақтылыққа жауапершілік және оның рөлі 187
Басқару шаралары: іс-шаралардың қоршаған ортаға әсерін бағалау 189
Тіршілік кезеңін баға лау 190
Көміртекілік ізі 192
Экологиялық ізі 192
Қорытынды 194

9 ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ САПАНЫҢ ЖАҚСАРУЫ 196

КРЕЙГ ХАЯТТ ЖӘНЕ КРИС ЧАРД

Іс-шараларды ұйымдастыру менеджерлері барлық талаптарды сапалы орындай ала ма? 196

Сапа дегеніміз не? 197
Сапа өңдеу өнеркәсібіндегі беріктік пен төзімділік ретінде анықталады 197
Қызмет көрсету саласындағы сапа түсінігі 197
Сапа түсінігін ашып көрсету 197
Сапа – бұл ерекше ліктерге сәйкестілік 198
Сапа – бұл жетістік 198
Сапа – бұл құндылық 199
Сапа – бұл клиенттер күткен нәтижеге сәйкес келу және/немесе асып түсу 199
Эстетикалық сапа 200
Функционалдық сапа 200
Техникалық сапа 201
Іс-шараларды ұйымдастыру сапасы бойынша ұсынымдардың жетіспеушілігі 201
Іс-шараларды ұйымдастырудағы сапа туралы мәлімдеме жасау және сапасын анықтау кезіндегі туындайтын проблемалар 204
Мүдделі тұлғалардың үміт қақтығыстарының сапа түсінігіне әсері 204
Ресурстарды шектеулі бақылаудың сапаға әсері 204
Қаржылық шектеудің сапаға әсері 205
Күтпеген жағдай кезіндегі жоспарлардың сапаға әсері 206
Іс-шаралар ұйымдастыруды басқару кезінде сапа бақылауын қалыптастыру 208
Сапа туралы мәлімдемеге мысал 209
Қорытынды 211

10 ІС-ШАРАЛАРҒА ӨТІНІМ БЕРУ 212

ЧЕРИЛ МАЛЛЕН

Техникалық-экономикалық негіздеме дегеніміз нені білдіреді? 212
Кандидатураның құжаты дегеніміз нені білдіреді? 213
Өтінім сауалнамасы дегеніміз нені білдіреді? 213
Өтінім-құжаттама дегеніміз нені білдіреді? 213
Турға өтінім беру дегеніміз нені білдіреді? 216
Жетістікті өтінімде қандай шешуші факторлар бар? 217
Жетістікті өтінім үшін маңызды шешуші фактор болып табылатын не? 222
Қорытынды 225

11 ӨТІНІМ БЕРУ ЖӘНЕ ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕГІ САЯСАТ 226

ТРИШ ЧАНТ-СЕЛ

«Іс-шара саясаты» дегеніміз нені білдіреді? 226
Шешім қабылдау саясаты - мәлімдеу немесе мәлімдемеу 227
Іс-шараға өтінім беру сатысындағы саясат: комитет 228
Іс-шараға өтінім беру сатысындағы саясат: ұсыныс 230
Іс-шараға өтінім беру сатысындағы саясат: шешімдерді қабылдау органдары 231
Іс-шараға өтінім беруде ауысу кезіндегі саясат және талдау сатысы 233
Іс-шара өткізу сатысындағы саясат 235
Іс-шараға өтінім беру шеңберіндегі еңсеру саясаты 236
Іс-шара өткізуді басқару саясатындағы басты фактор: ақпаратты жүйелі түрде беру және коммуникация 236
Іс-шара өткізуді басқару саясатындағы басты фактор: негізгі құндылықтарды қалыптастыру 237
Қорытынды 238

12 ҚОРЫТЫНДЫ 240

ЛОРНИ ДЖ. АДАМС

Анықтама әдебиеттердің тізімі 244
Алфавиттік көрсеткіш 264

АВТОРЛАР

Лорни Дж. Адамс: Доцент, Кинезиология Департаменті, Брок Университеті, Сент-Катаринс, Онтарио, Канада.

Чери Брадиш: Доцент, Спорттық Менеджмент Департаменті, Брок Университеті, Сент-Катаринс, Онтарио, Канада.

Триш Чант-Сел: Жетекші, Advancement Университеті, Мак Мастер Университеті, Га-мильтон, Онтарио, Канада.

Крис Чард: Доцент, Спорттық Менеджмент Департаменті, Брок Университеті, Сент-Катаринс, Онтарио, Канада.

Морин Коннолли: Профессор, Департамент Кинезиологии, Брок Университеті, Сент-Катаринс, Онтарио, Канада.

Эми Каннингем: музыкант және Индепенденттегі жазушы орындаушы, Виктория, Британдық Колумбия, Канада.

Мэтт Дольф: Спорт және Даму Орталығының Менеджері, Ванкувер, Британдық Колум-бия, Канада.

Скотт Форрестер: Доцент, Бос уақыт және Ойын-сауық Департаменті, Брок Университеті, Сент-Катаринс, Онтарио, Канада**.**

Крейг Хаятт: Доцент, Спорттық Менеджмент Департаменті, Брок Университеті, Сент-Катаринс, Онтарио, Канада.

Джоанн Маклин: Декан, Медициналық ғылымдар Факультеті, Фрейзер Вэлли Университеті, Абботсфорд, Британдық Колумбия, Канада.

Черил Маллен: Доцент, Спорттық Менеджмент Департаменті, Брок Университеті, Сент-Катаринс, Онтарио, Канада

ЕКІНШІ БАСЫЛЫМҒА КІРІСПЕ

Екінші басылым студенттердің қолдануында және дамушы іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласында өз бағасын алды . Соның ішінде, нақты студенттерді тарту, 1-тараудағы іс-шаралар типін қайта қаралуға өзгертулер енгізуге және білім туралы тарауға (2-тарау) түзетулер енгізуге әсерін тигізді. Студенттер, олардың басқа пәндерде ғылыми-зерттеу процестерін оқып білетіндіктерін бізге айтып өтті, және осыған байланысты осы мәселеге қатысты тарау экологиялық тұрақтылық жөніндегі жаңа материалмен алмастырылды, 8-тарау. Бұдан басқа, нақтылықты енгізуді талап ететін процеске саяси проблемалары тартылған іс-шараға өтінім беру туралы пікірталасқа нақтылық енгізілген. Бұл іс-шараға өтінім беру туралы жаңартылған тараудан (10-тарау) кейінгі жаңа 11-тараудың туындауына алып келді.

Барлық тараулар жаңартылған және сол аралықта бірнеше тарау жасалған, экологиялық тұрақтылық жөніндегі тарау іс-шаралар ұйымдастыру менеджері үшін жаңа әрі неғұрлым маңызды айрықша құзыреттілікті білдіреді. Шағын жергілікті іс-шаралардан бастап, әлемдік деңгейдегі қойылымдарға дейін, экологиялық проблемалар іс-шаралар ұйымдастырудың негізгі аспектісі болып табылады.

Спорт, демалыс және туризм саласындағы іс-шаралар ұйымдастыруды басқару серпінді, күрделі және дамушы индустрия болып табылады. Бүкіл дүниежүзі бойынша аталған әртүрлі саладағы өсу қарқыны, білікті іс-шаралар ұйымдастыру менеджерлеріне деген сұраныстың пайда болуына себепші болды. Осы редакцияланған материал білім алушыларға, іс-шаралар ұйымдастыру индустриясында қолдану үшін, білім меңгеру мақсатында қолданылаты н нұсқаулық ретінде арналған. Осы материалдың, осы тарауларда негізделген басты үш мақсаты бар.

МАҚСАТТАР

Осы оқу құралының бірінші мақсаты - спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруда негізгі мықты теориялық және практикалық қағидалардын құру. Екінші мақсаты - білім алушыларды, білім тұжырымдамасын түсінуді дамытуға ынталандыру. Бұл түсінік осы саладағы білім анықтамасына және білімге қойылған талаптар анықтамасына өте маңызды түсініктеме қалыптастыруды құруды жорамалдайды. Үшінші мақсат - іс-шаралар ұйымдастыруды басқару жоспарының үлгілерін таныстыруға шоғырланады, соның ішінде үлгілердің ілгерінді сатылары және әр сатының негізгі элементтері. Төртінші және ең соңғы мақсаты - іс-шараны ұйымдастыру менеджерінің үйлестіруші ретіндегі рөліне екпін қоюды жорамалдайды. Үйлестірудің рөлі, іс-шараларды жоспарлаудың әрбір үлгісіне қойылатын талаптарды «ойластыруды» және іс-шараны өткізуді жоспарлау міндеті жүктелген басқаруға арналған әртүрлі стратегияларды пайдалануды қамтиды .

ОСЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ БАҒЫТЫН ШОЛУ

Бұл оқу құралы спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар ұйымдастыруды, басқаруға арналған және іс-шаралар ұйымдастыру менеджерінің үйлестіруші ретіндегі маңызды рөліне баса көңіл бөледі. Сонымен бірге, дәстүрлі және білім тұжырымдамасын бағдарлы іс-шараларды анықтауға екпін қойылады, жоспарлау сатысы іс- шаралар өткізуге арналған құрауыштарды ұйымдастыру кезінде, іс-шараға өтінім беру үшін маңызды факторларды, сапаны бақылау амалын, сонымен қатар тәжірибе негізінде оқытуды есепке ала отырып қалыптасады.

ОСЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ШЕҢБЕРІНЕН ТЫС ІС-ШАРА ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Іс-шаралар өткізудегі іс-шаралар ұйымдастыру менеджерінің рөлі күрделі, ол өзгермелі іс-шаралар аясындағы әр-түрлі іс-әрекеттерді басқару қажеттілігімен шартталған. Осы рөлді орындау барысында терең және кең ауқымды білім қажет. Осылайша, іс-шаралар ұйымдастыру менеджерін

оқыту әрқилы болуы тиіс және осы оқу құралынан тыс зерттеу салаларына таралуы тиіс. Іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласындағы қосымша саласының мысалы ретінде этика, қаржы менеджменті, маркетинг, демеушілік, инфрақұрылымды басқару және құқықтық нормаларды келтіруге болады. Осы білім салаларының әрқайсысы іс-шара ұйымдастыру және өткізуге қатысты қолданылуы мүмкін. Жоғарыда атап өткен салалардың әрқайсысы, осы оқу құралының бір тарауы бере алатындығына қарағанда, оларға көңілді көбірек бөлуі қажетті іс-шара өткізуге жеткілікті түрде маңызды болып табылады.

Алайда, жоғарыда аталып өткен тақырыптарды зерделеу іс-шаралар ұйымдастыруды басқарудағы талаптардың кең ауқымдылығын толық түсінуін қамтамасыз етеді. Мысалы, заңды құқықтық жауапкершілік, тәуекелдерді басқару, дау-дамайларды реттеу және спортшыларға, орталықтарға, ойын-сауық индустриясының жұмыскерлеріне, қызметшілер мен еріктілер штатына арналған келісім-шарт дайындау көзқарасын қолдану түсінігі, іс-шаралар ұйымдастырудың өте маңызды аспектісі болып табылады. Сонымен бірге, маркетингте және демеушілікте іс-шараларды жоспарлауға тікелей қатынасы бар. Нарықта инфрақұрылымды басқару, маркетинг, спорттық құқық және басқа да іс-шаралар ұйымдастыруды басқарумен байланысты басқа да заттарды талқылайтын көптеген оқу құралдары бар. Бірақ тек іс-шаралар ұйымдастыру менеджерінің, бастапқы сатылар үйлестірушісі ретіндегі рөліне қатысты ресурстар шектеуліктері бар, оларға іс-шараларды жоспарлау кіреді. Сондықтан, осы оқу құралы, әдебиеттің осы кемшілігін қатар назарда ұстауға арналған.

Черил Маллен және Лорни Дж. Адамс

АЛҒЫС БІЛДІРУ

Черил Маллен өзінің ата-анасы Боб және Бетти Браунға өмір бойы көрсеткен қолдаулары үшін; оған үнемі қолғабыс көрсететін, өзінің күйеуі Пэддидің достығы мен махаббаты үшін; және оның өмірінің мағынасы болып табылатын өзінің балалары Боб пен Сараға алғыс білдіреді.

Лорни Дж. Адамс осы жоба бойынша ынтасы еліктіріп әкететін, өзінің қосалқы авторына, аталмыш басылым үшін алғыс білдіреді. “Лили” 9, 12,25. үшін. Өзінің отбасына сенімі, қамқоры және қолғабысы үшін алғыс айтады.

1-ТАРАУ

СПОРТ, ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ІС-ШАРАЛАР

ЧЕРИЛ МАЛЛЕН ЖӘНЕ ЛОРНИ ДЖ. АДАМС

Дәстүрлі іс-шаралар және аралас немесе дәстүрлі емес іс-шаралар, екі түрі де спорт, демалыс және туризм саласында кең тараған болып табылады. Осы тарауда дәстүрлі іс-шараларды дәстүрлі емес іс-шаралардан ажырататын және дәстүрлі емес іс-шаралардың қазіргі заманғы стиліне түсінік беретін бірегей сипттамалар қаралад ы. Талқылау, белсенді дамып келе жатқан іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласында, дәстүрлі және дәстүрлі емес іс-шаралар ұйымдастыру бойынша білікті менеджерлердің қажеттілі туралы қорытындыға алып келеді.

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ІС-ШАРАЛАРДЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

Осы талқылауды жүргізуді ыңғайлы ету үшін, әрбір дәстүрлі іс-шара демалыс үшін өткізілетін немесе туризмді ілгерілету үшін жарыс мақсаттары және/немесе элементтері бар спорттық іс-шара деп қарайық . Дәстүрлі іс-шаралар екі басты сипаттаманы көрсетеді. Бірінші сипаттама, бұл басқару органы. Екінші сипаттама, уақыт сынынан өткен танымал және спортттық әс-әрекет болып табылатындығын білдіреді.

БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ БАР ДӘСТҮРЛІ ІС-ШАРА

Дәстүрлі іс-шаралардың, іс-шараларға рұқсат беретін, іс-шараны дайындау барысында ұстануы тиіс стандартты ережелер мен нормаларды белгілейтін және олардың сақталуын қамтамасыз ететін басқару органы бар. Бұл басқару органы іс-шараны басқаратын ұйым, ассоциация немесе федерация ретінде құрылуы мүмкін. Оның ережелері мен нормаларын, жарыстарға арналған алаңдар, қатысушылар саны, олардың нысандар ы және қатысу үшін қолайлы іс-әрекеттері сияқты элементтерді көрсет еді.

Басқару органы түрлі нарықтарда, үлкен және ауқымды іс-шараларда жұмыс істей алады. Мысал ретінде әртүрлі елдерде өткізілетін дәстүрлі іс-шараларға арналған басқару органдарын қарауға болады, атап айтқанда: Австралиядағы нетбол, Канададағы лакросс, Арктикадаға күрес және жоғарғы дәрежедегі аяқпен соғу жарыстары, Ирландиядағы керлинг және Гэль футболы, Құрама Шаттардағы родео және хай-алай және Жапониядағы сумо күресі. Қосымша мысалдарға, бірнеше ел және туристік нарықтар қатысатын дәстүрлі іс-

шараларға арналған басқару органдары кіреді, атап айтқанда: Олимпиядалық ойындар, Жасөспірімдер Олимпиядалық Ойындары және Паралимпиядалық Ойындар, Арктикалық Ойындар, Азия Ойындары, Достастық Ойындары, Халықаралық Балалар Ойындары, Тау тұрғындарның Ойындары және Жерорта теңізі Ойындары.

ДӘСТҮРЛІ ІС-ШАРА – ТАНЫМАЛ ЖӘНЕ УАҚЫТПЕН СЫНАЛҒАН СПОРТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ

Дәстүрлі іс-шараның екінші сипаттамасы танымал және уақытпен сыналған спорт болып табылатын іс-әрекетті пайдалануды қамтиды. Тапсырмалар қажеттілік болғанда негізге алған , дәстүрлі іс-шарадағы ережелер мен нормаларға сәйкес құрылуы мүмкін, мысалы: қайсыбір мәдениеттің немесе елдің талаптары, халық қатысушысының жасына қарай немесе жаңа технологиялардың болуына қарай икемделуі әбден мүмкін болады . Дәстүрлі іс-шара уақыт өте келе толықтырылуы немесе түрлендірілуі мүмкін; Дегенмен, түрлендіру мүлдем жаңа іс-шараның пайда болуына алып келмейді. Өзгертулер шектеулі. Ережелер мен нормаларды қолдану кезінде әмбебаптылық орын алған . Іс-шара ұрпақтан ұрпаққа өзгермеген қалпында қайталанып беріліп отырады . Іс-шара ережелер мен нормаларды, оның ішінде бірізді, көне , қадірлі және танымал іс-шараның дәстүрін, салты мен тәртібін сақтауды тәжірибеде қолданып келеді . Іс-шараның бағыты көңіл көтеру әрекетінен жоғары деңгейдегі жарыс және/немесе туристік іс-шараға дейін өзгерген жағдайдың өзінде, дәстүрлі іс-шаралардың жалпы ережелері сақталады.

Әлемнің көптеген жерінде футбол және Солтүстік Америкада соккер деп аталатын ойын дәстүрлі іс-шараның үлгісі болып табылады. Осы спорттық іс-шараны үлкен элиталы жарыстан бастап, қолдан жасалған доп пен қолдан жасалған алаң қолданылатын жергілікті көңіл көтеру түрінде әртүрлі деңгейде өткізуге болады, оның нәтижесінде ойыншылар дәстүрлі іс-шаралардың сипаттамаларына еліктейді. Кез-келген деңгейде ережелер мен нормаларды бірізді пайдалану іс-шараны уақыт сынынан өткен және танымал футбол/соккер ойынына айналдырады. Егер бір ойынды, спорттық командалардың лигасы немесе ассоциациясы ойнаған жағдайда, футболға/соккерге арналған ережелер мен нормалар ойын алаңы, ойыншылар саны, олардың формалары және әрбір ойыншының мінез-құлқы элементтерін басқаратын органдармен стандартталған.

Бірнеше органдар футболды/соккерді барлық өңірлік , облыстық немесе мемлекеттік, ұлттық және халықаралық деңгейлерде әлем бойынша басқарады. Кейбір органдар ережелерді жарыстардағы жас шектеулерін қалыптастыру сияқты өздерінің нақты мақсаттарына бейімдейді. Дегенмен, іс-шараның өзі

бүкіл дүниежүзі ойнайтын футболға/соккерге ұқсас.

Жалпы алғанда, дәстүрлі спорттық іс-шара басқару органымен реттеледі және ол танымал және уақытпен сыналған спорттық іс-әрекетті қамтиды. Кіші немесе үлкен ауқымдағы болмасын, әрбір дәстүрлі іс-шараны өткізу іс-шара ұйымдастыру менеджерін қажет етеді. Іс-шаралар ұйымдастыру жөніндегі менеджерлеріне деген сұраныс, алайда тоқтатылар емес, себебі іс-шараларды ұйымдастыруды әлемдік басқару дәстүрлі емес іс-шараларды енгізу үшін дәстүрлі іс-шаралар шеңберінен шығып отыр.

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дәстүрлі іс-шарадан айырмашылығы, жаңа бағыттарды белгілей және іс-шаралардың мүмкіндіктерін ұсына отырып, дәстүрлі емес іс-шараны кез-келген қалаған адам дайындап, өткізе алады. Әрбір дәстүрлі емес іс-шара, іс-шараға өзгертулер мен жаңартулар енгізетін немесе іс-шараның мүлдем жаңа түрін құратын инновацияның арқасында қалыптасады. Көптеген дәстүрлі емес іс-шаралар, бұл – прогрессивті аралас іс-шаралар болып табылады, олар әдетте, дәстүрлі іс-шаралардың бастауынан түрткі алады. Бұл дәстүрлі емес іс-шаралар, дәстүрлі іс-шараларға, іс-шаралардың «кейінгі ұрпағын» жасап шығару үшін, өзгертулер немесе жаңартулар енгізу жолымен жасалынуы мүмкін дегенді білдіреді. Дәстүрлі емес іс-шараның бұл түрі дәстүрлі іс-шаралар алаңын, мысалы: регбиге немесе волейболға арналған алаң немесе лакросс шлемі немесе регби добы сияқты дәстүрлі керек-жарақтар, немесе баскетбол сияқты дәстүрлі іс-шарадан алынған ережелер мен нормаларды пайдалана алады . Әрбір дәстүрлі емес іс-шараның, пайдаланылуы мүмкін немесе формаға бірігуі мүмкін дәстүрлі компоненттер санына қатысты ешқандай талаптары жоқ. Дегенмен, дәстүрлі емес іс-шара дәстүрлі спорттық іс-шарада танымал элементтерді көрсете алады.

Дәстүрлі емес іс-шаралардың үш басты ерекшеліктері бар. Біріншісі, іс-шара спорттың, демалыстың немесе туристік аудиторияның белгілі бір түріне арнап құрылады және бейімделеді. Екінші ерекшелігі, байырғы ережелер мен нормаларды белгілейтін дәстүрлі басқару органы болмауы тиіс, дегенмен, ұйымдастырып отырған орган болуы мүмкін, бұл ережелер мен нормаларға сәйкестікті қамтамасыз ете алады. Үшінші ерекшелігі, іс-шара танымал дәстүрлі бола алатын немесе өз нысанында дәстүрлі емес бола алады іс-шараларды көрсете алады.

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ІС-ШАРА БЕЛГІЛІ БІР АУДИТОРИЯҒА АРНАП ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ НЕМЕСЕ БЕЙІМДЕЛЕДІ

Дәстүрлі емес іс-шара тұрақты түрде бегілі бір аудиторияға бейімделуі мүмкін. Іс-шара инновациялық жобаларды немесе қатысушылар мен туристердің

немесе көрермендердің өзгеріп отыратын қажеттілігін қаралу үшін кез-келген уақытта жасалына алады. Бейімделулер іс-шараның кез-келген бөлек элементіне қолданылуы мүмкін, немесе барлық іс-шара кез-келген уақытта өткізілуі мүмкін. Дәстүрлі емес іс-шаралар дәстүрлі немесе дәстүрлі емес іс-шараларды құрайтын немесе іс-әрекеттер түрлерін пайдаланатын, іс-шаралар өткізу еркіндігін қамтиды. Іс-шараның бұл түрі, осылайша, кез-келген уақытта белгілі бір аудиторияға арналған басқа ұрпаққа бейімделуі мүмкін. Бағыттылығына қарамастан – бөлек іс-шара, іс-шаралар реті немесе жергілікті, өңірлік, ұлттық немесе халықаралық деңгейдегі лигалар – дәстүрлі емес іс-шараға қатысты кез-келген уақытта, аудиторияның қажеттелігіне қарай, толық ауқымды өзгертулер енгізуге мүмкіншілік алады.

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ІС-ШАРАНЫҢ ДӘСТҮРЛІ БАСҚАРУ ОРГАНЫ ЖОҚ

Дәстүрлі емес іс-шараның белгілі бір аудиторияға жылдам бейімделе ал у себептерінің бірі, бұл - ұзақ уақыт бойы дайындалған ережелер мен нормаларды белгілейтін дәстүрлі басқару органының болмауы. Белгіленген ережелер мен нормалар, күтілгендей, дәстүрлі болмайды немесе ұрпақтан ұрпаққа немесе оқиғадан оқиғаға берілмейді – олар мүлдем жаңа болуы мүмкін! Мәдениеттердің әсер етуінен, жаңа технологиялар жабдықтарын енгізу талпынысы, іс-шаралар ұйымдастыруды басқарудағы белгілі бір жас ерекшелігінің немесе қабеліттер түрінің, немесе шығармашылық данышпанның талаптарын қанағаттандыру қажеттілігі себебінен ережелер мен нормалардың бейімделуіне әрқашан мүмкіндік бар.

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ІС-ШАРА СТАНДАРТҚА САЙ КЕЛМЕЙТІН ТҮРДЕ БОЛУЫ МҮМКІН

Дәстүрлі емес іс-шаралар барлық дүниежүзінде пайда болып келеді және әрқайсысы дәстүрлі емес формада. Мысалы, Құрама Штаттарда, баскетболды дәстүрлі баскетбол алаңында емес трамплиндер сериясында ойнайды. Канадада, дәстүрлі емес іс-шара қар кешу жарысын қыс мезгілінде жарысатын қардың орнына, шөпте жарыса отырып, жаз айларына дейін созған. Канада, сонымен қатар, әрбір қатысушы үшін, айыпқа тартылған кезде суықта болу қажеттілігін болдырмау мақсатында, әрбір пенальти үшін голды нақтылау бейімделген ережелерімен, хоккей ойыны бойынша Дүниежүзілік Ашық чемпионат өткізеді. Барлық дүниежүзінде, шаңғы және сноубординг бойынша дәстүрлі емесе іс-шаралар дәстүрлі қарлы тауларда емес, құм төбешіктерінде өткізіледі.

Футбол/Соккер бойынша іс-шаралар үшеуге-үшеу форматында, ойындар шөптің орнынан құмда өткізіледі. Крикет ойыны бойынша іс-шаралар

бейімделген ережелерге сәйкес Батыс Үндістанда, Англияда, Жаңа Зеландияда және Онтүстік Африкада өткізілген. Жарыстард а өз қабілеттерін сынап көру бойынша іс-шаралар, олар: гольфтегі лонгбол, бірінші соғудан шұңқырға дәл түсу, бейсболдағы нысананы дәлдеу, хоккей ойынындағы мұздағы соғулар, коньки тебу жарыстары және американдық футболдағы қолмен лақтыру және аяқпен тебу ойындары пайда болды. Сонымен бірге, дәстүрлі емес шытырман жарыстар сапарларды, атпен серуендеу немесе тауға шығуды қамтиды. Дәстүрлі емес іс-шаралар сонымен қатар бірнеше түрде болуы мүмкін, айта кеткенде, инновациялық фестиваль, конференция, БАҚ арналған іс-шара, зияпат, дағдылар және/немесе біліктер жарысы және/немесе қамқорлық іс-шаралары. Инновациялық жобаларды пайдалану спорт , демалыс, көңіл көтеру және туризм іс-шаралары саласында жаңа тауаша қалыптастыруы мүмкін.

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ІС-ШАРА ДӘСТҮРЛІ ІС-ШАРАҒА ӨТУІ МҮМКІН

Дәстүрлі емес іс-шаралар дәстүрлі іс-шаралар саласында дами алады. Триатлон дәстүрлі емес спорттың үлгіс і болып табылады ақырында дәстүрлі деп танылған. Бұл үшсайыс спорттық іс-шарада жүзу, велосипедпен жарысу және жүгіру қамтылған. Дәстүрлі спорт түрлерін үйлестіру дәстүрлі емес іс-шараларды тудырады , ол жергілікті феноменнен халықаралыққа дейін өсті. Құрама Штаттарындағы Гаваяда өткізілген Ironman триатлоны да, триатлонның бір үлгісі бола алады, ол жетістікті туристік іс-шара болып табылады. Уақыт өте келе, триатлонда келісілген тәртіп бойынша енгізілген нормалар мен ережелер қалыптасты. Ең соңында , іс-шара Жазғы Олимпиада Ойындарында ұсынылатын спорт түрлерінің қатарына қабылданды. Бұл қабылдау, қатысушылардың стандартталған ережелер мен нормаларға сәйкес өткізілген іс-шаралар қатарынан таңдап алынғандығын білдіреді. Сонымен бірге, триатлон жергілікті деңгейден бастап халықаралық деңгейге дейінгі әр деңгейде танылад ы. Осы пікірден , триатлон дәстүрлі іс-шаралар қатарына енді.

Триатлонның кейбір түрлері дәстүрлі іс-шаралар қатарына енгендігіне қарамастан, триатлон дәстүрлі емес іс-шара ретінде дамуын жалғастырып келеді. Триатлон бойынша іс-шаралар салас ы, ұйымдастырушылармен іс-шараның көпсалалы іс-әрекетін дамытуды жалғастыру мақсатында ойластырылған болатын. Бұл суда жүзу және велосипедпен жарысу сияқты екі спорттық іс-шараны қолдану бейімін, немесе үш мүшеден тұратын команданың әрқайсысы спорттың бір түріне қатысуы үшін, жарыстарда үш мүшенің қатысуын бейімдеуді қамтиды. Триатлондағы осындай бейімделуді тұрақты пайдалану іс-шараны дәстүрлі емес іс-шаралар саласында сақтап келеді; дегенмен, дәстүрлі және дәстүрлі емес іс-шаралар үшін бір мезгілде өткізілуі мүмкін болады.

Дәстүрлі емес іс-шаралар ретінде пайда болған және дәстүрлі іс-шаралар дәрежесіне дейін жетіліп өзгерген іс-шаралардың басқа да мысалдарын, шаңғы тебу немесе сноуборд сияқты спорт түрлерінен табуға болады. Дәстүрлі емесе іс-шаралар жарыстар, хаф-пайп, ски-кросс және шаңғымен билеу үшін алпауыттар сияқты болды - және, сол кезде осы іс-шаралар дәстүрлі іс-шараларға ауыстырыл ды. Волейбол, жағажай волейболында белгілі бір элементтерін қалдырған, бүгінгі кезде дәстүрлі іс-шара болып отырғаны тағы бір дәстүрлі іс-шараның үлгісі болып табылады. Бүгінгі таңда, белгілі түп тамырлары бар барлық осы іс-шаралар негізгі дәстүрлі іс-шараларға енгізілді, атап айтқанда: Олимпиадалық Ойындар және дәстүрлі ережелер мен нормалары стандартталды .

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ІС-ШАРАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ

Дәсүрлі емес іс-шаралар пайда болуын жалғастыруда, әр і олар болашақта дәстүрлі іс-шаралар саласына өте алауы немесе өте алмауы мүмкін. Алайда осыған қарамастан, спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар спектрі жыл сайын кеңейіп келеді. Іс-шаралар ұйымдастыру менеджерлеріне дүниежүзі бойынша осы ұсақ және ірі дәстүрлі емес іс-шараларды ұйымдастыруы қажет.

Сіздің аймағыңызда пайда болып жатқан дәстүрлі емес іс-шараларды зерттеп көріңіз . Бұдан әрі, дәстүрлі іс-шаралардың пайда болуы үшін жергілікті дәстүрлі іс-шараларға енгізілуі мүмкін нұсқаларды және инновацияларды қарастырайық. Бұл іс-шара жаңа іс-шара құру үшін жаппай инновация болмауы тиіс. Ол өзіне негізгі, қарапайым құралдарды қамтуы мүмкін. Кім әрбір дәстүрлі емес іс-шара дайындағанын және осындай іс-шараны өткізуге батылы барғандарын есте сақтаңыз. Іс-шаралар ұйымдастыру менеджерлерінің көпшілігі өз мансаптарын осындай жолмен құрған . Сіз келешекте іске асырылуы мүмкін, дәстүрлі емес іс-шаралар ұйымдастыра аласыз ба? Егер иә десеңіз , онда сіз өзіңіздің туған қалаңызда дәстүрлі спорт түрлеріне жаңалық енгізу үшін не істер едіңіз? Неліктен дәстүрлі емес іс-шаралар, болашақта іс-шаралар саласын кеңейте түсуді жалғастыратынын жақсы жете түсіну үшін келесі бөлімді оқыңыз.

НЕ СЕБЕПТЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ІС-ШАРАЛАР ПАЙДА БОЛУДА?

Бұл оқу құралы, дәстүрлі емес іс-шараларды зерттеудегі және іс-жүзіндегі біздің қажеттіліктеріміздің артуынан өз бастауын алатындығын болжайды. Галлагер бойынша (2012), біз ойша өзгерістерді іздеп тұрамыз, себебі табиғат адамдарды осылайша жаратқан. Бізге эволюциялық өзгерістер кезеңінде біздің тірі қалу мүмкіндігімізді жақсарту үшін қажетті дағдыларды дамыту үшін бізге өзгреу немесе жетіле түсуіміз қажет. Йенсеннің (1999) мәлімдеуі бой-

ынша, «өзгерістерге көбірек бейімделу» жеке тұлғаға немесе топқа байланысты болады (16-бет). Осылайша біз, өмі ріміздегі құрауыш элементтерді, өзгерісті тәжірибеден өткізу үшін мүмкіншілік алу циклі ретінде бейімдейміз (Gallagher, 2012).

Қазіргі заманғы өзгерістердің біздің ағымдағы кезеңі индустриядан кейінгі дәуір деп сипатталған (Бэлл, 1973; Зубов, 1988). Индустриядан кейінгі өзгерістердің қазіргі заманғы қоғамға әсері қиыншылық және болжап болмайтын жағдайды туындатты (Чу және Бонтис, 2002). Гомер-Диксон (2001) бойынша, қазіргі заманғы өзгерістер, қазіргі заманғы қоғамның барлық аспектілеріне әсер етеді. Бұл әсер ету, өзгерістерге бейімделу үшін, белсенділік процесін және үздіксіз үйренуді талап етеді (Хиршхорн, 1984; Спрул және Кислер, 1991). Өзгеріс тер проблемаларына, жаңа енгізулерге бейімделу үшін ойлану қажет болады .

Өзгерістерге бейімделуді зерттеу барысында, жаңа тұжырымдама Лимерик, Каннингтон және Кроутер (1998) «ұжымдық дарашылдық» деп атағанды (103-бет) анықтады. Бұл түсінік өзіне «жалпы мәдениетпен, жалпы әлемді елестетін және құндылықтармен байланысқан» жауапты тұлғалардың тобын немесе ұжымын қамтиды (128-бет). Ұжымның бұл жаңа түрі ойлануға ынталандырады, ол «дарашылықты, ынтымақтастықты және инновацияны қамтуы» тиіс (22-бет). Осы элементтердің әрқайсысы бір мезгілде бірігуі тиіс және ұжымның ішіндегі барлық мүшелерінің жеке пікір айтуға құқылы. Осы тұлғалар, өздерінің жеке пікірлерін ұстанғандарына және дамытқандарына қарай, оларға біздің қазіргі заманғы ортамызда басқару үшін инновацияны дайындау мақсатында ынтымақтасу ұсынылады.

Дәстүрлі емес іс-шараларға ұжымдық дарашылық тұжырымдамасын қолдану, адамдар үшін инновация сарынында ынтымақтасу мақсатында ойлану образының, жеке амал және ілгерілету негізінде өзгерістерді талап етеді. Ең төменгі деңгейде, ұжымдық дарашылық бар, себебі топтар дәстүрлі емес іс-шараларды құру үшін инновациялық әзірлемелерді пайдаланады. Бір-бірімен мәдени оқиғалардан тұратын ортақтаса отырып, мағыналы және құндылықтарымен байланысқан топтар, дәстүрлі емес іс-шараларды құру үшін мағына мен құндылықтарды қалыптасыруғ а, бөлісуге және жетілдіруге қабілетті. Бұл дәстүрлі емес іс-шараларды эксперименттік жобалар ретінде сипаттауға болады.

Кобб, Конфри, ди Сесса, Лерер және Шойбле (2003) эксперименттік жобаларды «инновацияға арналған сынақ материалдары» деп сипаттайды (10-бет). Кобб және оның зерттеушілер тобы, эксперименттік жобалардың дамудың бүтіндей бір циклін аяқтауға мүмкіндік беретіндігін және іс-шараға тұрақты өзгертулер енгізуге мүмкіндік беретіндіктерін көрсетеді. Сынақ материалы деген түсінік барлық инновациялардың табысты болмауы мүмкін деген болжамды білдіреді.

Дегенмен, сынақ материалы тұжырымдамасы, дәстүрлі емес іс-шараларды жобалау мүмкіндіктерінің жеткілікті түрде бар екендігін болжайды. Дәстүрлі емес іс-шаралардың эксперименттері зерттей алады және дәстүрлі емес іс-шаралар құратын жаңа түсініктер мен инновацияларды ұсынатын жобаларды және қызметтерді бейнелейді. Спорт, демалыс және туризм саласын басқаруда, эксперименттік жобалар серпінді және шығармашылық дәстүрлі емес іс-шаралардың жаңа мүмкіндіктерін туғызады .

ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГ І БІЛІКТІ МЕНЕДЖЕРЛЕРДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Спорт, демалыс және туризм индустриясы 1960 жылдардан бастап таңқаларлық өсуге тап болды. Артып келе жатқан дәстүрлі және дәстүрлі емес іс-шаралардың үйлесуі спорт, демалыс және туризм саласындағы іс-шаралар бейнесін өзгертті, нәтижесінде әрбір іс-шара іс-шаралар ұйымдастыру жөніндегі бір немесе бірнеше менеджерлерді қажет ететін болды.

Дүниежүзінде жыл сайын талап етілуі мүмкін іс-шаралар ұйымдастыру менеджерлерінің әлеуетті санын қарастырайық. Іс-шаралар ұйымдастыру менеджерлері жергілікті көңіл көтеру және жарыс іс-шаралары үшін қажет, олар өңірлік , облыстық / мемлекеттік, ұлттық және халықаралық іс-шараларға таратылады, соның ішінде әртүрлі жас ерекшеліктегі топтар мен қабілеттер үшін лигалар, бағдарлар немесе экскурсиялар. Сонымен бірге, бұл дәстүрлі іс-шаралар спорт түрлерінің, садақпен оқ атудан бастап яхтамен серуендеуге дейінгі кең спектрін қамти алады. Дәстүрлі емес іс-шаралардың саны, фестивальдар, зияпаттар және шоуға бағытталған туризм түрінде жыл сайын өсіп келеді. Осы санға спорттық және көңіл көтеру іс-шараларын қосыңыз, олар келесі ұрпаққа арналған іс-шаралар өткізу үшін өзгеруінің немесе жаңаруының салдарынан, іс-шаралар ұйымдастыру менеджерлерінің санының артуына байланысты бір мезетте арта түсуін талап етеді.

Жыл сайын өткізілетін іс-шаралардың нақты саны – беймәлім. Спорт, демалыс және туризм түрлері шарттарының күрделігіне қарай есептеу жүргізу қиын. Дегенмен, жалпы бағалау бойынша, миллиондаған дәстүрлі және дәстүрлі емес іс-шаралар жыл сайын бүкіл дүниежүзі бойынша өткізіліп келеді. Білікті және білімді менеджерлер үлкен сұранысқа ие екендігі жалпыға мәлім – яғни, бұл оқу құралына мұқтаждық бар деген сөз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Спорт, демалыс және туризм саласындағы, дәстүрлі және дәстүрлі емес іс-шаралардың санының арта түсуі , іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласындағы білім мен тәжірибесі бар мамандарға сұраныстың артуына алып

келеді. Іс-шаралар ұйымдастыру бойынша қазіргі заманғы менеджерлерге, алдын-ала белгіленген тізімді пайдалана отырып, алға даму үшін дағдылар қалыптастыру қажет, олар алдыңғы іс-шараларды өткізу үшін әрекеттердің қайталануын талап етеді. Қазіргі заманғы менеджерлер, дәстүрлі және дәстүрлі емес іс-шаралар өткізуге, өз бетінше талаптар қоя білуге және ойластыра алуға бейімді болулары тиіс. Бұл шарттар білімінің және іс-шаралар ұйымдастырудағы жұмыс өтілінің болуын талап етеді.

Одан әрі біз 2-тарауға өтеміз, мұнда білім және білімді беру түсініктері талқыланады. Сонымен қатар, спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар ұйымдастыру жөніндегі менеджерлер үшін құрастырылған білімнің анықтамасы беріледі. 2-тараудың мақсаты іс-шаралар ұйымдастыру менеджерлерін іс-шаралар индустриясында пайдалану үшін, оларды білім алуға деген ынтала рына бағыттау болып табылады.

ТАРАУ БОЙЫНША СҰРАҚТАР

1. Дәстүрлі іс-шаралардың екі басты ерекшелігі қандай?
2. Үш дәстүрлі іс-шараларды атап көрсетіңіз, неге олар дәстүрлі іс-шаралар деп беріледі.
3. Дәстүрлі емес іс-шараның ерекшеліктері қандай?
4. Сіздің аймағыңызда орын алған үш дәстүрлі емес іс-шараны сипаттап беріңіз және дәстүрлі емес іс-шараны қалыптастыратын ерекшеліктерді түсіндіріп беріңіз.
5. Іс-шара дәстүрлі еместен дәстүрліге өте алады ма? Егер жоқ болса, неге жоқ? Егер бұл мүмкін болса, өтуді жүзеге асыру үшін қандай өзгерістер қажет?
6. Дәстүрлі емес іс-шаралардың саны бүгінгі уақытта не себептен артып келеді?
7. Іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласы үшін дәстүрлі және дәстүрлі емес іс-шаралардың екі есе өсуі дегеніміз нені білдіреді?

2-ТАРАУ

ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ БАСҚАРУДАҒЫ БІЛІМ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

ЧЕРИЛ МАЛЛЕН

Бұл тарауда білім тұжырымдамасы және әсіресе, іс-шара ұйымдастыруды басқару саласында жалпы және дамыту білімін құрайтын элементтер қаралады . Қосымша ретінде, іс-шараны ұйымдастыруды басқару үшін білімнің бірегей түсінігі қаралған және ұсыныстар іс-шаралар туралы білімді қалай алу керек дегенге қатысты ұсынылады. Сонымен бірге, бұл тарау, біздің барлығымыз «білім беру бойынша сайысқа» қатысып отырғандығымызды көрсетеді (Инглиш және Бейкер, 2006), әрі осы сайыстың өзектілігі, оның іс-шаралар индустриясына әсер етуші ретінде талқыланады. Осы тарау шеңберіндегі негізгі мәселе, былайша тұжырымдалады: егер сіз білім туралы өз түсінігіңізді тұжырымдай алмасаңыз, онда сіз іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласында құнды мүше болу үшін қалай білім ала аласыз? Немесе, спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруға қатысты сізге қандай білім түрлерін білуге тиіс екендігін қалай біле аласыз?

Осы тараудың басында, білім терминін білуге қатысты ақпарат және деректер, кейбір контекстерде өзара алмастырылатындай пайдаланылғанын ескере кеткен жөн. Дегенмен, аталмыш оқу құралында, Бойсоттың пікірі бойынша (2002), нәтижесінде сіз «әлемде қалыптасқан деректер туралы және өкілдерден алынған білім туралы [ойда], ақпаратпен, өзіңізге олардың арасындағы делдалдық рөлін қабылдай отырып ойлайсыз» (67-бет) деген пікір қалыптасады. Осы көзқарастан, білім және деректер, ақпарат және мәліметтер үш бөлек дара құрылым ретінде саналады.

БІЛІМ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Сонау 1973 жылы, Белл білімді біздің дамушы қоғамдағы «орталық» құрастырушысын екенін атап көрсеткен. Соңғы бірнеше онжылдықта, білімнің құндылығы жылдам өсіп келетіндігін жалғастыруда. Білім құндылығының аспанға шарықтауының бірден бір себебі, білім өнімділікке септігін тигізетін ресурс ретінде танылуы (Грант, 1996) болып табылады. Осылайша, соңында еңбектің өнімділігі, жеке алғанда, іс-шара ұйымдастыруды басқарудағы табыс, сіз алатын, құрайтын, алмасатын және қолданатын білімге байланысты болып табылады.

БІЛІМНІҢ АНЫҚТАМАСЫ

Сіз қазіргі уақытта білімге қандай анықтама бересіз? Қазір таңда білім туралы анықтаманы ойлаңыз да өз жауабыңызды жазыңыз. Өзіңіздің білім туралы анықтамаңызға қараңыз және білімнің негізгі аспектілерін, ерекшеліктері мен сипаттамаларын тізіп көрсеткендігіңізге көз жеткізіңіз, содан кейін осы аспектілердің спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруға қатысты қалай қолданылып келе жатқанына ой жүгіртіңіз (2.1-сурет).

Бұл күрделі тапсырма. Зерттеушілер ондаған жылдар бойы білім түсінігіне анықтама беруге тырысып келді. Сіз қабылдай алатын, білімнің бірде-бір анықтамасы әдебиетте жоқ; тұжырымдамаға қол жеткізу мүмкін болмады. Білімге анықтама беруде бәтуаластыққа қол жеткізу жолындағы қиындықтар, білімнің материалдық емес сипаттамасынан бастау алады және барлық мақсаттарға арнап бір анықтаманы қолдану мүмкін емес екендігі бұл шындық (Эдвинсон & Малоне, 1997). Зерттеушілер білімнің анықтамасына келгенде келісімге келе алмай отырғандықтарына қарамастан, білімнің контекстік түсінігін артикуляцияламауға ешқандай негіз жоқ. Бұл, зерттеушілердің өз білімін белгілейтін материалдық құраушыларды ұсынатындықтан және спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруға қатысты қолданыла алады. Мен енді осындай анықтамалардың, олардың білімнің екі санатына қалай жатқызылуларының кейбіреуін қарастырғым келіп отыр, мен оларды жалпы білім және жаңа білім алу деп атаймын.

1. Сіз қазіргі таңда білімге қандай анықтама беретіндігіңізді жазыңыз.

2. Сіздің анықтамаңыздағы білімнің кем дегенде үш басты аспектісін, ерекшеліктерін немесе сипаттамаларын атап өтіңіз.

3. Өзіңіздің білімге берген анықтамаңызды спорт, демалыс және туризм саласындағы іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласының біріне қолданыңыз.

4. Өз анықтамаңызды қараңыз және келесі сұрақ бойынша ойланып көріңіз: Егер сіздің іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласында біліміңіз болса, онда бұл сіздің біліміңіз бар дегенді білдіреді ме?

2.1-сурет. Іс-шаралар ұйымдастыруды басқарудағы білімнің анықтамасы

ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ЖАЛПЫ БІЛІМ

Жалпы білім, «өседі – пайда болады - ... өзара әрекеттесу» ретінде алынатын жалпы түсініктерді қамтиды (Спендер, 2002, 160-бет). Бұл сіздің жалпы біліміңіздің дамуы, сіздің іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруға қатысты алынатын өзара әрекеттесуге байланысты дегенді білдіреді. Білімнің бұл түріне өзара әрекеттесу есебінен қол жеткізіледі – соның ішінде іс-шаралар ұйымдастыру бойынша сабақтар алу, еңбектерді оқу, осы саладағы экспе-

рименттерге қатысу және іс-шаралар ұйымдастыру барысында адамдармен тілдесу сияқты өзара әрекеттесулер. Сыныптағы нұсқаушылар және осы саладағы тұлғалар сіздің жалпы біліміңіздің дамуын сипаттайды, оқыта және септігін тигізе алады. Әрбір өзара әрекеттесу, іс-шаралар ұйымдастыруды басқару біліміне қатысты контексімен байланыстыруға, нұсқаларды ұсынуға және түсіндіруге көмектеседі.

Жалпы білім анық көрсетілген болып табылады және сіздің қатысуыңызға қажетті негізді қамтамасыз етеді, соның ішінде сіз қабылдайтын шешімдер үшін. Жалпы білім бұл «барлық қалғандарға арналған платформа. Ол тереңде жатыр және осындай ой-пікірлерді туындататын білімнің барлық басқа түрлерін, ойларын және әрекеттерін байланыстыратын – осындай ой-пікірлердің қайнар көздері» (Спендер, 2002, 157-158 беттер). Сіздің жалпы біліміңіз қаншалықты әрқилы болса, сіз соншалықты іс-шаралар ұйымдастыруды басқарудағы негізін қалаушы білім қорын әзірлеуге қатысасыз. Бұл білім қоры жаңа білімдің мағынасын талқылауға пайдаланылады және өзінің қазіргі білімін жаңа білімге біріктіруін жеңілдетеді. Жалпы білім бірнеше тәсілдермен анықталады. Ендігі ретте біз, оқиғаларды басқару функциясына қатысты қолдануға келетін жалпы білім шеңберінде бірнеше өлшемін белгілеп көрсету үшін, жалпы білім анықтамасын қарастырамыз.

ЖАЛПЫ БІЛІМ ЖҮЙЕЛІ БІЛІМГЕ ИЕ БОЛУ ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ

Жалпы білім анықтамаларының ішіндегі біреуі өзіне жүйелі білімді қамтиды. Бұл білім түрі жалпы ұйымдастырудың және оның әдіснамалық жүйесінің, технологиялық жүйесінің және жалпы процестердің жалпы түсінігін білдіреді. Білімнің бұл түрі жалпы рәсімдердің, сызбалар мен әдістердің түсініктерін, сонымен қатар ұйымдастыру бойынша нұсқаулықтардың мазмұнын және материалдар жиынтығын қамтуға таратылады (Нонака, Тояма және Конно, 2000). Жүйелі білім шеңберінде сипатталатын әрбір аспект, спорттық, көңіл көтеру және туристік іс-шаралар өткізуді талап ететін білімге қатысты қолданыла алады. Бір ұйымдастырудың түсінігі, адамның іс-шаралардың ұйымдастырудың барлығы туралы толық ұғымын білдірмейді. Жүйелі білім әртүрлі ұйымдастырулар үшін өзгеруі мүмкін және осылайша, жүйелі білім іс-шаралар ұйымдастырудың кең шеңберінде бірнеше ұйымдастыру білімін алуды қамти алады.

ЖАЛПЫ БІЛІМ АДАМНЫҢ НЕМЕН ШҰҒЫЛДАНЫП ЖҮРГЕНДІГІН ТҮСІНУІН БІЛДІРЕДІ

Блэкер бойынша (1995) басқа түсінік, адамның күнделікті өмірде немен шұғылданатыны туралы жалпы білімін білдіреді. Бұл, жалпы білім аспектілері адам ресурстары құрылымының жалпы түсінігін және іс-шаралар ұйымдастыруды басқарудағы адамдармен атқарылатын көптеген лауазымдық функцияларды қамтиды.

Бұл функциялар өзіне іс-шаралар ұйымдастыру менеджерін және төменде келтірілген бірнеше іс-шаралар актілерінің менеджерлерін қамтиды, атап айтқанда: орналастыру менеджері, аккредитациялау менеджері, салтанаттар жөніндегі менеджер (салтанаттарға ашылу, жабылу және марапаттау салтанаттары жатады), допинг-бақылау менеджері, тамақтану және мейрамханалар қызметі жөніндегі менеджер, хаттамалар, әлеуметпен байланыс, көлікпен, өткізу орнымен және қоймамен байланыс менеджерлері жатады. Сонымен бірге, менеджменттің осындай функцияларының көпшілігі персоналдармен және /немесе еріктілермен қамтамасыз етіледі және осы білім адамдардың әрбір осындай лауазымдық атқарымдарда немен шұғылданатынына қатысты түсінік береді. Осы білімге, сондай-ақ, үйлестірушінің тарапынан осы функциялардың әрқайсысының шеңберінде адам белгілі бір әрекеттерді орындай алуына кепілдік бере алуы туралы түсінігі жатады. Мысалы, біреуі еріктілер бағдарламасының шұғыл түрде жоспарлануын немесе әзірленуін өткізуді үйлестіре алады. Осылайша, адамның немен шұғылданатынын білу, өзіне іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруда көптеген функцияларды қамтиды.

ЖАЛПЫ БІЛІМ – БҰЛ «НОУ-ХАУ»

Жалпы білім Инглиш және Бейкермен (2006) негізгі «ноу-хау» ретінде немесе теориялық білім ретінде және іс-шаралар, процестер мен рәсімдер практикасында теорияны қалай қолдану керектігі туралы түсінікті сипаттайды. Білімнің осы түрі, қазіргі заманғы теорияның басты ерекшеліктерін түсіну қажет екендігін түсіндіреді. Осы теориялардың мысалдары өзіне агенттік қатынастар теориясын, күрделіліктер теориясын, жағдайлар теориясы мен жүйелер теориясын қамтиды. Бұдан басқа, әрбір теорияны қалыптастыратын ерекшеліктерді біле тұра, білім өзіне осы ерекшеліктерді, іс-шаралардың кәсіби практикасында қолданудың жалпы қабілетін қамтиды.

ЖАЛПЫ БІЛІМ МӘДЕНИЕТ, САЯСАТ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІН ҚАМТИДЫ

Гупта және МакДениел (2002) қолдағы бар жалпы білімді мәдениет, саясат және тұлғалар туралы негізгі түсініктерді иелену ретінде сипаттайды. Білімнің аталмыш түрі басқару ортасына қатысу мүмкіндігін, оның ішінде, осыған дейін қабылданған әлеуметтік мәдениетте (мәдениеттерде) өзін-өзі басқару мүмкіндігін талап етеді. Сонымен бірге, өз білімін саяси жағдайларда мойындау, түсіну және пайдалану қажеттілігі бар және осындай саяси маневрлердің әсерін бағалауға қабілетті болу қажет болып табылады. Яғни, білімнің бұл түрі іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруда әртүрлі тұлғаларды, соның ішінде қайсыбір мәдени ассоциацияларды қалай басқару керектігі туралы шешім қабылдау және түсіну қабілетін талап етеді.

ЖАЛПЫ БІЛІМ НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРДІ ҚАМТИДЫ

Нонака, Тояма және Конно (2000) жалпы білімнің тұжырымдамалық түрінде болуы мүмкін екендігін (идеялар ойша құрастырылған және түсінілген) және осы білім түрінің абстрактілі мүмкіншіліктері негізінде алынғандығын көрсетеді. Тұжырымдамалық білім көрсетілетін немесе визуалды идеяларды қамтиды. Мысалы, іс-шараның ашылу және жабылу салтанатының құраушы элементтеріне қатысты бастапқы жобалардың қалыптасуын қамтиды.

ЖАЛПЫ БІЛІМ ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ ПАРАСАТТЫ МАҒЫНАНЫ БІЛДІРЕДІ

Жалпы білім нақты контекске немесе сала үшін айқындауыш ретінде сипатталған (Спендер, 1996). Білімнің бұл түрі тілге қатысты, соның ішінде іс-шаралар саласында қолданылатын жалпы терминдерге қатысты жалпы білім алуды тұспалдайды. Бұл, сонымен бірге тіл туралы жалпы түсінікті және жалпыға бірдей болып табылатын, тілдегі мағына мен сезімді түсінуді білдіреді (Grant, 1996). Сонымен бірге, тиісті уақытта жалпы білімді қалай пайдалана білудің маңызы бар.

ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЖАҢА БІЛІМ АЛУ

Жаңа білім алудың жалпы білімнен айырмашылығы – бұл белгілі бір саладағы жоғары деңгейлі жауапкершілігі жататын , ұзақ мерзімді тәжірибе арқылы алынуы мүмкін эксперименттік терең білім. Бұл тәжірибелер бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз ететін және білім күрделілігінің жоғары деңгейінің құндылығын қамтитын перспективаны және түсінушілікті туды-рады.

Жаңа білімді алу жылдам алғырлықты, түсінушілікті және түйсікті қалыптастырады және шешімдер қабылдау үшін қолданылады (Леонард және Сенсипер, 2002). Дегенмен өзінің табиғатына қарай белгісіз болып келетін білімнің осы түрін игеру қиын (Нонака және Такеучи, 1995).

Ұйғарымды немесе «үнсіз» білім, бұл - дара тұлғаның келешек, ой-пікір және үлгілер туралы ойда ұстауы (Нонака және Такеши, 1995). Мұндай ақыл-ой қабілеттері жеке басының тәжірибесі арқылы дами отырып, он жылдаған уақыт аралығын алуы мүмкін (Винтер, 1987). Бұл білім түрін тұжырымдау және талқылау қиын болғандықтан уақыт қажет. Осындай қиындықтардың салдарынан жаңа білімді алу «мұзтау » түрінде сипатталған (Шор, 1997, 29-бет). Бұл білімнің көп бөлігі жадыда сақталғандығын, бірақ оңай түсіндіру мүмкін емес екендігін білдіреді. Осылайша, өзінің жасырын табиғатының салдарынан, тағы біреуден жаңа білім алу күрделі тапсырма болуы мүмкін, себебі, әдетте білім иеленушісі жазбаша немесе ауызша түрде білдірмейді (Спендер, 1996).

Осы проблеманы толығымен жеңілдете алатын бірде бір шешім табылмаған. Адамның тереңде жатқан, ішкі және жеке білімі болуы мүмкін, алайда олар осындай білімді иеленгендігін түсінбеуі мүмкін. Осылайша, біреуге білім беру процесі бұрынғысынша күрделі болып қала бермек.

Жалпы алғанда, жаңа білім алудың бірнеше анықтамасы бар. Келесі кезекте, біз, іс-шаралар ұйымдастыруды басқару шеңберінде бірнеше аспектілерді бөліп көрсету мақсатында жаңа білім алудың бірқатар анықтамаларын қарастырамыз.

ЖАҢА БІЛІМ АЛУ ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАРДЫ ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТЕ ТҮСІНУДІ ҚАМТИДЫ

Нонак және басқалар (2000) бойынша, жаңа білім алу, іс-шаралар барасында әдістер қарым-қатынасын, соның ішінде іс-шаралардың үздік бірізді тәртібін терең түсіну. Бұл «ноу-хау» жылдар бойы тәжірибеде және эксперименттік мүмкіншіліктерде қолдана отырып қол жеткізілетін күнделікті іс-әректтегі түсінікке қатысты. Жаңа білім алу әдістері туралы білім тиімділігі, тиімді және табысты болудың егжей-тегжейін білуді білдіреді, бұл тәжірибенің арқасында мәлім болды. Бұл анықтама Нельсон мен Винтердің (1982) негізін қалаушы еңбектерінде қолдау тапты, бұл күнделікті әдістер мен тәжірибе туралы жеке түсінік алу жағдайын талдау мен шешімдер қабылдау нәтижесі екендігінің куәсі. Білімнің бұл түрі, тиімділікті және прогресске қол жеткізу үшін әдістер тиімділігін және нәтижесінде іс-шаралар ұйымдастыруды басқару тиімділігін арттыру мақсатында, жаңашыл идеяларды дайындауға алып келуі мүмкін.

ЖАҢА БІЛІМ АЛУ ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША «АЙЛАЛЫ» БІЛІМ АЛУДЫ ҚАМТИДЫ

Айлалы білім жоғары деңгейдегі тұжырымдамалық түсініктерді қамтиды және тәжірибе арқылы алынатын когнитивті қабілеттерді қамтиды (Колинс, 1993). Крог және Грандтың (2002) сөздеріне қарағанда, бұл «білім әлем туралы белгілі бір түсінікті сақтауды білдіреді, осы білім тәжірибе жүзінде және ағымдық бақылау негізінде, сонымен қатар тұжырымдамалық ойлану мен пайымдау негізінде ақталған» (172-бет). Осылайша, айлалы білім түсіне білудің, қажеттіліктің әрекеті мен мағынасына айрықша көңіл бөлетін, белгілі бір жағдайларда ойлана білуді дамытуды талап етеді. Бұл жаңа білім алудың анықтамасы білімді қалыптастыратын уәждемелер ойланудың тұжырымдамалық себептеріне тәжірибе, бақылау және қабілет әсер етеді дегенді меңзейді.

ЖАҢА БІЛІМ АЛУ ТӘЖІРИБЕ ЖҮЗІНДЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША «МӘДЕНИ» БІЛІМДІ ҚАМТИДЫ

«Мәдени» білім, сонымен бірге, өзіне когнитивті қабілеттерді қамтиды, алайда аталмыш жағдайда бұл қабілеттер қайсыбір мәдениетке толықтай қатысуы үшін қажетті шеберліктердің жеке тұлғалық түсініктерінен тұрады (Колинс, 1993). «Мәдени» білім қайсыбір мәдениеттен бастау алады – егер бұл тек белгілі бір уақыт аралығында болған жағдайдың өзінде. Мысалы, Солтүстік Америкалық мәдениетте өмір сүре отырып, азиялық мәдениетке немесе кез-келген Еуропа мәдениетіне «кіруге» болады. Білімнің бұл түрі, белгілі бір мәдениеттің түсінігін, тәжірибесін және әлеуметтік нормаларын терең түсіну процесін талап етеді.

ЖАҢА БІЛІМ АЛУ БҰЛ ЖАҢА БІЛІМ ҚҰРУҒА НЕГІЗ

Көп жылдар бойы біз, жаңа білім біздің ағымдық қабілеттеріміз бен түсініктерімізден бөлек байланыста болмайтындығын түсінетінбіз (Когут және Зандер, 1992). Ең дұрысы, жаңа білім иннновациялар түрінде «қолдағы бар білімді жаңа қолданыста пайдалануды қиыстыру қабілеттерінен» пайда болады (390-бет). Бұл, әдеттегідей, жаңа білім құру – бұл сіздің әлдеқашан білетін біліміңізді осы білімді, жаңа білімнің пайда болуына септігін тигізетін жаңа жай-күйде қолдануды қиыстыру дегенді білдіреді. Жалпы алғанда, жаңа білімнің пайда болу процесі адамнан өзінің қолдағы бар білімін, түрлі қолдануларда немесе жағдайларда синтездеуді талап етеді.

ҚАБІЛЕТТІҢ БІЛІМДІ АНЫҚТАУ МӘНІ

Білімді анықтай алудың мәні, бұл іс-шаралар ұйымдастыруды табысты басқаруға қажетті білімді іздеу және алуды іздестіруде сізді басқара алуы. Жалпы алғанда, іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласында жалпы білім алу іс-шаралардың бірнеше аспектілерін басқару үшін маңызды мәні бар; алайда, бұл жаңа білім алу, біреу пайда болған проблемаларды шешкен жағдайда, немесе стандартқа сай келмейтін жағдайлар пайда болған жағдайда айырмашылықты бере алады. Осылайша, жаңа білім алу жоғары деңгейдегі талқылау мен шешімдер үшін негіз болып табылады.

Ертеректе, осы тарауда сіздерден жаңа түсініктерді жазып алуды сұраған болатынбыз. Енді, кері қайтыңыз да, сіздің бастапқыдағы сипаттама берген білім және білімнің аспектілері мен ерекшеліктері туралы түсінігіңізді қараңыз және оларды жалпы білімнің анықтамалары мен ерекшеліктерімен және осы тарауда сипатталған жаңа білім алу түсінігімен салыстырыңыз. Өз анықтамаңызды қайтадан қарап шығыңыз.

ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ СІЗДІҢ БАҒЫТЫҢЫЗҒА АРНАЛҒАН БІЛІМНІҢ БІРЕГЕЙ АНЫҚТАМАСЫ

Сіздің одан әрі түсінігіңізді жеңілдету үшін, іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласындағы білім үшін арнайы түсінік беріледі. Бұл түсінік жоғарыда ұсынылған, жалпы білімнің және жаңа білім алудың бірнеше анықтамалары мен сипаттарын пайдалану жолымен жинап алынған. Кейінгі білім туралы анықтамалар 2.2-сызбада берілген.

2.2-сызбада берілген білімнің анықтамаларына сүйене отырып, синергизм, немесе жалпы білімнің қосылуы және жаңа білім алу, білімнің жалпы деңгейін құру үшін тек қана өз білімін қосуды ғана емес, одан көп мағынаны қамтиды. Синергизм – тәжірибе жүзінде пайдалану үшін, өзара әрекеттесудің көмегімен қол жеткізілуі мүмкін білім түрінің жекеше қиысуына алып келеді. Мақсаты – осылайша, жеке білімге ие болу.

Осы тараудың авторы спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар ұйымдастыруды басқару контексінде білімге мынадай анықтама береді :
Іс-шаралар ұйымдастыруды басқару білімі = Жалпы білім және спорт, демалыс және туризм саласында жаңа білім алу синергизмі, бұл терең ойланудан (жылдам идеялар және түсінік) құзыреттілікке (әрекеттерді және қабілеттерді) алып келеді

2.2-сызба. Спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар ұйымдастыруды басқарудағы білім түсінігін байланыстыру

СІЗДІҢ «ИКЕМДІЛІК ӘСЕРІҢІЗ» ЖӘНЕ ЖЕКЕ БІЛІМІҢІЗДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Білім артықшылығы Коннер және Прахалад (2002) «икемділік әсері» деп аталғаннан алынуы мүмкін. Бұл әсер, өзінің жеке түсініктерімен, пікірлерімен, тәжірибесімен, идеяларымен және нұсқаларымен қиыса отырып, өзіне бірегей болып табылатын білімді қамтиды. Мұнан басқа, дербестендіру өзіне дағдылардың, түсініктердің, уәждемелердің, қабілеттердің, осы құрауыштардың қабылдауларын және талдамасын қамтиды. Бұл әсер ету саралауды, немесе өзінің икемділік әсерін құрады. Зак бойынша (1999), икемділік әсері өзіне бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз ететін әртүрлі идеяларды, талдамаларды және жауаптарды қамтиды (2.3-сызба). Бұл артықшылық дербестендіру процесі арқылы шығады, ол түсіну әдістеріне және жаңа білімді дамытуға алып келеді.

Сіздің икемділік әсеріңіз өзіне білім саралауын құруға немесе өзінің «икемділік әсерін» құруға арналған жеке түсініктерді, пікірлерді, амалдарды, тәжірибелерді, идеяларды және нұсқаларды пайдалануды қамтиды [с].» Сараланған идеялар, талдамалар және жауаптар қазіргі заманғы өзгермелі ортада әлеуетті бәсекелесті артықшылықты қамтамасыз етеді. (Зак, 1999).

Басқа сөзбен айтқанда . . . өзімен-өзі болу маңызды!

2.3-сызба Икемділік әсері

Білімді дербестендіру идеялар мен жаңа білімнің пайда болуын жеңілдетеді. Бұл саралаудың, идеялардың түрлі болуына және нақты бір адамның көзқарасымен шектелмеуіне кепілдік беретіндігінен туындайды (Карни 2001). Қабылдау және сіздің біліміңізді дербестендіруге ынталандыру нұсқалардың, әртүрлі талдаулардың және шешімдердің дамуына септігін тигізеді. Сіз біліммен алмасқан немесе бөліскен жағдайда, әлеуетті артықшылық үшін сіздің өзіңіздің икемділік әсеріңізді дамытуыңыздың маңызы зор.

СІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ БЕЛСЕНДІ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСАСЫЗ

Қоғамдағы білімге екпін түсіру, Инглиш және Бейкер (2006) бойынша «білім берудің белсенді процесін» ынталандырды. Бұл процесте әрбір адам білімнің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Жеке адамдар мен топтардың бірігіп атқарған жұмысы конкурстық негізде үнемі көбірек білім дамытуға мүмкіндік береді. Білімді үздіксіз дамытудағы бастапқы қызмет түрі, осы білімді беру болып табылады. Тереңірек білімнің құрылуына ықпал ету мақсатында білімді беру немесе бөлісу белсенді процесі бар. Білім берудің мәні, немесе ақпаратпен алмасу процесін Джордж Бернард Шоу 1930 жылы басып айтты, ол өзінің The Apple Cart ойынында мынаны айтып өтті:

Егер сізде алма бар болса, әрі менде алма бар болса және біз алмалармен алмасқан кезде сізде де, менде де ақырында бір алмадан болады. Алайда сізде идея болса және менде де идея болса және біз идеялармен алмасқан кезде, біздің әрқайсысымызда екі идеядан болады.

> Шоудың білім алмасу тұжырымдамасын қолданудың, табыстаудың білім алмасу процесінде барлық жағынан дамуға ықпал ететіндігін болжалдайды. Бұл алмасу тұжырымдамасын Шоу бірнеше онжылдар бұрын айтқан, алайда бұл қазіргі ортадағы білімге негізделген негізгі ереже ретінде сақталып отыр.

Білім, Бойсот (2002) бойынша, табиғатынан жеке деп сипатталды, бірақ білім иегерлері мен одан тереңірек білімді дамыту аралығында алмасу процесін пайдалану арқылы күшті тәуелділік бар (Холл, 2001). Дербес күш салулар, білім беру белсенді процесінде толық түрде бәскелестікке түсу үшін, білімнің жеткілікті көлемін бермейді. Басқалармен байланысы өз білімін кейінірек дамыту үшін қажетті.

Көп жылдар бойы білім беру процесі негізгі басымдық деп қарастырылды, себебі «жылдам және тиімді білім беру жалғыз өзі ерекше шынайы тұрақты, бәсекеге қабілетті болып табылады» (Друкер, 1994, 10-бет). Дегенмен, Инглиш және Бейкер (2006) тек алмасуға қажетті білім алғандар ғана, білім беру барысында қосымша білім ала алады және қатыса алады деп баса айтқан. Бұл басқалармен бөлісе алатындай, сізбен басқалардың алған білімдерімен бөлісе алатыныңдай білім алу керектігін көрсетеді.

Осы беру процесін қолдану, спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруға қатысатын тұлғалар өз білімін ілгерілету мақсатында, білімімен бөлісулері қажет дегенді білдіреді. Алмасу барысында білімді дамыту, іс-шаралар өткізу үшін әлі де көбірек білім бере алады, соның ішінде іс-шаралар саласы және қазіргі заманғы проблемаларды шешу үшін инновацияны дамыту бойынша білім алу қа.

Іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруда бәсекеге қабілетті болу үшін, білім беру үшін стратегия қажет болғандығы көңілге қонымды. Аталмыш тарауда, ұсынылған стратегия, іс-шаралар ұйымдастыруды басқару үшін әртүрлі білім түрін алу және беру барысында тиімді және ықпалды болу мүмкіндігі үшін дамудың мақсатты бағытталған жоспары болып табылады.

Осы стратегияның негізінде спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруға қатысты қолдануға болатын білім түсінігі жатыр. Білімге анықтама берілгеннен кейін, білім беру бойынша белсенді процеске қатысу стратегиясын дайындауға болады. Дегенмен, білім түсінігі бұл нақты тұжырымдалмаған процес. Кімде-кім білім түсінігіне және оның салдарынан туындайтын басты ерекшеліктеріне анықтама беруге тырысса, сол сәттен бастап қиындықтар туындай бастайды.

СІЗДЕРГЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ БЕЛСЕНДІ ПРОЦЕСІ БОЙЫНША СТРАТЕГИЯ ҚАЖЕТ

Білім берудің белсенді процесі стратегиясы, сіздерге іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласындағы табысты мансап үшін жалпы білім және жаңа білім үшін нұсқау беретін белгілі бір жоспарды көорсетеді (2.4-сызба). Бұл сізге іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласында білім алу және беру процесінде тиімді әрі өнімді болу үшін жасалынған дербес жоспар. Бұл стратегия бәсекелестікке қабелітті болу үшін, сіздің біліміңіздің сапасын жақсарту үшін сізді бағыттауға арналған кері амалдарды артикуляциялайды. Іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруда, білім берудің белсенді процесі бойынша стратегия жалпы білімді арттыруға, жаңа білім алуға, сіздің терең ойлау қабілетіңізді ілгерілетуге (идеялар мен түсініктерді жылдам ілгерілету) және іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласында пайдалану үшін, өз құзыреттіліктерін (өнімділік және қабілеттілік) жақсартуға бағытталған.

Білім берудің белсенді процесі стратегиясы спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруда сіздің біліміңізді жақсартуға әсер етудің арнайы тәсілі болып табылады.

2.4-сызба Білім берудің белсенді процесі бойынша стратегиясы туралы түсінік

Білім алмасу процесіне тиімді қатысу үшін, өзіңіз алғыңыз келетін білім түрлеріне шолу жасау қажет. Жалпы білім алу үшін және іс-шарлар саласына жаңа білім алу үшін бағыттарды орнату үшін 2.5-кестені толықтырыңыз. Бұл ағымдағы тапсырма, білімді жаңартып отыру үшін уақыт ішінде қайталануы тиіс, әсіресе, іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруға сіздің қатысуыңыз үшін және осы білімді алу үшін жол салуға талап етіледі. Білім берудің белсенді процесі бойынша стратегияны іске асырыңыз және сізді іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруда таптырмайтын және табысты қатысушысы етіп жасайтын білімге ие болыңыз.

«Жалпы білімнің» ерекшеліктері	Сіздерге менеджмент саласында қажетті жалпы білімді бөліп көрсетуге көмектесуге арналған нұсқаулық
1 Жүйелі білім: жалпы ұйымдастыруды түсіну	Кем дегенде екі жергілікті/өңірлік іс-шаралар ұйымын: әрі өзіңіз зерттеп білгіңіз келетін екі ұлттық немесе халықаралық іс-шаралар ұйымын атап көрсетіңіз . Бұдан әрі, осы ұйымдар туралы жалпы оқуды анықтау. Сіз кіммен сөйлесе алатын едіңіз және іс-шаралар ұйымдастыруды басқару бойынша білім деңгейін жоғарылату үшін қандай сұрақтар қоятын едіңіз? (кем дегенде бес сұрақ құраңыз)
2 Жүйелі білім: ұйымдастырушылық жүйесін түсіну	Сіз жоғарыда аталып өткен іс-шаралар ұйымдастырудың әдіснамалық жүйелерін қолдандыңыз ба? Сіз жоғарыда атап көрсеткен басқару ұйымдары? Мысалы, бұл жүйелер қандай рәсімдерді, сызбаларды, әдістемелерді, нұсқаулықтарды және/немесе ақпараттық пакеттерді пайдаланады немесе сипаттайды? Сіз қандай жолмен бұл жүйелер туралы жалпы білім ала аласыз? Жоғарыда келітірлеген, аталып өткен іс-шаралар ұйымдарын қарастырыңыз және сіз осы іс-шаралардың кейбіреулері бойынша, қалай практикалық тәжірибе немесе еріктілер тәжірибесін алатын едіңіз.
3 Іс-шаралар ұйымдастыру барысында адам не істейді дегенді түсіну	Егер адам – іс-шаралар ұйымдастыру менеджері болса, ол немен айналысатын еді, толық сипаттап беріңіз Орналастыру бойынша, аккредитациялау, салатанаттар (ашылу, жабылу және марапаттау салтанаты) бойынша менеджерлерді, допинг-бақылау менеджерлерін, тамақтану қызметі және мейрамханалар менеджерлерін, хаттамалар, әлеуметпен байланысу, көлік, өткізу орны және қойма менеджерлерін қаралу. Өз біліміңізді толықтыра түсу үшін, Сіз қай жерден лауазымдық қызметтері туралы жазбаша сипаттама ала аласыз, немесе осы іс-шаралар ұйымдастыру бойынша менеджерлердің әрқайсысының рөлі туралы қайдан біле аласыз?

4 Теорияны түсіну	Іс-шаралар ұйымдастырумен байланысты, кем дегенде үш теорияның аспектілерін немесе ерекшеліктерін жазыңыз (агенттік қатынастар теориясы, қиындықтар теориясы, жағдайлар теориясы және жүйелер теориясы тәрізділер). Бұдан әрі, әрбір теорияның іс-шаралар ұйымдастыру менеджеріне бағыт бере алатындығын жазыңыз және іс-шаралар ұйымдастыру менеджері қандай теорияларды қолдануы мүмкін?
5 Мәдениет, саясат және тұлғалар мәдениетінің негіздерін түсіну	Өзіңіз жоғарыда атап көрсеткен әлеуетте жұмылдырылған мәдениеттерді анықтаңыз. Бұдан әрі, осы мәдениеттердің әрқайсысының шеңберінде, өзіңіздің түсінік және тәжірибе туралы көріністі олардың көмегімен жақсарта алатын үш жолды атаңыз.
6 Тұжырымдамалық түсініктер	Іс-шаралар ұйымдастыру барысында табылған тұжырымдамалық түсініктердің тізімін жасаңыз. Өзіңіздің іс-шараларды жоспарлау және бірқатар адамдармен жұмыс жасауға қатысты көріністеріңізді қарастырыңыз.
7 Парасатты мағына	Өзіңіз іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруда кездестіре алатын үш парасатты шешімдерді жазыңыз.
8 Әдістерді терең түсіну	Жақындағы 15 жылда іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласында, осы түсінікпен жұмысты жалғастыру үшін өзіңізге лайықты мансаптың әлеуетті қысқа жолын баяндап беріңіз. Бұл жол мансапта кем дегенде төрт өзгерісті қамтуы тиіс, және сізге дәстүрлі және дәстүрлі емес іс-шараларды қарастырған жөн. Содан кейін, мансаптың әрбір опциясына қатысы бар және осы әдістерді зерттеудің ұзақ мерзімді стратегиясына көрсететін әдістер түрін жазыңыз.
9 «Айлалы» білім немесе белгілі бір жағдайларда ойлану қабілетін білу және түсіну	Іс-шаралар өткізуге қатысу үшін стратегия дайындаңыз және белгілі бір жағдайларда ойланып көруді тәжірибеге қолдануды бастаңыз
10 «Мәдени» білім немесе белгілі бір мәдениетті терең түсіну	Мәдениеттің жеке білімін алу үшін стратегия ойластырыңыз. Ұсыныстарды үйге бара жатқан жол бойы немесе үйде қарастырыңыз.
11 Жаңа білім	Өзіңізге әлдеқашан мәлім дүниелерді жаңа жағдайда қолдану арқылы, жаңа біліміңізді үнемі жетілдіріп отыруға тырысыңыз

2.5-сызба. Ағымдағы тапсырма: Іс-шаралар ұйымдастыруды басқару саласында білімді жетілдіре түсу үшін стратегияны дамыту

БІЛІМ БЕРУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРІН ҚОЛДАУ

Кастельдің сипаттамасы (2000) мынадай көрсетеді:

> Желілер серпінді, өздігінен дамып келе жатқан құрылым болып табылады, олар ақпараттық технологиялар мен байланыстар арқылы сол сандық тілмен қуаттанады және өзіне әрбір желінің мақсатына сәйкес келетін, барлық әлеуметтік көріністерді қамтиды. Желілер өздерінің маңыздылығын геометриялық прогрессияда арттырып келеді, себебі олар байланыстарды қосады.

(697-бет)

Мүшелердің қарым-қатынас жүйесі желі құрылымын құрады. Желілердің әлеуметтік табиғаты басты белгі ретінде коммуникация түзеді. Коммуникация желіні қалыптастыру және қолдау үшін ұдайы талап етілуші болып табылады. Желінің әрбір мүшесінің басты рөлі – тілдесу.

Желінің ішіндегі әрбір мүшеге бағалы әңгімелесуші болу үшін, құзыретті болу қажет. Харрис, Коулс және Диксон (2000) желідегі құзыреттілік, әрбір мүшенің қабілеттілігін қамтиды деген.

> Олардың проблеманы түсінуін бөлу және болашақтың жалпы көрінісін қамтамасыз ету үшін, қажетті жұмыстарды орындау барысында бір-бірімен байланысып отыру үшін амалдар дайындау және олардың проблеманы түсінуімен ортақтасу. Бұл әсер контекске септігін тигізеді, ол барлық желілік қызметке бағыт береді. Бұл бағдарды ұстап тұру желілік байланысты дамыту және қолдау үшін өте маңызды.
>
> (6-бет)

Желі шеңберіндегі алмасу, іске асырылатын идеяларға және алынатын ақпараттарға мүмкіндік береді (фон Крог және Гранд, 2002).

Іс-шаралар ұйымдастыруды басқару бойынша білім беруді ұйымдастыру үшін, мүшелерге білім алмасу процесіне қатысты қарым-қатынасты қолдау қажет. Бұл, желілік ынтымақтастықты қолдау және дамыту үшін қажетті уақытты, назарды және құзыретілікті салуды талап етеді. Білім беру стратегиясының белсенді процесіндегі басты компоненті желілік белсенділік болып табылады (2.6-сурет). Сіздің жеке желіңізді кеңейте түсу үшін, желідегі мүшелердің арасындағы тілдесуді қолдау және біліммен алмасу үшін желілік ынтымақтастықтың сапасын арттыруға, парасатты күш салуды болжалдайды.

Сізге біліммен алмасу үшін өз желіңізді құру туралы шынайы түрде қарастырған жөн. Желі құру үшін , келесі сұрақтарды қаралу қажет:

■ Іс-шаралар ұйымдастыруды басқару бойынша білімге қатысты жеке желі жұмысын бастау үшін сіз кіммен байланысқа түсетін едіңіз?

■ Білім беру жұмысы жағдайында желінің әрбір мүшесінен сіз нені күтесіз және не бере аласыз?

Желілік белсенділік – бұл (a) сіздің жеке желіңіздің ішінде байланыс санын (адамдар немесе топтар) кеңейте түсу бойынша, (b) байланысты жайластыру және (c) желілік ынтымақтастықтың сапасын арттыру бойынша саналы тырысу.

2.6-сызба Желілік белсенділік

■ Сіз өз желіңізде өзіңіз бен басқа байланысушылармен байланысты қалай ұстап тұрасыз?

■ Көбірек білім ала отырып, сіз желілік ынтымақтастықтың сапасын қалай жақсартатын боласыз?

ҚОРЫТЫНДЫ

Іс-шаралар ұйымдастыруды басқаруда білім талаптарынан босап шығуды үміт артпайтындар, қазіргі заманғы қоғамда ерекшеленеді. Бастапқыда, қажетті білімді алу үшін, өзіңізді іс-шарлар ұйымдастыруды басқару саласына қажетті білімнің бірнеше аспектілерін меңгеруге бағыттау үшін, сізге өзіңіздің білім туралы жеке түсінігіңді анықтау және білім берудің белсенді процесі бойынша стратегияны тұрғызу қажет. Сіздің білім беру белсенді процесі бойынша стратегияңызды іске асыру, желілік қатынас сапасын жақсартумен бірге, сіздің іс-шаралар ұйымдастырудағы байланыстарыңызды кеңейту арқылы білім ізденуді қамтиды. Сіздің желідегі қарым-қатынасыңыз ынтымақтастыққа және көбірек ақпарат алуға ұмтылыста қосалқы білімді біріге пайдалануға ынталандырады.

Білім берудің белсенді процесі жөніндегі стратегияны қолдау үшін, бұл оқу құралында, спорт, демалыс саласында іс-шаралардың ұйымдастыруын өткізуге арналған, сіз қолдайтын құраушы элементтерді қамтымайды. Элементтер тізімі дәстүрлі және дәстүрлі емесе іс-шаралар өткізуге кемектеспейді. Бұл барлық іс-шаралардың бір-біріне ұқсамайтындығының себебінен осылайша болады және қазіргі заманғы өзгерістер ортасы, сіздің болашақта бұрын соңды ойластырылмаған іс-шаралармен жұмыс істетініңізді білдіреді. Сол себептен, контекске және іс-шараға қойылатын белгілі бір талаптар туралы «ойлану» жағдайында болған маңызды. Сіз іздеп отырған бұл терең ойлану - іс-шаралар ұйымдастыруда болашақ үшін сіздің ұстанымыңыз тұрақты екендігін түсінудің және жылдам идеялардың ұдайы ілгерілеуі.

ТАРАУ БОЙЫНША СҰРАҚТАР

1 Іс-шаралар ұйымдастыруды басқарудағы жалпы білімнің ерешеліктерін сипаттап беріңіз?

2 Іс-шаралар ұйымдастыруды басқарудағы жалпы білім алудың ерешеліктерін сипаттап беріңіз.

3 Жалпы білімге қарағанда жаңа білімді алу не себептен қиынға түседі?

4 Білім берудің белсенді процесі дегеніміз не, сізге неліктен және қалай осы процеске қатысқан жөн?

3-ТАРАУ

ІС-ШАРАНЫ ЖОСПАРЛАУ МОДЕЛІ: ІС-ШАРАНЫ ДАЙЫНДАУ САТЫСЫ, 1-БӨЛІМ

ЭМИ КАННИНГЕМ ЖӘНЕ ДЖОАНН МАКЛИН

Бұл тарауда іс-шараларды жоспарлау модельдерінің төрт сатысының ішіндегі бірінші сатысы – іс-шараларды дайындау сатысы қарастырылады (3.1-сызба). Бұл сатыны талқылау барысында, іс-шаралар ұйымдастыру менеджері өзін үйлестіруші ретінде таныстырады. Үйлестіру теориясымен қатар үйлестіруге анықтама берілген. Рәсімдерді үйлестіру рөлі басқаруға арналған іс-шаралардың құрылымын дайындау бағыты ретінде баяндалған. Теориялар, соның ішінде жүйелер теориясы, жағдайлар теориясы және қиындықтар теориясы, үйлестірушінің рөліне қолданылады.

ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕНЕДЖЕРІ ҮЙЛЕСТІРУШІ РЕТІНДЕ

Іс-шаралар ұйымдастыруды басқарудың ең қызықты аспектілерінің бірі командалық күш салуды талап ету болып табылады. Іс-шара, мүшелердің арасындағы білім алмасу процесін басқару үшін үйлестірушіні қажет етеді. Сонымен бірге, іс-шара ұйымдастыру менеджері іс-шараны ұйымдастыруды үйлстіруге жауап береді. Бұл іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша бірігіп күш салу шеңберіндегі процестер, мұнда топтың барлық мүшелері, өздерін тең дәрежеде команда жұмысының бір бөлігі ретінде сезінулері тиіс.

Іс-шаралар ұйымдастыру менеджерінің үйлестіруші ретіндегі рөлі жоспарлау моделін дайындау сатысында белгіленеді. Бұл рөлді орындау ілгеріде толығырақ талқыланатын болады, бірақ алдымен артқа қайта оралып, үйлестіру процесінің өзіне зерттеу жүргізейік. Үйлестіру тұжырымдамасы ол ойнауы тиіс, іс-шаралар ұйымдастыру менеджерінің рөліне шешуші мағынасы бар және теориялық негізін қамтамасыз етеді, оның негізінде біз аталмыш бөлім және бүкіл мәтін бойынша өз түсінігімізді қалыптастыратын боламыз.

Үйлестіру дегеніміз не?

Бенс (2000) үйлестіруге келесі анықтама береді: «еркіне босатуды қолданбастан, басшылықты қамтамасыз ету тәсілі» (7-бет). Үйлестіру теориясы оқыту, тек топқа ғана білім берушіге қарағанда, оқыту процесін

үйлестіріп отырғанның көмегімен іске асады деп болжайды (Лайрд, 1985; Ламберт және Глакен, 2005). Бұл үйлестіру теориясының шеңберінде, өзгеру тұрақты болып табылғандықтан, үздік оқытушылар ретінде қалай оқуға үйренгендер және өздерінің артынан өздігінен және сыни тұрғыдан ойлануда басқаларды ілестіре алатындар болып табылады деп болжанады (Ламберт және Глакен, 2005; Пил, 2000). Бұл басқару стилі топтық процестерде өкілетті оқушылардың және қатысушылардың дамуына септігін тигізеді, мұнда білімді құру және тарату топтың барлық мүшелеріне байланысты болып табылады.



3.1-сызба Іс-шараны жоспарлау моделі

Тиімді үйлестіруші және осы теорияның жақтаушысы болу үшін, белігіл бір қорытындыларды қолдау қажет. Бенс бойынша (2000, 8-бет), үйлестіру теориясының жақтаушылары және практиктер келесі тұжырымға келді:

■ Зиялы адамдар барлығын дұрыс істеуге талпынады және қабілетті.

■ Бір адам жалғыз өзі бір шешім қабылдағанша, адамдар тобы үздік шешім қабылдай алады

■ Дәрежесіне немесе лауазымына қарамастан, әрбір тұлғаның пікірі

бірдей дәрежеде құнды

■ Адамдар өздері құруға көмектескен идеяларға немесе жоспарларға берік

■ Қатысушылар, өздерінің шешімдерінің шынайы жауаптылығын түсіне отырып, жауапты бола алады және болады

■ Адамдар тобы, егер оларға қажетті қаражаттар мен оқу берілген болса, өздерінің жеке түсінбеушіліктері, тәртіптері мен қатынастарын басқара алады

■ Процесс, дұрыс дайындаған және дұрыс амал қолданған жағдайда, нәтижелерге қол жеткізе алады

Ендігі жерде, біздің үйлестіру теориясы нені білдіретіндігі туралы жалпы түснігіміз бар, іс-шаралар ұйымдастыру менеджерінің үйлестіруші ретінде қатысу рөлі түсінікті болуы мүмкін.

ІС-ШАРАЛАР ҮЙЛЕСТІРУШІСІНІҢ РӨЛІ

Егер біз 3.1-сызбаға « Іс-шараларды жоспарлау моделі» қайта оралатын болсақ, іс-шаралар ұйымдастыру менеджері жоспарлаудың барлық сатысында үйестірушісі ретінде маңызды рөл атқарады. Үйлестіруші ретінде сіздің жұмысыңыз – бұл, өзгелерді өзіне жауапкершілік пен бастама алуға шақыру. Роджерс және Фейберг (1994, 21-бет, Лао-Цзыдан кейін) үйлестіруді басқаруды келесі түрде айтып өтті:

Басшы үздік,

Адамдар оның бар екендігін шамалы түрде білген жағдайда,

Адамдар оған бағынған және бас ұрған онша жақсы емес,

Егер олар жек көретін болса, бұл ең нашары.

Адамдар үшін сәтсіздіктерге ұшырайды; олар сізді сыйламайды,

Бірақ жақсы басшы, бұл аз сөйлейтін адам,

Жұмыс орындалған кезде, ол мақсатына қол жеткізеді,

Олар былай дейді: «Біз оны өзіміз жасадық».

Үйлестіруші, әрбір қатысушы басты рөл ойнайтын қойлылымның директоры болады (Видаль, 2004). Осы қойылымның соңында,үйлестірудің нағыз мақсаттарының бірі болуы тиіс синергизм тобын құру арқылы, қатысушылар әқайсысы мақсаттарға қол жеткізу үшін шығармашылық және ұжымдық жұмыс жасаудан қанағаттанған » (394-бет). Жалпы алғанда, үйлестірушілер іс-шараның барлық сатысында белгілі бір процестерді қарапайым етуге ұмтылады.

Іс-шаралар ұйымдастыру менеджері, іс-шараны басқару үшін, меңгеруі тиіс көптеген дағдылар, тәжірибелер және білімдер бар (Пил, 2000; Томас, 2004). Бұл бірігу жаңа білімдер алуды қамтиды, олар өзіне, оларға «өз бетінше әрекет етуге» және топтың немесе процестің қажеттіліктеріне қатысты жылдам шешім қабылдау процесіне септігін тигізу мақсатында өздері басқарып отырған процестер туралы интуицияны қамтиды (Пил, 2000). Бұл процестерді қарапайымдандыра отырып, нақты тапсырмалар орындалады, мақсаттарға қол жеткізіледі және команда жұмыс жақсы орындалғаннан кейін және команда жағымды синергизмді сезінетін болады (Видаль, 2004).

Жақсы үйлестіруші топтарды және жеке тұлғаларды оның ішінде өзінің жеке әлеуетін арттыруға және команданың тең құқылы ойыншысы болу үшін сенімділікті иеленуге өкілеттілік береді, сол себептен ешкім «мұғалімге» тәуелді болмайды. Әрбіреуге білімнің өзіндік дайындаушысы қалай болу керектігі көрсетілген және ұжымдағы әрбір жеке тұлғаның күшті жақтары шығарылуы мүмкін және олардың артықшылықтары жалпы процес шеңберінде максималды (Пил, 2000).

3.3-сызба Үйлестіруші іс-шараны ұйымдастыруды бақылау процесінде орындайтын кейбір нақты рөлдердің кешенді жоспарын ұсынады .

КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ ҮЙЛЕСТІРУ

Гринберг (2002) келесідей түсіндіреді, «Коммуникация - бұл, адамдардың басқаларға ақпарат жөнелтетін және олардан ақпарат алатын процес» (217-бет). Бұл процесті басқару қиынға соғуы мүмкін, себебі ол команданың әртүрлі мүшелерінің арасындағы көптеген өзара әрекеттесуден тұрады, олардың әрқайсысы өзінің дербестігін, білімін, дағдыларын және қарым-қатынасқа түсу стилін келіссөздер үстеліне алып келеді. Бұл іс-шаралар ұйымдастыру менеджерінің басты рөлі, содан кейін, үйлестіруші ретінде таныстыру үшін және коммуникация желілері ашылғандығына, команда мүшелері нені сезетінін, қолдау алатындығына, кейбір нақты процестер мен талаптар қалыптасқан және жалпы процесс шеңберінде басқарылады дегенге көз жеткізу қажет (Бенс, 2000).

Оқыту мен үйлестірудің арасындағы айырмашылықты сипаттап беріңіз Оқытуды үйлестірумен салыстыра отырып, оқытудың артықшылықтары мен жетіспеушіліктерін анықтаңыз

Үйлестіруші • Топқа нақты мақсаттар мен міндеттерді анықтауға көмектеседі • Мүшелерге, дұрыс шешімдер қабылдау үшін, өздерінің уақытын тиімді пайдалануға көмектесетін процестерді үйлестіреді; топ мүшелеріне бұл процестерді түсінуге көмектеседі • Топтық талқылауларды, оларды дұрыс салаға бағыттай отырып, қолдайды • Топ мүшелерінің идеяларын көрсететін жазбаларды сақтайды • Мүшелерді оладың ағымдағы дағдыларын бағалауда және жаңаларын алуда қолдау көрсетеді • Топқа, топтың барлық мүшелерінің пікірлерін назарға алатын шешім қабылдауға көмектесу үшін ортақ пікірге келеді • Өздерінің жеке тұлғалық серпіндерін реттеуде қолдау көрсетеді • Топқа тиімді қарым-қатынас жасауға көмектеседі • Ресурстарға рұқсат алу барысында көмектеседі • Мүшелердің өсуіне мүмкіндік алатындай қолайлы орта құрады, онда мүшелер өсе алады және топтық мақсаттарға қол жеткізу үшін біріге жұмыс істей алады • Көшбасшылықтың міндеттерін бөлісе отырып, басқаларда көшбасшылық қасиетті тәрбиелейді • Басқаларды үйлестіруге өкілеттілік береді және қолдайды
Дереккөз: Бенс (2000), Пил (2000), Видаль (2004)

3.3-сызба Іс-шаралар ұйымдастыру менеджері үйлестіруші ретінде

Ұйымдастырушылық жағдайларда, коммуникация процесі, ұйымдастыру жобасына қарай аса күрделі болуы мүмкін. Көп жағдайларда ақпарат қажет болуы мүмкін немесе «дәрежелер» арқылы берілуі немесе белгілі тұлғаларға басқа тұлғалар арқылы берілуі мүмкін (Гринберг, 2002). Осы байланыстардың күрделігі, егер тиісті түрде шешу мүмкін болмаған жағдайда, жөнге қойылған байланыстардың бұзылуына немесе шатастыруға алып келуі мүмкін. Біз бірге команданың бір бөлігі ретінде саналатын тұлғалар тобын үйлестіру туралы таңғажайып факт ретінде, осы процестегі қарым-қатынастың үлкен бөлігі көлденең бағытта қозғалатын етіп болып табылады. Гринбергтің пікірі бойынша, «Осы түрдегі хабарламалар, реттеу бойынша күш салумен немесе бірге жұмыс істеуге тырысулармен шартталған» (2002, 201-бет). Зейінді бір арнаға жұмылдыра отырып, және топ мүшелерінің қарым-қатынасын және шешім қабылдау процесін жөнге келтірген күйге бағыттай отырып, үйлестіруші қажетсіз процестерге қатысу мүмкіншілігін төмендетуі және топтың мықты жақтарын пайдалана алады. Егер коммуникацияға қойылатын тиісті талаптар, іс-шараны жоспарлау процесінің басында, үйлестірушінің орнынан басқа біреумен тұжырымдалған және орнатылған жағдайда, үйлестірушінің

ұжымдағы маңыздылығы төмендейді, пайда болу мүмкіншілігі болғандықтан, жай ғана проблемалар мен жағдайларды реттеуге шақырылады.

Іс-шаралар ұйымдастыру менеджері үйлестіруші ретінде үнемі тыңдайды, ойланады және процестерге үнемі назар аударып отырады, себебі проблемаларды шешу және шешімдер қабылдау мәселелері топ мүшелерінің арасында пайда болып отырады.

Топта болған кез-келген жағдайда, шешімдер қабылдануы тиіс және кез-келген қақтығыстар шешілуі тиіс. Міндетті орындау жалпы процесі тең дәрежеде әрбір топ мүшесінің жауапкершілігі болғандықтан, бұл үйлестірушінің қарым-қатынас жасау арқылы пайда болған, топты синергизме бағыттау бойынша сауатты үйлестірушінің еңбегі болып табылады (Видаль, 2004). Осыған байланысты, тарихи үйлестіруші бейтарап тарап ретінде танылады, ол топ қа мақсаттарды еске салып отырады, топтық коммуникация талаптарын басқарады, процестің басында нақты стратегиялар белгілейді және қажет болған кезде топтың бағыттылығын қайта өз жолына қайтарады (Лайд, 1985; Роджерс және & Фрейберг, 1994).

Топтық ырғақ және үйлестіруге мысал

Друкердің іргелі еңбегіне (1946) сілтеме жасай отырып, «ұйым ‘әуенге’ ұқсас; ол бөлек дыбыстардан қалыптаспайды, бірақ олардың байланысымен қалыптасады» (26-бет).

• Ниеттес коммуникатор болыңыз • Өз зейініңізді жеке бас проблемасынан басқа проблемаларға шоғырландырыңыз • Таңбалы қарым-қатынас арқылы сөздер құрыңыз және басқа мүшелерді осы үшін көтермелеңіз • Топты идеясын білдіргендігі үшін мараптаттаңыз • Әңгімелесу жүргізіңіз • Ашық пікірлерді көтермелеңіз • Қарапайым пікір білдіруді пайдалануды көтермелеңіз • Түсіндіру үшін өзгертіп айтыңыз; оларды тыңдап отырғандығына сендіру үшін, олардың айтқандарын қайталаңыз және топтың әрбір мүшесінің барлығын түсінгендігіне көз жеткізіңіз • Сөзден іске кіріс; бір нәрсені айтын екіншісін жасаған жөн емес және топ мүшелерінің жауабына көңіл аудар • Жақсы тыңдаушы болыңыз және осы үшін топы көтермелеп отырыңыз; сендіру үшін, біздің әрқайсысымыз өз пікірін айтуға және оны тыңдауына мүмкіндігіміз бар екендігіне «шешеннің асатаяғын» пайдаланылуын ескеріңіз • Бейтарап позияцияны ұстаныңыз және талап етілмейінше өз пікіріңізбен бөлісуден аулақ болыңыз; қарым-қатынастағы өз рөліңізге назар аударыңыз • Сұрақтар қойыңыз; қатысып отырыңыз, ақпаратты жүйеге келтіруге көмектесіңіз, бастапқы проблеманы табылуын тексеріңіз

• Идеяларлды синтездеңіз; топ мүшелерін бір-бірінің идеяларына пікір білдіргендігін және сілтеме жасағандары үшін көтермелеңіз • Жолдан тайдырмаңыз; әрбір талқылауға арнап уақыт белгілеңіз • Қорытынды жасаңыз
Дереккөзі: Бенс (2000), Гринберг (2002).

4.1-сызба Пайдалы ұсыныстар

Іс-шара институционалдық ерекшеліктерді көрсетуі мүмкін және ырғақ құрылысына қатысатын көптеген тұлғалардың арасындағы қатынастарды реттеуді талап етеді.

Ванкуверлік Лулу Лисли (Британдық Колумбия, Канада), топтың жөнге келтірілген ырғағын үйлестіруге мамандандырылған тұлға болып табылады (барабанда ойнайтын топтық ойын) және топтық процестегі қарым-қатынасты үйлестірудің маңыздылығын көрсетеді. Лислидің, қызметтің негізі ретіндегі үйлестіруші рөліне қатысты ұстанымын зерттеу дирижер болу. Музыкадағы мақсат, музыкада ойнау тобын басқару сәтіне қол жеткізу болып табылады, мұнда әркім (олардың музыкалық біліміне және тәжірибесіне қарамастан) өзін жауапты деп сезінеді және топтық синергизмде ұжым болып қатысады. Оның мақсаты ақырын екінші көріністе шеттеу және музыка жасау әрбір адамға қатысты болатындай және ешкім оған көшбасшы ретінде тәуелді болмайтындай, топтың бір бөлігі болу. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін, ол топтың барабанда ойнауы бойынша сабақтарының басында комуникациялар критерийлерін орнатады (ауызша да, ауызша емес те). Көзбен көру байланысын және ішкі түйсікпен және ырғақтармен байланыс орната отырып, ол бірін бірі естудің маңыздылығын айқын баяндайды. Басқа сөзбен айтқанда, ол ұжымның барлық бөлігі үшін жалпы болып табылатын нәрсе жасау үшін, топ мүшелеріне оның ойынша білімі бар деп есептейтін, өздерінің ішіне үңіліп қарау мүмкіншілігін береді және ынталандырады. Барлық үйлестіру процесі және процесті басқару барысында, өзінің ұжымдық өлеңге үлесін қосулары үшін, ол топты өздерінің жеке ішкі ырғақтарын және мықты жақтарын алға алып шығаруға ынталандырады. Ол, шарықтау мен құлдырауларға қарамастан, ырғақты ұстап тұруға бақылау жасалады, сонымен қатар кері байланыс болу үшін кең мүмкіндіктер мен қолдау көрсетеді. Іс-шара өткізуді табысты аяқтағаннан кейін, байланыс энергиясы болады.

Үйлестіру тәжірибесі шешімді интуитивтік қабылдау кезінде, сізге өз ынтаңызды жылдамырақ білдіруге көмектеседі және сіздің икемділік әсеріңіз өз біліміңізді дербестендіруді, түсінікті және пайдалы мқсаттар идеяларын қосуға үмкіндік береді. Үйлестірушінің рөлі, өз білімін қолдануда, іс-шаралар өткізу процесін жеңілдетуде. Бұл жәрдемдесу

топтың кейбір мүшелері басқалардың сөзін бөлгенде, адамдар бірін-бірі тыңдамағанда немесе топ ұжымдық музыкалық апатқа ұшырауға жақындап қалғанда мойындауды қамтиды. Бұл жағдайда Лисли топтың мұқтаждығына өзінің жеке тәжірибесінің, білімінің, дағдылары мен түйсігінің негізінде жауап береді және әрекет етеді, икемділік әсеріне ол музыка мұғалімі және үйлестіруші ретінде ие болды.

Егер топпен тіл табысқан жағдайда , іс-шаралар соңында ұжым ретінде құқықтарды және мүмкіндіктерді , беделді және жұмысты кеңейте түсу туралы ой келеді . Аталып өткендей, бұл іс-шара үйлестіруші өз рөлінде сауатты және табысты болды дегеннің белгісі. Топтық процестің шеңберінде коммуникацияларды үйлестіру, бұдан әрі іс-шара ұйымдастыру менеджерінің ең маңызды рөлдерінің бірі деп белгіленуі мүмкін.

Спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар ұйымдастыру менеджері коммуникация процестерін реттейді. Оның тәжірибесі, білім, дағдысы және түйсігі, іс-шараларды дайындау барысында ұжымдық синергизм құру мүмкіндігіне өз үлесін қосады.

Қазіргі уақытта біз үйлестірудің мағынасы мен үйлестірушінің рөлін қарастырдық, әсіресе коммуникация процесіне қатысты ерекшелігіне қарай. Бұдан әрі, үйлестірудің тағы бір маңызды рөлі - білім беруді қарастырайық.

БІЛІМ БЕРУДІ ҮЙЛЕСТІРУ

Іс-шаралар ұйымдастыру менеджерінің үйлестіруші ретіндегі рөлін және бұл іс-шаралар ұйымдастырудың топтық процесінде неге алып келетіндігін біз әлдеқашан талқылап қойдық. Бұл сіздің топтың бірігіп жалпы күш салуының үйлестірушісі ретіндегі жұмысыңыз, білімнің топтардың мүшелерінің арасында берілетіндігін және дамып жатқандығына көз жеткізу үшін қажет. Бұл білім беру, үздік және көбірек салмақталған шешімдер, топтың біріккен біліміне сүйене отырып, тапсырманы аяқтауына кепілдік береді. Бірақ үйлестіруші, олардың өздерінің білімі толықтай беріліп жатқандығын қалай біледі?

Басқа пайдаланушылармен біліммен алмасу басқа үйлестірушілерге есесіне өз біліммен бөлісуді ұсынады және олар осылай жасайды деп болжалданады және нәтижесінде білімнің өсу ортасы таратылады және арта түседі. Бұл таратылу, егер біз жаңа білім алу және алмасу мақсаты біздің үйлестіруші ретіндегі тиімділігімізді және тәжірибемізді шыңдай түсуге бағытталған үздіксіз жұмыс болып табылады деп болжайтын болсақ, оң нәтижелерге ие болады.

Тәжірибе негізінде Лулу Леслидің ырғақ негізіндегі іс-шаралар бойынша үйлестіруіне жүгінейік. Басқа үйлестірушілер желісінің шеңберінде

үйлестіруші ретінде, Лисли білімді белсенді беру процесі бойынша көптеген стратегияларға қатысады, олар оған оның саласы туралы әңгімелеуге, білім резервін кеңейтуде өз үлесін қосуға және өзінің жеке білім базасын кеңейте түсуге мүмкіндік береді. Осы стратегиялардың кейбіреуіне мыналар жатады :

• Басқа үйлестірушілермен тәжірибе алмасу бойынша қарым-қатынас және диалог орнатуға;

• Ырғақты басқару бойынша конференцияларға қатысу;

• Әртүрлі тәжірибе деңгейі бар үйлестірушілермен бірге тұрақты түрде оқыту тренингтеріне қатысу;

• Топтардың талқылауларына қосылу және әртүрлі веб-сайттарда ақпарат орналастыру;

• Ырғақ үйлестіруші ұйымында белсенді мүше болуға;

• Өздерінің дарыны мен тәлімгерлік тәжірибесінің көмегімен басқаларға үйлестіру бойынша дағдысын дамытуға көмектесу.

Осы іс-әрекеттің шеңберінде, ынтымақтасу және қолдау саласы бар, ол маңызды білім беруге септігін тигізеді. Осындай ықылас пен қолдаудың нәтижесінде, үйлестірушілер қауымдастығы өсуін жалғастырады және адамдар өздерінің терең ойлану қабілеттерін (жылдам, жетекші иделар мен түсініктер), бөлісіп жатқан білім арқылы дамыта алады. Іс-шаралар ұйымдастыру менеджері осы білім беруді үйлестіре алатын көптеген тәсілдер бар және біз нақты бір мысалда әртүрлі мысалдарды қарастырдық. Мен сонымен қатар үйлестіру ерекшелігін, іс-шаралар ұйымдастыру менеджерінің үйлестіруші ретіндегі рөлін, коммуникациялық талаптарды үйлестірудің маңыздылығын және осы жүзеге асыруға болатын тәсілдерді белгілеп көрсеттім. Енді, іс-шаралар өткізу кезінде басқару мақсатымен, жоспарлау моделін дайындау, құрылымдарды үйлестіру сатысындағы басқа мүдделер бойынша талқылауды бастайық.

БАСҚАРУ МАҚСАТЫНДА ІС-ШАРАЛАР ҚҰРЫЛЫМЫН ҮЙЛЕСТІРУ

(Джоанн МакЛин редакциясында)

Ірі ауқымды іс-шараны қарастырайық, мысалы Олимпиадалық және Паралимпиялалық Ойындар. 2012 жылдың маусым, шілделерінде Лондонда Ойындар өтті. Алдыңғы ойындар 2010 жылдың ақпан және наурыз айларында өткізілген. Ванкувер мен Вистлердің қауымдастығы әлемді Канадада көпшілікке арналған қысқы спорт фестивалінде қарсы алды. Жарыс, әдеттегідей, 17 күн бойы өткізілді, келесі 10 күнде

Параолимпиадалық жарыстар өткізілді. Осымен тікелей байланысты, іс-шараны ұйымдастырушылар осы оқиғамен бүкіл дүниежүзін шабыттандырды. Ванкувердің ұйымдастырушы комитеті басты міндет ұлттың жанына шабыт беру және Олимпиадалықтардың таңқаларлық тәжірибесінің көптеген ғасырлар бойғы мирасын құру және жеткізу арқылы әлемді шабыттандыру екендігін көрсетеді және басты Тұжырымдамасы, рухы спортқа, мәдениетке және тұрақтылыққа деген құштарлығымен көтерілетін, Канаданы одан әрі жігерлі ету.

(Ванкувер, 2010, 2007)

Олимпиадалық Ойындар-2012 Лондон қаласында «Көгалдандыр және Қорға» ұранымен өтті (Scribd.com). Бұл ұран қоршаған ортаны қорғауға ғана емес, сонымен қатар бүкіл Ойын барысында қатысушылар мен көрермендерді де қорғауға ерекше көңіл бөледі.

Бұл міндеттер, көрулер және ұрандар әртүрлі спорттық жарыстар мен мәдени фестивальдарды ұйымдастыру есебінен қанағаттандырылулары тиіс болатын. Мыңдаған еріктілер мен қызметкерлер Ойындарды өткізуге ат салысты, ал бүкіл дүниежүзі бойы жүздеген елдерден келген спортшылардың бейнелері трансляцияланды және отандастары қалт етпестен бақылап отырды. Олимпиадалық Ойындарды ұйымдастыру орасан зор жоспарлау процесін талап етеді.

Енді, өз назарымызды сіздің қауымдастықтағы шағын ауқымды іс-шараға аударайық, мысалы туризм бойынша іс-шараға немесе сіздің университетіңізде немесе колледжде өткізіліп жатқан спорттық команда чемпионатына. Оның ауқымы немесе ұзақтығы жағынан Олимпиадалық Ойындармен салыстырғанда шағын болғандығына қарамастан, ол бұрынғысынша оның құрамына сол сияқты құраушылардың көпшілігі жатады . Спорт, демалыс және туризм саласында іс-шаралар өткізуге арналған құраушы компоненттері өзіне мына элементтерді қамтуы мүмкін, атап айтқанда:

- Орналастыру;
- Аккредиттеу;
- Салтанаттар;
- Корреспонденция;
- Допинг-бақылау;
- Тамақтандыру қызметі;
- Қонақтарды қабылдау қызметі;
- Әлеуметпен байланыс;

■ Ұйымдастыруға жауапкершілік;

■ Қатысушыларды басқару;

■ Жүлделер мен сыйлақтар;

■ Көрермендерге қызмет көрсету;

■ Көлік

Әрбір жағдайда көп мөлшердегі жұмыс табысты іс-шараны жоспарлауға және өткізуге бағытталған.

Спорт, демалыс және туризм саласындағы іс-шаралар, табысты нәтижеге қол жеткізуге жағдай жасайтын, жақсы дайындалған іс-шара құрылымын талап ететін шамалардың, танымалдылықтың және күрделіліктің деңгейлеріне ие. Жиі түрде іс-шаралардың құрылымы мен басқару «жасырын» болып табылады, кейбір дүние іс-шараның негізгі бағдарламасымен салыстырғанда кадрдан тыс қалып қояды, олар болуы немесе бақылануы тиіс. Алайда, шындап келгенде, тиімді құрылым мен басқару элементтері табыс негізі болып табылады. Табысты іс-шараларға, іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша құрылымсыз қол жеткізу мүмкін емес, ол тиімді өзара әрекеттесу, шешімдер қабылдау және іс-шаралар ұйымдастыру менеджерлерінің арасынан икемділік шарттарының тиісті мөлшеріне мүмкіндік береді. Мұны егжей-тегжейлеп түсіну үшін, мына бөлімдердің мақсаттарына төмендегілер :

1 іс-шаралар ұйымдастыруды тиімді басқару және құрылымымен байланысты тұжырымдаманы анықтау;

2 іс-шараның табысты өткізілуіне жағдай жасайтын, іс-шаралар құрылымының теориялық аспектісін бөліп көрсету, сол құрылымның ерекшелігін бөліп көрсетпестен;

3 іс-шаралардың тиімді құрамын құру нәтижесіне алып келетін қағидаларды айқындау;

4 жоғарыда көрсетілген іс-шаралардың құрылымының теориялық аспектілерін және қағидаларын, бүгінгі күні спорт, демалыс және туризм қызметінде танымал, әртүрлі іс-шараларға қолдану жатады .

Жоғарыда аталып өткен тақырыптарды қолдана отырып, іс-шаралар ұйымдастыруды басқару мақсатында, студенттер іс-шаралардың құрылымын үйлестіру туралы екі маңызды негізін қалаушы қағидалар туралы жақсы түсінік алады: біріншіден, әртүрлі іс-шаралрдың түрлері іс-шаралар ұйымдастыруды басқарудың әртүрлі құрылымын талап етеді, олар белгілі бір жағдай үшін ең лайық басқаруды қамтамасыз етеді; екіншіден, біз іс-шаралар ұйымдастыру менеджерлері, оларға басқа іс-

шараның құрылымын көшіріп алуына қарағанда, жоспарланып отырған іс-шара үшін ең сай және тиімді құрылым туралы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін басқару қағидаларын үздік зерттейді деп санаймыз. Сіз іс-шаралар ұйымдастыруды басқару құрылымына қатысты осы екі негізін қалаушы икемділік қағидалары мен еркшеліктілігін басып көрсете аласыз. Келесі бөлімдер осы және басқа қағидаларды және олардың іс-шаралардың тиімді құрылымын құруда қолдануды түсінуге көмектеседі.

Іс-шаралар құрылымдары

Сонымен, іс-шаралар құрылымы деген терминін айтқанда біз нені меңзейміз? Бұл термин іс-шараларды, қызметкерлер немесе еріктілер осы рөлдердің өзара қалай байланысқандығы туралы белгілі бір рөлі мен түсінігін болатындай, ұйымдастырумен байланысты міндеттерді бөлуге қатысты. Құрылым, міндеттерді бақылап отыратын және өздерінің өкілеттіліктерін сезінетін, комитеттердегі белгілі тұлғаларды немесе топтарды қамтиды, осыларға сәйкес олар жеке тұлғалар мен комитеттің арасындағы шешімдер мен қатынастарға жетекшілік етулері тиіс. Әдеттегідей, көшбасшылар іс-шаралар ұйымдастыруды басқару құрылымын, міндеттердің саласын түсіндіре отырып, ынтымақтасу және/немесе өзара іс-қимыл жасауы тиіс және бағыттар бойынша есеп беретін салалардың арасындағы жақындастық элементтері мен қосылу сызықтары бар диаграмма түрінде береді.

Теория жүзінде, ұйымдастыру құрылымы, әдеттегідей, үш көзқарастан қаралады (Слэк және Парент, 2006). Бірінші көзқарас – формализация (ережелер мен нормалар, саясаттың және жекеше тұлғалардың және комитеттердің рөлі басшылық үшін іс-шарлар ұйымдастыру менеджерлерінің қызметі деп анықталатын дәреже). Екінші көзқарас күрделілік болып табылады (іс-шараны дайындауға қажетті, әртүрлі жеке комитеттер мен бөлімшелердің көлемі мен сандары және қатысушы басшылардың иерархиялығы). Үшінші көзқарас – орталықтандыру (шешім қабылдау процесі іс-шараларға жауапты тұлғалардың бақылауында немесе комитеттердің немесе бөлек жұмыс орындарының деңгейінде жұмыс істейтін тұлғаларға берілген дәреже).

Іс-шаралардың құрылымы, формализациялаудың , күрделіліктің және орталықтандырудың әрбір түрінде, іс-шараның түріне қарай, жоғары немесе төмен деңгейде дайындалуы мүмкін. Іс-шаралардың құрылымы іс-шараларды басқаруда көмек көрсету үшін дайындалған. Басқару, іс-шара қалай өтеді, кім не істейді және қашан және қалай олар оны жасайды дегенге қатысты саясатты анықтау үшін өкілеттілікті іске асыруға жатады. Егер іс-шара табысты болса, онда оны дайындау үшін құрылған құрылым, білімнің тиімді берілуін және шешім қабылдануын қамтамасыз

етуі тиіс. Іс-шаралар құрылымын үйлестіру, сізде іс-шараңыз үшін сәйкес ұйымдастыру құрылымын құруға қажетті білім бар дегенді білдіреді.

Өз кезегінде олар «волонтерлер еркін болып табылмайды» деп жиі айтады (Кирк, 2009,2 бет). Бұл волонтерлерді басқару бағдарламасы үшін адами ресурстар мен қаржылық қолдау қажет екендігін білдіреді. Бұл сіздің міндетіңіз болады, бағдарлама үшін қандай ресурстар қажет және осы ресурстарды өзіңіз әзірлеуіңіз қажет. Сіздің ұйымыңыз үлкен болмаса да, бір адам волотерлердің дайындықтары мен бақылауын қамтамасыз етуі қажет. Волонтерлердің қажеттілігіне қарай бақылау, есеп берушілік

және есеп беруге міндеттеу деңгейі де артады. Бұл міндеттерді орындау бір адамға жүктелуі қажет немесе бұдан бөлек, бұл жауапкершілікке адам жалдауға тура келеді. Кез келген жағдай іс-шараны ұйымдастыру жөніндегі менеджер волонтерлерге байланысты тікелей және жанама шығындардың болатынын ескеруі керек. Волонтерлерді басқаратын адамды тарту үшін біршама дайындықтар қажет болуы мүмкін. Бұл тұлғаға оқу семинарларын немесе сілтемелерді жіберуіңізге болады. Бұдан бөлек, волонтерлердің жетістігін мойындау жөніндегі бағдарлама шығынсыз келмейді. Іс-шараны ұйымдастыру жөніндегі менеджер ретінде бұл шығындарды ескеруіңіз қажет. Сіз күткен нәтиже үшін бұл шығындар сізге қолайлы ма, соны санап шығуыңыз қажет. Егер қаражат қолжетімсіз болса, қаражат жинастыру қажет болады.

Волонтерлерді басқару бағдарламасының құрылымы мен процестері

Одан әрі, волонтерлерді басқару бағдарламасы қалай жұмыс істегенін және функционалдық процестерде әр волонтердің рөлі қандай болатынын жақсылап ойлануыңыз қажет (Кирк, 2009). Функционалдық процестер мына сұрақтарды қою арқылы бекітіледі:

- Волонтерлер кімге есеп береді?
- Волонтерлер қалай есеп береді?

Волонтерлерді басқару жөніндегі үйлестірушінің артықшылықтарын қаралу өте маңызды. Хагер мен Брунди (2004 ж) волонтерлердің міндеттерін басқару қызметін орындауға кіріскен ақылы штаттағы персоналдың инвестициясы тұрғысынан ұйымдастырудың таза артықшылықтарын қарайды. Олардың зерттеулері таза пайданың ең төменгі деңгейі волонтерлердің үйлестірушісі болмауымен байланысты екендігін көрсетті. Екінші жағынан келгенде, олар ұйым үшін таза табыс волонтерлерді басқарудың басым бөлігіне арнаған ақылы қызметкердің (уақыттың үштен бір бөлігі, үштен бір бөлігі немесе үштен екі бөлігі және одан жоғары) есебінде ұлғайғанын атап көрсетті. Алайда волонтерлерді басқару рөліндегі ақысыз менеджерлер волонтерлерді басқаруға уақытының ауқымды бөлігін бөлген ақылы үйлестірушілар секілді жоғары табысқа қол жеткізді деп есептейді және бұған таңданыстарын жасырмады. Өз кезегінде бұл көрініс одан ә рі зерттеуді қажет етеді деп таныды, кейбір ұйымдарда ақысыз волонтер ақысы төленетін қызметкер секілді тиімді болуы мүмкін, ақы алмайтын еріктілер Сьюзан Эллис айтқан қасиеттерге ие. Хагер және Брудни ақы төленбейтін волоньерлердің болуына қатысты мына гипотезаны алға тартады , оны Сьюзан Эллис «сәнсалтанат заттары» деп атаған (2004ж, 9 бет). Яғни, бұл волонтерлер өз

міндеттерінде өзге ұйымдардың міндеттері мен жағдайларымен шектеулі болмайды. Бұдан бөлек, олар ақысыз үйлестірушілер тәжірибе мен волонтерлік өнімділікті арттыруы мүмкін өз волонтерлерімен белгілі бір қатынаста болуы мүмкін екені түсіндіреді. Тиісті орында тиісті адамның болуы ұйым үшін елеулі пайда әкеледі.

Волонтерлердің міндеттері

Қазіргі уақытта волонтерлер аяқтауы тиісті нақты міндеттерге қатысты талдау жасалуы мүмкін. Бұл қызметтің дамуына көмектесуі мүмкін тағы бірқатар сұрақтарға жауап беру қажет, мыналарды қосқанда:

■ Қызметтердің өзге түрлерін орындау үшін қызметкерді босататын волонтерлерге оңайлықпен бере салатын міндеттер бар ма?

■ Миссиямызда көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге жетуде волонтерлер бізге қалай көмектеседі?

■ Қанша волонтерлер қажет?

■ Волонтерлердің қанша түрлері қажет және қандай тәжірибелері ескерілуі қажет? Волонтерлерден қатысудың қандай түрлерін талап ету қажет?

Хагер және Брудни (2004ж) волонтерлердің түрлі қызығушылықтары мен әдістері бар екендігін, әрі солар арқылы әрекет жасайтындығын көрсетті. Сондай-ақ, олардың зерттеулері егер ұйымдастырушылар волонтерлерді ұйым аясындағы түрлі қызметтерді атқаруға жұмылдыратын болса, ұйым көп жағынан пайда ұтатынын көрсетті. Олар волонтерлерді «басқару саласында ең жоғары талаптар мен ең өзекті мәселелерді жауапкершілікке алу» сынды түрлі тапсырмаларға тартуға қарағанда, түрлі тағайындаулар бойынша пайдалану тек таза табыспен байланысты деген тұжырымға келген (8 бет).

Волонтерлерді іріктеу және тағайындау

Волонтерлерді тағайындау ұйым мен волонтердің нақты талаптарына сәйкес келу керек. Жұмысқа кіріспес бұрын әуелі сіз мына дүниені орындауыңыз қажет, ұйымыңыздағы волонтерлердің барлық түрлерінің тізімін құруыңыз керек, содан кейін жұмыс түрлеріне сәйкес келетін адамдарды сауалнамасына қарап таңдау қалады. Адамдардың мұндай түрлерімен қай жерде байланысқа түсуге болатынын және байланысқа түсу үшін қандай сәтті тәсілдер қажет екенін ойластырыңыз. Кирк (2009) достары мен таныстарын өз еркімен қатысуға шақыра алатын «жасақтаушыны» анықтауды ұсынады. «Волонтерлікке қатысудың ең бірінші тәсілі – бұл өзің сұрау» (Кирк, 2009). Бұл өте маңызды өтініш, және біздің жүйеміздің үнемі дамуы мен кеңейтуін қажет екендігін көрсетеді. Біздің жүйемізде адамдар неғұрлым көп болса, соғұрлым

пайдалауға мүмкіндік беретін ресурстардың жиынтығы көп болады.

Сауалнамаларды салыстырудан бұрын, әрбір волонтерлік тағайындау оның қызметтік міндеттері жайында нақты және жан жақты баяндалуы қажет, бұл өте маңызды. Волонтерлер олардың міндеттері қандай, қандай жауапкершіліктер жүктеледі, нақты тапсырма үшін қандай тәжірибелері болуы керек екендігін нақты білулері қажет. Бұл сол деңгейді уақыт жоғалтпай тұрғанда әділ бағаламау, сол сияқты деңгейді уақыт өтіп кеткеннен кейін бағаламауды білдіреді. Жоғарыда атап өткеніміздей, волонтерлерде эпизодттық қатысу тенденциясы байқалады және өздерінің жеке қажеттеліктерін қанағаттандыруға мүдделі, волонтерліктен жеке пайда алуға болады деген шынайы түсінікті есепке алуыңыз қажет. Қорытындыларды жинақтай келе, персоналдарды іріктеу жөніндегі хабарлама анық, шынайы және әрбір тапсырма үшін болжалды болуы тиіс.

Волонтерлерді іріктеу барысындағы тағы бір фактор түрлі көзқарастағы тәуекелдер деңгейі болып табылады. Тәуекел ұйым тарапынан да, волонтер тарапынан да болуы мүмкін. Барлық мүдделі тараптар үшін тәуекелдерді минимум дейгейге төмендеткіміз келетіні анық, бірақ оны толығымен жоя алмаймыз. Бұл жаңа стратегия әзірленетінін немесе тәуекелдер деңгейінің талдауына байланысты қажетті бақылаулар және түрлі деңгейдегі тексерістер жүргізілетінін білдіреді. Канада еріктілері (2006ж) осы мақсатпен «белгілі бір тұлға немесе қызмет үшін жасалатын тексеріс рәсімдер і ешқандай шектеусіз өтуі тиіс» дегенді ұсынады (20 бет).

Жұмысқа қабылдау және ең үздік адамдарды тарту процестері шеңберінде волонтерлерді алу үшін қызметтер жарияланған тізім дайындау қажет. Олардың кейбіреулері бұқаралық ақпарат құралдарын қажет етуі мүмкін, ал кейбіреулері алға қойылған тапсырмасына байланысты арнайы мамандандырылған аудиторияларға бағытталуы тиіс.

Жұмысқа қабылдау процестері шеңберінде өтінім нысаны қажет екендігі анық, бірақ бұдан бөлек бұл процесте көп көмектесетін әңгімелесушіге қойылатын мәнді сұрақтар дайындауға уақыт табу қажет. Сәтті ойластырылған сұрақтар волонтер ұйымға не ұсына алады және ол сіз дайындаған нақты көзқарас тұрғысындағы бағытқа сәйкес келе ме деген мәселелерді менеджер ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, әңгімелесудегі сәтті сұрақтар және кәсіби деңгейде өткен әңгімелесу әлеуетті кандидаттың ұйым мен өз деңгейінің қаншалықты сәйкес келетіндігін, жеке қажеттіліктерін осы тапсырма арқылы қаншалықты қанағаттандыра алатынын бағалауға мүмкіндік береді. Олар бұл деңгейдегі тексерістер маңызды процестер болып табылатынын және тәуекел деңгейіне тән тексеріс деңгейі де бірге жүретінін білуі тиіс.

Волонтерлердің дайындығы

Адамдар өз еріктерімен қатысады, себебі оларға сіздің шараңыз немесе оқиғаларыңыз қызықты. Олар сіздің сәттілікке қол жеткізу үшін немесе еңбегіңіздің мойындалғаны үшін іс-шараңыздың сәтті өткеніне мүдделі деп болжамдасақ әділетті болар еді. Бұдан бөлек, олар өздеріне жүктелген кез келген міндеттерде сәттіліктерге қол жеткізгісі келеді деп болжамдасақ әділетті болар еді. Сіз оларға іс-шараны ұйымдастыру жөніндегі менеджер ретінде сәттілікке жету үшін оларға және өзіңізге қажетті құрылғылар (ресурстар) мен дайындықтарды ұсынуыңыз керек. Әңгімелесу және жалдау аяқталған соң, волонтер ұйымның миссиялары, мақсаттары мен міндеттері жайында білуі керек. Яғни, мақсатқа жету үшін олар ұйымдастыру қай жерде және қалай өтетінін түсінуі керек. Негізгі мазмұндарды түсіну және ресми немесе ресми емес жағдайда талқылау мүмкіндігін беру бұлжымастық пен ынтаны арттырады. Хабары бар адамдар – ашық адамдар және олар шын мәнінде адами ресурстар мен қоғамдағы сіздің орныңызды және сіздің беделіңізді көтере отырып , ұйымдастырулар үшін «салмақты» бола алады.

Саясат және істер жөніндегі басшылық әр волонтерге берілуі керек, немесе көшірмеі, веб-сайт арқылы қолжетімді. Бұдан бөлек, волонтерлерге мәселелер және кері байланыс бойынша тетіктері бар басшылықпен танысу мүмкіндігі ұсынылуы тиіс. Сондай-ақ, саясат және істер, оларды тағайындау бойынша сипаттамалар анық көрсетілуі керек.

Қосымша, егер іс-шара корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікте іске асырылса , мұны волонтерлер қызметі бойынша оқуға жатқызу керек. Бағдарламаның сәтті болуына көмектесу мақсатында іс-шараға қатысушы барлық волонтерлердің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қызметін қалыптастыруға үлес қосуы өте маңызды. Бұл тақырып келесі негізгі бөлімде толық көлемде қаралатын болады.

Тағайындау түрлер мен тәуекелдерді ескере отырып, волонтерлер өз міндеттерін орындау үшін тиісті дайындықтан өтулері керек. Қарапайым болып келетін кейбір жұмыс түрлері нақты міндеттерге сілтеме жасайтын дәрістер қажет болады. Бұл іскер қағидалар сәйкесінше қарапайым және жеңіл болуы керек. Тәуекелдігі басым басқа жұмыстар арнайы немесе интенсивті оқуды талап етеді. Бұл мүдделі тұлғалар оқытушы ретінде ақылы қызметкер болып бастайды немесе олар арнайы оқыту сабақтарын өткізу қажет дегенді білдіреді. Мұндағы мақсат - өз қызметіңді өзіңді және өзгені тәуелкелге қалдырмайтындай етіп орындау.

Еріктілер сондай-ақ өздерінің міндеттерінің қай жерден басталып,

қай жерден аяқталатынын хабардар болулары керек. Бұл адамның құлшынысын азайтпайды; бұл волонтердің өз міндеттерінің нақты шекарасын біруге және «жұмысынан сырғу», байланыс және ықтимал кикілжіндерді болдырмауға жол ашады. Өзіне тиесілі шекарадан асып шығу өзі үшін, басқа адамдар мен ұйымдар үшін тәуекелді ұлғайтуы мүмкін. Бұл тексеріс және тиімділікті үнемі бағалау мәселелерді шешуі қажет. Олар волонтерлердің ұйым үшін кері байланысты және енгізілген мәліметтермен қамтамасыз етуіне мүмкіндік тудыруы қажет. Undercover Boss реалити-шоудың атағы тұлға және компанияның нақты баспасөз хатшысы ретінде қызмет істейтін және жұмыс істейтін «орындардағы» адамдарға қосылу мүмкіндігі бойынша қажеттілігін дәйекті түрде көрсетеді. Дайындық, бақылау және кері байланыс қанағаттанушылықтың басты бөлшектері болып табылады.

Өз кезегінде қанағаттанбаушылық немесе күтілетін нәтиженің болмауы салдарынан не ескерту беру немесе кейбір жағдайларда тікелей жұмыстан шығару қажет жағдайлар туындап жатады. Ең бастысы, жұмыстан шығаруға негіз болып табылатын анық белгіленген стратегия және орында процестер бар және олардың қалай қабылданатыны маңызды. Бұл ережелер мен нормалар талап етілуіне қарай жасалмайды, бірақ олар алдын ала қабылданған болуы қажет. Әр волонтер бұл жөнінде оларға мақсаттар мен міндеттер және т.б. хабарланған уақытта айтылуы керек. осындай мән-жайлар туындағанда хаттамалар толтырылып, адамның абыройы қорғаулы болуы тиіс.

Волонтерлерді ұстау және дербестігі

Гольфист кәсібі бойынша Джек Никлаус айтқандай: « Сізге ұнамайтын нәрседе сәттілікке қол жеткізу қиын!» Бұл сөздің волонтерлер ұстау түсінігіне қатысы бар. Сізге ұнамайтын жұмысты қашанғы істей бересіз? Бізге қолжетімді, қанағаттанушылық сезім сыйлатын қызмет түрлерінің кең ауқымын ескере отырып, басқа пайдалар үшін біз өз қызметімізді тастап кетеміз. Волонтерлер ұстау бағдарламасы волонтерлерді қолдауға септесетін ортаны дамытуға қызмет етуі тиіс.

Өз кезегінде ұйымдар бейбіт және абыройлы болуға итермелейтін мәдениет саласын дамытулары керек. Ертеде дәлелденгені анық, ұйымдар волонтерлердің көмегінсіз ешқайда бара алмайды. Оларды бағалы және үлес қосушы команда мүшелері ретінде қарау үшін әрқайсысы даму үшін селбесуші қатынас орнату қажет. Жалпақ тілмен айтқанда, бұл қатынастар қарапайым «басқарушылықпен» жасалуы мүмкін. Сіздің қатысуыңыз, кездейсоқ болса да, атқарылған жұмыс дәрежесін білдіреді және өз үлесіңізді қосқандай және сол үшін тырысқандай сезінесіз. Ресми және рес-

ми емес кері байланыспен қамтамасыз ету мүмкіндігі сіздің дауысыңыздың естілгенін және маңыздылығын қамтамасыз етеді. Волонтерлердің үлесі жоспарлау және бағалау процестеріне қосылуы мүмкін. Егер волонтерлер өздерін тең ұстаса және команда мүшелерімен әрекеттессе , олардың қарым-қатынасы ұзаққа сақталуы мүмкін. Бұдан бөлек, ұйым үшін белсенді мәдени ортаны қалыптастыру жолында волонтерлермен жиі және тиімді жұмыс істейтін қызметкерлер де осы қарым-қатынастарды ұстануы керек.

Сіздің ұйымыңызды таңдамас бұрын волонтерлердің назарын өзіне тартып әкететін көптеген дүниелер бар. Егер бұл жолға көп уақыт, ақша және дайындықтар жұмсалса, оларды ұстау тетіктері болғанын қалаймыз. Хагер мен Брудни (2004) көрсеткендай, «ұстау мүмкіндігін арттыру мақсатында ұйым ұйымдастырылған тапсырмаларға сәйкес волонтерлердің дайыныдығын, білігін арттыру және бақылау (оларды) және оларды жинауды қамти отырып, «волонтерлердің тәжірибесін байытуға», «волонтерлерді мойындауға» көп көңіл бөлуі керек» (1 бет), Хагер мен Брудни қызмет көрсету мен әкімшіліктерде ұйымдастыру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін волонтерлер қызмет кең ауқымда қолданылатынын айтып келеді. «Көптеген қайырымдылық шаралар өздерінің волонтерісіз өткізе алмайды. . . Волонтерлер оқиғасы келушілерге қызмет көрсету қабілетін қауіпті төндіре отырып, қайырымдылық ұйымның жұмысына нұқсан тигізуі мүмкін, сондай-ақ, бұл волонтердің жұмыс істеу тәжіриебесінің маңыздылығынан хабар береді» (12 бет).

Волонтерлерді мойындау

Жоғарыда айтқанымыздай волонтерлер өздерінің тәжірибелерін, білімін және уақыттарын ұсынады және бұған ақы күтпейді. Алайда, бұл біз өз міндеттеріміздің ауытқып, олар қосқан ауқымды үлесті мойындау дегенді білдірмейді. Іс-шараны ұйымдастыру жөніндегі менеджер ретінде волонтерлердің үлесін көпшіліктің алдында және ресми түрде мойындауыңыз қажет. Оны баспа материалы, жеке хат , іс-шара көпшілік алдында өтсе бұқаралық ақпарат құралдарында, волонтермен жеке әңгімелеу сынды әдістер арқылы істеуге болады.

Түскі ас, қабылдау, сертификаттар, ұсыным хаттар немесе мақтау қағаздары сынды ресми түрдегі әдістерде дәйекті түрде және уақытында жасалуы керек.

Ресми емес мойындау әдістері де өз уақытында және тиісті деңгейде дайындалуы тиіс . Бұл қарапайым ғана, волонтерді ұйыммен байланыстыратын киім болуы мүмкін және волонтерлерді көптеп тартуы мүмкін іс-шара мәдениетті қалыптастыру үшін ұзақ жолдан өтеді.

Дайындалған және ынталандырылған волонтерлердің қоры шараны басқару жөніндегі менеджер ретінде арқа сүйей алатын бағасыз ресурс болып табылады. Бұл оқулықтағы көптеген басқа түсініктер секілді, ресурстың бұл түрі оңайлықпен келген жоқ. Ол алдын ала жоспарлау мен бөлшектерге дейін назар аударуды қажет етеді. Сонымен қатар, ол волонтерлер өздерінің айтарлықтай үлестерін қосқанын және олардың қатысуы маңызды, бағаланғанын сезінуге кепілдік беретін адамдарды басқару жөніндегі менеджер ретіндегі тәжірибеңізді қажет етеді.

Қазіргі уақытта іс-шараны ұйымдастыру жөніндегі менеджерлерге ең ауқымды көлемде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті үйлестіру және басшылықтың іс-шара мақсатына келісімін қамтамасыз ету және неғұрлым ауқымды қауымдастық пен қайырымдылықтың талатарымен міндеттер сынды тапсырмалар тұр. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тақырыбы келесі беттерде талқыланады.

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҮЙЛЕСТІРУ

(Чери Брадиш редакциясымен)

> *Заманауи спорттық нарықта азаматтарға жауапты корпративті бола тұрып, сіздің спорттық ұйымыңызға жеке тұлғалар, компаниялар және қоғамдық топтар аударған қаржылық салымдар мен эмоционалдық стюардқа мұқият болу керектігін білдіреді. Бұл инвестициялар үшін негізгі маңызы бар әріптестерді мойындау, бағалау және тәрбиелеу болып табылады.*
>
> *(VP, Maple Leaf Sport and Entertainment, 2005)*

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) және әлеуметтік жауапкершілік заманауи менеджерлер мен мамандар үшін қайта көтерілген және стратегиялық маңызды концепция болып табылады. Осылайша, бұл әсіресе шараларды ұйымдастыру жөніндегі менеджерге тиісті ұйымдар мен іс-шаралар арқылы «маңыз» беруді түсіну үшін аса қажет. Қайырымдылық болсын, сауықтыру бағдарламасының қызметкері немесе тіпті халықаралық ауқымда болсын, іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі менеджерлерге қоғамның тұтастығы мен өзіңді және өз ұйымыңды сенімді ұстау, қауымдастықтың жағымды қызметтерінде белсенді жетекші рөл атқару маңыздылығын бағалау қажет.

КӘЖ кең ауқымды түсінікте және түсіндірмеде теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да тұрақты қауымдастарды табыстылыққа ұйымдастыруды тегіс қамтитын ұстаным ретінде қаралады. Жалпы кең ауқымда КӘЖ-ді өзіңді әдепті ұстауды ұйымдастыру қызметтері ретінде

түсінуге болады. КӘЖ-дің терең мағынадағы ұстанымын құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту арқылы дирекциялық бизнес тәжірибесімен, есеп берушілік және корпоративтік ресурстар, сонымен бірге қауымның дамуы мен үлесі сынды бірқатар дүниелердің көмегімен қол жеткізуге болады (Котлер және Ли, 2005). КӘЖ принципті түрде корпоративтік азаматтық ретінде де аталуы мүмкін: ұйымнан өзін әдепті ұстауы және өзінің игі қызметтері үшін есеп беруі міндеттеледі.

КӘЖ кең ауқымды түсіндірмеде спорт, демалыс, саяхат және әл-ауқатты қауымдастыққа ұстанымды көрсету үшін көптеген түрлі мүмкіндіктері бар іс-шараны ұйымдастыру жөніндегі менеджерлерді қамтамасыз ететін концепциялар мен тәжірибелерге «берілуге» байланысты және солар арқылы белгілі. Өз түсінігіне қарай КӘЖ-ге деген шынайы ұстаным оны сенімді әрі ақылға қонымды ету үшін өмір сүруі керек. Менеджерлер КӘЖ қамқорлығына сәйкес бірқатар тиісті стратегияларды қабылдауы мүмкін. Бұл жергілікті тұрғындарға және тіпті даму кепілі спортқа қатысты нақты қоғамдық бастамалармен, стратегиялық қайырымдылықпен байланысты корпоративтік бедел, маркетинг принциптерін қарайтын терең және этикалық іскер тәжірибеге әрекеттесетін болады.

Корпоративтік бедел «жеке» ұйымның қоғамдығын теңестіретін ерекшеліктердің қиын қабысуын қарайды. Корпоративтік бедел бизнестің жауапты тәжіриебесіне және әл-ауқат қоғамын ұстануға байланысты іс-шараны мемлекеттік және корпоративтік қабылдау өлшемі болып табылады. Бұл спорт, демалыс, саяхат және іс-шараны ұйымдастыру жөніндегі менеджер үшін корпаративтік беделді түсіну және түсіндіру өте маңызды. Жоғары беделі бар компания мүдделі тұлғалардың, қызметкерлер мен тұтынушылардың тиісті назарына қол жеткізеді.

Нақты қоғамдық бастамалармен байланысты маркетинг, әл-ауқат қоғамын шынайы ұстану ретінде қалыптасуы мүмкін, бірінші кезекте тиісті деңгейде өткізілетін маркетингілік стратегия атауынан келіп шығады. Нақты қоғамдық бастамаларға қатысты маркетинг компанияның КЭЖ тәжірибесіндегі тағы бір маңызды бөлігі ретінде қаралуға болады. Нақты қоғамдық бастамаларға байланысты маркетинг мысалы ретінде өз тұтынушылары үшін ұқсас дамыған бағдарламалар арқылы фирманың әлеуметтік себептерін қолдау болып табылады. Қарапайым әдіспен байланыс орнату, әрі қарай А демалыс ұйымы жергілікті іс-шарада қатерлі ісікпен ауыратындардың ұлттық қоғамына әрбір тіркелгендер үшін бір доллардан береді. Қазіргі кезде жұмыс істейтін мұндай бағдарламалар өте көп. Бұл бағдарламалар тәжірибеде шынайы болса және компания басшылары мен қызметкерлерімен бірге бұл істе шынайы ұстанымын

көрсету арқылы, шын мәнінде іс-шараға тиісті деңгейде көбірек қатысуы және мойындалуы болған жағдайда анағұрлым тиімді болып табылады.

Қайырымдылық стратегиясы қарапайым стратегиялық көмек ретінде, көп жағдайда қаржылық қолдау ретінде түсіндіріледі. Ұйым өзінің міндеттері мен мақсаттарына сәйкес себепті (себептерді) қабыллдайды, сөйтіп бір жылдың көлемінде осы себепті қаржылай қолдап келеді. Нақты қоғамдық бастамаларға байланысты маркетинг секілді бұл істерге қатысты (мысалы, ақша және уақыт) шынайы қызметтердің және әріптес ретінде істің мән-жайын жақсартуға тырысатыны өте маңызды.

Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас, маркетингтің үлкен қамқорлығы сынды, сондай-ақ КӘЖ тәжірибесі не тиімді шығу жолы болып табылады. Бұл жерде спорт, демалыс сынды әлеуметтік бағдарламалары немесе спорт, демалыс және саяхатты ұйымдастыру арқылы қоғаммен арадағы тығыз байланысты дамытуы мүмкін. Пайда ала отырып, қолдау көрсететін және коммуналдық қызметтерді төлейтін компанияның игі істерін бөліп көрсетудің мүмкіндіктері бар. КӘЖ ауқымды бағдарламаларын жүзеге асыру және дамыту үшін жергілікті тұрғындармен қатынас, БАҚ-пен қатынас және қоғаммен байланыс бірге жұмыс істеуі мүмкін.

Даму кепілі спорт – бұл экономика болсын және/немесе қоғам, тіпті Халықаралық Олимпиадалық мінез-құлық кодексінде көрсетілгендей әлемнің барлық халықтары үшін спорт және демалысты дамыту құралы ретінде түсінетін және түсіндіретін ұйымдарға сәйкес тұжырым. «Ойынға құқығы бар» даму кепілі спорт ұйымымен әріптестік қарым-қатынас (Кесте 4.1) ауқымды элемент қосады және халықаралық қауымдастықтардың назарын жалпы ұйымдарда КӘЖ-ді ұстану мәселелеріне аударады.

Іс-шараны ұйымдастыру жөніндегі менеджер ретінде КӘЖ-ді түсіну сіз ұйымдастыруыңыз мүмкін іс-шараға қарамастан күшею аясындағы басымдықтарды береді. Сәтті жасалған КӘЖ жоспары бар компанияларды есепке алу өзіңіздің құралдар жәшігіңізге салып қоятын тағы бір құралыңыз болып табылады. Іс-шараға дұрыс компанияны таңдау сіздің міндетіңіз болып табылады, алайда мұны өзіңізбен қоса барлығына тәсіл табылған жағдайда қолдануға болады.

Бірінші деңгейі, егер компания іс-шарамен келісілген болса, сізге кезінде игілігіңізде бұрын болмаған ресурстар, соның ішінде адами, техникалық және қаржылық материалдар қолжетімді. Екінші деңгейі, іс-шараңыздың беделі мен жалпылылығы үлкен беделге ие танымал компаниямен байланысу қабілетіңіздің есебінде көтерілуі мүмкін. Тағы бір деңгейі, кейбіреулер: «Егер Х қатысса, онда біз де тартылуымыз керек» десе, «ағылып жиналу» нәтижесі орын алуы мүмкін.

“Ойынға құқығы бар” ұйым денсаулықты жақсарту, өмірлік тәжірибелерді тудыру және соғыс, кедейшілік және аурулардан жапа шеккен балалар үшін әлемді жақсарту мақсатында арнайы даму кепілі спорт және ойын бағдарламаларын қолданады. Гуманитарлық тұрғыда және осы дамыту контексте жұмыс істеу, «Ойынға құқы бар» Африка, Азия және Таяу Шығыс елдерінің 20-дан астам елде жобалары бар.

“ Ойынға құқығы бар ” жобасын жүзеге асырушы ең ауқымды Әлем мен даму кепілі спорт бағдарламасы және осы сала мен балалардың құқығын қолдауды зерттеу мен дайындау жолында белсенді рөл атқарады.

“ Ойынға құқығы бар ” бағдарламаның төрт стратегиялық саласына көңіл аударады, соның ішінде Балалардың базалық білім алуы және дамыу, Денсаулықты дамыту және аурулардың алдын алу, Кикілжіндерді шешу және бейбітшілік рухта тәрбиелеу және Қауымдастықтарды дамыту және қатысу.

Әріптестермен, қаржылық мекемелермен және жергілікті қауымдастықтармен жұмыстар арқылы “Ойынға құқығы бар” туындаған қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін кез келген бағдарламаны қалыптастырып жібереді. Әр бағдарламаның нақты мақсаты, салдары мен нәтижелері бар. Әр құрылған бағдарлама демалыс және спорт үшін арнайы жасалған ресурстарға, сонымен қатар бағдарламаларды жасау тәжірибелеріне, ғылыми зерттеулерге, мониторингтер мен бағалауларға, командалардың стратегиялық және аймақтық кеңселеріне арқа сүйейді.

Балалар құқығы туралы Конвенциясының қағидаттары “Ойынға құқығы бар” ұйымының негізінде жатыр, және олар бағдарламалары арқылы неғұрлым қысым көрген балаларға, оның ішінде АИТВ және ЖИТС-тен зардап көрген қыз балалар, көше балалары, бұрынғы комбатан-балалар, босқындар және балаларға пайда әкелетініне кепілдік береді.

“Ойынға құқығы бар” елшілер-спортшылар командасы 40-тан астам елдің ең үздік халықаралық командаларымен қаржыландырылады. Бұл спортшылар балаларды қанаттандырады, салауатты өмір салтын ұстануға үлгі болып табылады және «Ойынға құқығы бар» жобасының ақпараттандыру деңгейін арттыруға және қаржыландыруға ат салысады. «Ойынға құқы бар» басшылығында президент және компанияның басқарушы директоры, олимпиадалық алтын медальдің төрт дүркін иегері Йоханом Олавом Косс отыр, спортшылар – елшілер қатарында Уэйн Гретцки, Мартин Хингис ,Дикембе Мутомбо, Хайле Гебрселассие, Майкл Эссьен, Фрэнк Лэмпард, Аня Парсон, “Челси” футбол клубы және т.б..

“Ойынға құқығы бар” ұйымының ауқымы өте кең, ол Азербайджан, Бенин, Чад, Қытай, Эфиопия, Гана, Индонезия, Иордания, Ливан, Либерия, Мали, Мозамбик, Пакистан, Палестина аумақтарында, Руанда, Сьерра-Леон, Шри-Ланка, Судан, Танзания, Таиланд, Уганда, Біріккен Араб әмірліктері және Замбияда жұмыс істейді.

“Ойынға құқы бар” ұйымы туралы қосымша ақпарат алу үшін, қараңыз:

http://www.righttoplay.com/site/ PageServer? pagename=overview

Сызба 4.1 Ойынға құқығы бар

Қоғамға берілу түсініктері симбиотикалық түсініктерді қалыптастырады. Іс-шара қоғам тарапынан қолдаулар мен мойындауларға ие болады және қоғам айтарлықтай (мысалы, экономикалық инфузия арқылы) және еленбейтіндей (мысалы, туристік орталық ретінде жоғары бедел жинайды) табысты әрекеттеседі. КӘЖ саласында нақты жоспары бар іс-шаралар, сонымен бірге жоспарды ұстану нарық үлесін арттыруы, өз ұстанымындағы сауда белгісін нығайтуы, корпоративтік имидж бен қызметкерлердің моральдік рухын көтеріп тастауы мүмкін. Бұндай жоспардың болуы сонымен бірге қызығушылық танытқан тараптар жағынан назар аударуды арттыруы мүмкін.

Өз кезегінде бұны ұсынғандай, сәтті жасалған КӘЖ жоспары бар компанияларды назарыңызды ұстау мақсатты әріптестерге немесе мүдделі тараптарға КӘЖ-ді әрі қарай жылжытуды ойлауға мүмкіндік береді. Осылай жасай отырып, іс-шараның беделі мен сәттілігін арттыра аласыз және іс-шара мен қоғам үшін ұтымды жағдай туғыза аласыз.

3 және 4-тарауларда жоспарлау моделін жасау сатылары қаралады . Ендігі кезекте біз 5-тарауға және іс-шараны жоспарлау моделін өткізу жоспарының сатыларына өтеміз

ТАРАУ БОЙЫНША СҰРАҚТАР

1 Іс-шараны ұйымдастыруды басқару саласында волонтерлердің әсері және волонтерлерге міндетті түрде қызмет көрсету қажеттіліктері жайында талқылаңыз.

2 Волонтердің өмірлік айналымындағы тәжіриебін сипаттаңыз.

3 Іс-шараға қатысушы қызметкерлерді бағыттайтын стратегиялық көз жеткізулерді қажет ететін салаларды анықтау үшін қолданылатын осы тарауда келтірілген ең кем дегенде үш стратегияны сипаттаңыз.

4 Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік дегеніміз не (КӘЖ)?

5 Іс-шара барысында КЭЖ қалай анықталады және КӘЖ-ге қаншалықты маңызды деп қарайсыз?

5-ТАРАУ

С-ШАРАНЫ ЖОСПАРЛАУ МОДЕЛІ: ІС-ШАРАНЫ ЖЕДЕЛ ЖОСПАРЛАУ САТЫСЫ

ЧЕРИЛ МАЛЛЕН

Іс-шараларды жоспарлау моделінің екінші сатысы, іс-шараны жедел жоспарлау кезеңіне іс-шаралардың әр түрлі құраушылары үшін жазбаша жедел жоспарларын құрастыру жатады. Осы жоспарларға іс-шараларды жедел жоспарлауға басшылық ету бойынша нұсқаулығы жатады. Іс-шара компоненттерінің мысалына орналастыру, аккредитация, рәсімдер, хат-хабарлар, допинг-бақылау, тамақтандыру қызметі, қонақтарды қабылдау қызметі, бұқаралық ақпарат құралдарын басқару, лауазымды тұлғаларды басқару, қатысушыларды басқару, еріктілерді басқару, сыйлыққтар мен сыйақылар, көрермендер мен көлікке қызмет көрсетуді құрайды. Осы бөлімде іс-шараны сәтті өткізуге мүмкіндік беретін, негізгі төрт мезханизм аталатынын ескере өткен маңызды. Осы механизмдерге жүйені жедел жоспарлауға талдау жасау, логикалық, тізбектелген, егжей-тегжейлі және кешенді жоспарларды құру, мән-жай жоспарын енгізу және процесс жоспарын жылдамдату жатады. Және де, бөлімде іс-шараларды жедел жоспарлаудың өзекті сұрақтары баяндалған және тәжірибелік сценарийлер қаралған .

МЕХАНИЗМ 1: ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ БОЙЫНША ЖЕЛІНІ ӘЗІРЛЕУ

Жедел процесті бастау үшін іс-шараларды ұйымдастыру бойынша менеджер желіні жедел жоспарлауын құру үшін мүмкіндік жасауға міндетті. Бұл желі осы іс-шараны жедел жоспарлау талаптарын қанағаттандыру мақсатымен жоспарлау тәжірибесі бар адамдарды біріктіру және нақты санымен, мүмкіндігі бойынша үздік адамдарды тағайындауға іс-шараларды ұйымдастыру бойынша менеджердің алдын ала сезінуін қажет етеді. Жеке тұлғалардан мүлтіксіз желіні белгілеу үшін бірыңғай формуласы жоқ; әр жағдай өзінше бірегей болады. Бірақ та, егер адамдар дұрыс тағайындалмаса, жоспарды әзірлеудің тиімділігіне ықпалын тигізетін мәселелер пайда болуы мүмкін. Әр компонент үшін жедел жоспарлау құрудың мақсаты компоненттердің жедел жоспарларын құрастыратын дарынды жобалаушылардың қиын комбинациясын, сондай-ақ, басқа да негізгі компоненттер іс-шара қызметкерлерімен әрекеттесуін және үйлесуін талап етеді.

Қарапайым ғана жаттығу адамдарға тапсырма берудің қиындығын

көрсетеді. Әдеттегі дәстүрлі немесе дәстүрлі емес іс-шараларда болуы мүмкін, құрамалардың тізбегін аяқтау үшін сіздің табыңыздағы мүшелерінің бөлінуін қарастырамыз. Тапты қалай бөлуші едіңіз? Топтарға бөлуде қандай элементтерді қаралушы едіңіз?Желі мүшелерін белгілеу үшінкөптеген тәсілдер бар, оның ішінде іспеттес тәжірибесі бар топтарға бөлу; білім базасын кеңейтуге мүмкіндік беретін кеңейтілген білім спектрын ұсынатын топтар құру; немесе бірге жұмыс істей алатынына байланысты бөлінетін топтар құру. Адамдар компонетте жеке қызығушылығы негізінде топтарға орналасуы мүмкін. Әр жағдайға қолданылуы мүмкін, топтарды бөлудің көптеген нақты тәсілдері бар. Ол шараларды ұйымдастыру бойынша менеджері үшін нақты контекстке сәйкес желінің жеке мүшелерін белгілеуде түсінік пен қабылдауды дамытуға өте маңызды.

Іс-шараны жедел жоспарлаудың әр бөлігіне белгіленген тұлғалар буынды құрайды. Буын қосымша құрамдас буындарға бөлінуі мүмкін. Мысалы, орналастыру бойынша жоспарды құастыратындар құрамдас буындарға бөлінуі мүмкін, осымен бірге әрқайсысы орналастыру жоспарына бөлек жауап береді, мысалы, біреуі қатысушылар бойынша, басқасы лауазымды тұлғалар бойынша және үшінші буын комитет мүшелерін еріп жүруін басқарады. Құрамдас буындар арасында өзара байланыс орналастыруды жоспарлау бойынша жалпы тапсырмаларды орындау үшін қажетті, өзара ынтымақтастыққа мүмкіндік береді.

Буындар арасында байланыстар (оның ішінде компонент ішінде және компоненттер арасында байланыстар) жан-жақты ұйымдастыру ішіндегі одақтар желісін құрайды. Осы байланыстар жоспарларды әзірлеу, жоспарлау шешімдерін басқару және істер немесе проблемаларды басқару үшін мүшелердің өзара байланысын анықтайды. Әр байланыс қолдану кезінде бірегей болатын, желі альянсын құрудың құылымдық жобалауының бөлігі болып табылады.

Желілік альянсын әзірлеуде үздік жедел жоспарларын әзірлеуде тиімділігі үшін маңызды мағынасы бар. Желілік альянсын әзірлеуге ықпалын тигізетін көптеген әсерлер бар. Әсер тигізетіндердің кейбір мысалдарын көрсету үшін, жағдайлар теориясы, қиындық теориясы мен агенттік қатынастар теориясында анықталған ерекшеліктер желіні әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

Жағдай теориясын қолдану

Мән-жай теориясында жоспарлау буындарының арасында альянс байланысына құрылым жасағанда жалғыз ғана дұрыс тәсілі жоқ екенін көрсетеді. Мәнжай теориясында бір ғана дұрыс құрылымын іздеу біздің әлемге сәйкес келмейтінін мәлімдейтініне байланысты жасалады, өйткені «бүкіл жағдайларда басқаларынан басым болатын» бірде бір ұйымның жүйесі табы-

луы мүмкін емес (Оуэн, 2001, 399 бет). Альянстың әр жедел жоспарлауының құрылымы әр іс-шараның нақты қажеттілігі үшін тиімді әзірленуі қажет.

Жедел жоспарлау кезеңінде жағдай теориясының осы сипаттамасын қолдану дегеніміз өткен іс-шара мерзімінде жұмыс істеген желіні жедел жобалануы басқа жағдайда жұмыс істеуі мүмкін еместігін білдіреді. Сонымен, жедел жоспарлау кезеңінде әр желіні әзірлеуді кім басқарады?

Вайнгард и де Вриз (2006) конфигурация немесе құрымды анықтайтын тапсырмалармен бірге жүктелген құқықтар мен жауапкерілік деп ойлайды. Осы құрылым желіні әзірлейтін шаралардың жедел желісінің мүшелері мен іс-шараларды ұйымдастырушылардың күтілетін тәртібін белгілейді. Яғни, ұйымдастыру бойынша менеджер мүшелер, билік қызметтерін - жанжақты ұстанымдарын тиімді ету үшін іс-шараның контекстін сезінуі тиіс екенін білдіреді, келісімдер, құрылымдар және жалпы автономиялар – жедел жоспарлауға қажет. Органикалық құрылымдардың (оның шеңберінде мүшелердің, оларға қатысты бөлімдерде шешім қабылдауға құқықтары бар) және иерархиялық құрылымдардың үйлесуі іс-шараның кешенді ортасына қажет болуы мүмкін. Іс-шаралар бөлімдеріне жедел жоспарлау үшін үздік деп аталған, бірде бір алдын ала жобаланған құрылым жоқ. Іс-шараларды ұйымдастыру бойынша менеджері әр түрлі желілік ішкі ұйымдастыру зерттемелері үшін ашық болуы тиіс, олар іс-шаралардың әр түрлі элементтері үшін қажет болуы мүмкін.

Қиындық теориясын қолдану

Қиындық теориясы оралымды кезеңінде де қолданылады . Қиындық теориясында заманауи ортада басты шарт ол шешуші штатта екенін білдіреді (Доэрти и Деленер, 2001). Яғни, қоршаған ортаның жағдайы «белгісіздік, диверсия және тұрақсыздық» деңгейлерінен құрайтынын білдіреді (Стэйси, 1996, стр. 349). Қоршаған ортаның тұрақты жағдайына қолжеткізу мүмкін емес, өйткені «әлем негізінде диссипативті құрылымдардан тұрады» (Кейрси, 2003, стр. 4). Диссипативті құрылымдар тұрақты құрылымдардың дамуынан тұрады, олар бірнеше күштермен таратылады және қайта орналастырылады, яғни ешкім күтілгендей «тепе-тең» жағдайында бола алмайды (4бет). Қоршаған ортаның қиындығына құрылымдардың өзгеру сипаты жатады, яғни қоршаған ортада жұмыс істегенде өзгеріссіз болмайтынына сене алмаймыз.

Қиындық теориясының ерекшеліктерін қолдану – шараларды ұйымдастыру бойынша менеджері өзгеру жағдайларына бейімдеу үшін жедел желілік альянсын тиімді әзірлеуі тиістігін белгілейді. Желілік альянсы әзірленіп, құрастырылған кезде ғана тұспалануын күткенде, өзгеруін түсіну кезінде әзірлеушінің жұмысы аяқталмайды. Жаңа немесе өзгеріс жағдайларын игеру үшін желіні басқару қажет.

Іс-шараның жедел желісі шеңберінде тепе-тең жағдайын күтуге болмайды. Өзгерістерге буындар шегінде желінің мүшелерін жаңадан жасақтау, кейбір мүшелерді ауыстыру немесе буындардың өзара әрекеттесуіне байланысты жаңадан жасақтау жатады. Көпжақты ішкі ұйымдастыру желілік альянстар көп уақыт ішінде құрылады, іс-шараны өткізу кезінде жедел жоспарларды әзірлеу үшін жобаның икемді талаптарына жауап беретіне кепілдік беруде бейімделу үзіліссіз болуы жөн. Осы талап іс-шараларды ұйымдастыру бойынша менеджер үшін тұрақты және қиын тапсырма болуы мүмкін.

Агенттік қарым-қатынастар теориясын қолдану

Агенттік қарым-қатынастар теориясы, жоспарлаудың жедел кезеңінде қолданылатын, екі негізгі сұрақпен айналысады. Екі сұрақ та жоспарлауды күшейтуде ынтымақтасуды қамтамсыз етуге қатысты. Бірінші сұрақ осыған қатысты «принципал және шиеленісу агенттің ынталары немесе мақсаттары [қалай]... принципал үшін агенттің нақты не істеп жүргенін тексеру қиын және де көп шығын талап етеді» (Эйзенхардт, 1989, 57бет). Осы сұрақты көтеру жоспарлаудың жедел желісіне мыналар қажет екенін білдіреді, (1) жедел жоспарлау кезеңінде барлығы олардан күтілетін тәртіп болатынына кепілдік беру үшін, (2) ұжымдық мақсаттар мен талаптарға жұмыс істеуге топты ынталандыру, (3) топтың тиімді прогресі бағытында жұмыс істеу және (4) жедел жоспарлау прогресшіл мәселелері бойынша желілер мүшелерінің арасындағы жақсы байланысын қамтамасыз ету. Егер, желінің мүшелері арасындағы қарым-қатынасты жақсы коммуникация жеңілдетпесе, жедел жоспарлауды аяқтайтын көптеген желі мүшелерімен жасалған, прогресске жету немесе түсінуде нәтиже қиын болуы мүмкін. Одан басқа, агенттік теориясындағы екінші сұраққа «принципал мен агенттің тәуекелге қатысты қатынасы әр түрлі болған жағдайда тәуекелді бөлу» жатады (58бет). Осы сұрақты көтеру дегеніміз желі мүшелері жедел жоспарлаудың тәуекел элементтерін басқаруы, мысалы жедел жоспарлаудың аяқталу мерзімдерін, және маңызды уақыт кезеңдерінің ықпалымен байланысты болуы.

МЕХАНИЗМ 2: ЖЕДЕЛ ЖОСПАРЛАРДЫ ЖАЗБАША ҚҰРУ

Іс-шараның жедел желісінің мүшелеріне жедел жоспарларды жазбаша құру мақсаты қойылған, олар іс-шара шеңберінде әр компонентті өткізуге дайындау үшін басшылық ету нұсқаулығы. Бұл тапсырма жедел желінің мүшелерін іс-шараға дайындалу үшін бағыттар жасауды талап етеді.(Вайнгард и де Вриз, 2006). Осы жазбаша жедел жоспарлар іс-шараны өткізудің барлық функцияларын басқару үшін мақсаттар мен бағыттарды белгілейді. Ережеге сай, көптеген жедел жоспарлар үйлесімділігі бойынша құрылады. Жедел желінің барлық мүшелері әр буынның аясында жоспарлау функциясы-

на жауап беретін жауапкершілікті қанағаттандыруға қажет білімі болуы жөн. Бұл салаға жедел жоспарлау үшін жазбаша нұсқасын әзірлеу, логикалық, тізбектелген, толық және кешенді жоспарларды құастыру жатады.

Жазбаша түрде іс-шараны өткізу жоспары: әзірлеу нұсқасын құрастыру

Бірте-бірте жедел жоспар бойынша нұсқаулықты жазу тапсырмасын орындауды бастау үшін, келісімге жету және бақылау болғандай формат қажет (Вайнгард и де Вриз, 2006). Осы басшылық ету форматы барлық жазбаша жедел жоспарлар сияқты жазылуы тиіс. Көптеген шаралар форматтары спорт, демалу және туризмде қолданылады. Қолданылатын бірыңғай формат түрі жоқ. Формат үшін жалпы ережесі - жоспар бойынша барлық талаптар көрсетілуі тиіс екеніне кепілдік беру. Осы талаптарға келесі элементтер жатады:

- жинақ есеп;
- мақсаттар мен тапсырмалар;
- әр жоспарланған қызметтерді өткізу уақыты;
- жоспарланған тапсырмалардың толық тізімі;
- әр жоспарланған элемент үшін уәкілеттік;
- оқиғалардың негізгі элементтерін орналастыру және қызметті көрсететін диаграммалар.

Әр таңдалған формат іс-шараны жедел жоспарлаудың қиындығы мен үзіліссіздігін есепке алғаны жөн, олармен қатар, қолдануға ыңғайлы элементтерге байланысына қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін нақты жоспар шеңберінде жазылуы тиіс. Әзірлеу форматтарының мысалдарын осы бөлімнің соңында табуға болатын жедел жоспарлар үлгісінде қараңыз.

Іс-шаралар өткізудің логикалық жоспары

Іс-шараның жазбаша жедел жоспарларын құрастыру мерзімінде, жедел жоспарлау желісінің барлық мүшелері нақты бөлімдерін аяқтау үшін қажетті, жеке қызмет пен тапсырмаларды анықтап, жазуға үйренуі жөн. Жедел жоспарлауға алдын ала жорамалдарын құру, табысты шара өткізу кезінде әрекеттердің жазбаша, логикалық және жүйелі тізімін әзірлеу үшін қорытындылары жатады. Осы процесс бұл тек қана қызмет еместігін «ойластыруды» қажет етеді. Концентрация әр құраушының элементінде ішкі компонент және әр логикалық қадамын және қадамдарды жазуды шектеу қиын және тапсырмалармен көп уақыт алатындықтан іске асырылады. Мақсаттар мүшелерге көмек көрсетуге жасалуы мүмкін, өйткені олар материалдық-техникалық қажеттіліктерді «ойластырады».

Неге жедел жоспарлау ережелерінің тізімін жасайды, нені қоспаған жөн?

Алдын ала өткізілген көптеген іс-шараларда іс-шараның қызметін айқындайтын немесе тізімін жасайтын ақпарат бар. Сілтемелер бойынша осы ақпарат іс-шараны логикалық жедел жоспарлауын әзірлеу үшін басшылық ретінде болуы мүмкін. Бірақ та, сілтеме бойынша ақпарат өзінің контексі бойынша ерекше және басқа іс-шаралар шеңберіндегі бар көптеген өзгешеліктерді ескермейді. Ақпарат осы іс-шараға әзірленген нақты әрекеттер мен компоненттер, желінің жедел құрылымына буылған. Ақпарат іс-шара жөнінде жалпы мәлімет алу үшін ғана бағалы болып табылады. Эталонды материал іс-шаралар ұйымдастыру бойынша менеджердің әр қызметтің түрін ойластыру және ағымдағы іс-шараның қызметі мен нақты объектісі үшін алдыңғы қатардағы білімді әзірлеуде жауапкершілігін өзгертпейді. Ерекше жедел жоспарлар үшін процестерді ойластыру бойынша қысқа жолдар болмайды.

Жүйелі жедел жоспарлау

Әр жедел жоспар іс-шаралар тапсырмаларының нақты реттелген және дәлелденген жүйелі болуын қажет етеді. Осы мақсатқа жету үшін қолданылатын, ең таралған әдіске уақыт концепциясын қолдану жатады. Мысалы, жедел жоспар тапсырмаларды жазып алуға, сонымен бірге, іс-шараның басталуына дейін қызметтер бөлінуі мүмкін, олар іс-шараны өткізуге дейін үш, алты 12 ай ішінде орындалуы жөн және іс-шараның әр күніне минут бойынша тапсырмалардың тізімін жасау қажет. Ұқсас қызметтерде, өткізуге қажетті нақты заттарды (мысалы, жалғастыру өзегі мен шымылдық, үстелдер, орындықтар), сонымен бірге уақыт пен орынды бекіту үшін, жеке жүйелі жоспарлар құрылуы мүмкін.

Жүйелі жедел жоспарларды әзірлеуде көмек көрсету үшін жалтару түсінігі қолданылады. Жалтару дегеніміз іс-шараның бір элементіне бір уақытта барлық талаптарын тұжырымды ойластыруын жорамалдайды. Мысалы, желінің мүшесі БАҚ бір мүшесінің, іс-шараның келгеннен бастап кеткенге дейін, әлеуетті талаптарынан тұжырымдай отырып жалтару арқылы бұқаралық ақпараттық құралдарды басқарудың жедел жоспарларын аяқтау үшін қажетті тапсымаларды әзірлейді және жазады. Жалтару процесінен кейін жедел жоспарда жазылатын, логикалық және жүйелі қадамдарды қайта әзірлеген жөн. Ұйымдастырушы алға немесе артқа жалтаруы мүмкін.

Алға жалтаруға, ашық прогрессивтік процесте, қалай болатыны туралы жазу элементтері жатады. Оған қарама-қарсы, артқа жалтаруда соңғы нәтижені ойластыруды, содан кейін осы соңғы нәтижеге жетуде аяқталған жүйелі қызметті қайтаруды анықтауды қажет етеді.

Ұйымдастырушы алға немесе артқа жалтару жолымен жоспарлау талаптарын тұжырымды ойластыратыны маңызды емес. Оның мақсаты - іс-шараға дайындалудың жүйелі қадамдарын анықтауға көмек көрсететін, процесс жасау.

Жан-жақты жедел жоспарлау

Жедел жоспарлауда жан-жақтылықтың мөлшері жағдайға байланысты өзгереді, іс-шараларды ұйымдастыру бойынша менеджер үшін қиын шешім болуы мүмкін. Осы жоспарларды оқитын және түсінетін, белгіленгендей тапсырмаларды орындау үшін басшылық ететін желінің басқа да мүшелерін қамтамасыз ету үшін нақты форматта жазылуы тиіс. Жоспар түсінікті болуы тиіс, пайда болатын сұрақтарды болдырмайтын және іс-шараны құрудағы қажетті қызметтерге қатысты қате интерпретация мүмкіндігін азайтуы тиіс. Әр тапсырма жөнінде жан-жақты есеп қажет, бірақ нақтылау үшін сәйкесті шекті анықтаудың қиындығында. Қаншалықты жан-жақты жасау қажет?

Жедел жоспарлаудың нақтылау деңгейінің үш шегі бар. Әр деңгейде іс-шараның әр тапсырмасына қатысты жазбаша түрде әр түрлі бөлшектердің қатарын талап етеді. Осы үш деңгей жоспарлаудың 1-деңгей, 2-деңгей және 3-деңгейі ретінде аталады. Шекті деңгейі жоғары болған сайын жедел жоспар жан-жақты жасалады.

Жоспарлаудың 1-деңгейі жоспарлау жан-жақтылығының ең төмен деңгейімен қамтамасыз етеді. 1-деңгейдің жоспары әр тапсырманы түсіндіру үшін минималды түсіндіру деңгейін көрсетеді. Жоспарлаудың 1-деңгейі іс-шара тапсырмаларының түсініктігіне қатысты сұрақтар үшін ашық болады және әр қадамды бағыттардың нақты тізімін бермейді, қате болатын интерпретацияны болдырмау үшін басқа жоспар қабылдаған жөн. Яғни, жоспарлаудың 1-деңгейі жоспарларды іске асыруды аяқтауда интерпретация үшін ашық және осы интерпретациялар жоспарланған әрекеттеді өзгертуі мүмкін.

Жоспарлаудың 2-деңгейі жоспарлаудың жоғары немесе орташа нақтылауын талап етеді. Жоспарлаудың осы деңгейі жалпы түсінікті қамтамасыз етеді және жоспарды іске қосу үшін нақты әр қадамды бағыттарды ұсынады. 2-деңгейдің жоспарлауы жоспарды іске асырған кезде пайда болатын көптеген сұрақтарға жауап береді. Бірақ та, жоспар кейбір интерпретациялар үшін әлі де ашық, олар жоспарланған әрекеттерді өзгертуі мүмкін.

Жоспарлаудың 3-деңгейі ең жоғары нақтылаудың деңгейін талап етеді. 3-деңгейдің жоспары айқын нұсқаулардан және тапсырмаларды орындау үшін анықтаған талаптардан тұрады. 3- деңгейде жоспарлау шектелген сұрақтар мен жоспардан әлеуетті ауытқулар мөлшері үшін ашық, өйткені әр тапсырманы аяқтау үшін ұсақ бөлшектер ұсынылған.

Іс-шараларды ұйымдастыру бойынша менеджер жедел жоспарлау желісінің

мүшелеріне нақты іс-шара үшін қажетті бөлшектердің қырын жеңілдетуі тиіс. Нұсқаулар ұсыну мен желі мүшелерінің жоспар оқитын тарауына дейін көптеген мәліметтер ұсыну арасында айырмашылық бар. Қарапайым тапсырманы таңдап алыңыз және қарастырыңыз, қандай уақытта сіз көп жан-жақты нұсқаулар беруші едіңіз, ол алға қойылған тапсырманы орындау мүмкіндікке ықпал етер еді.

Одан әрі іс-шаралардың әр түрлі компоненттері үшін бірнеше жоспарларын біріктіруді қажет етеді.

Кешенді жедел жоспарлау

Жедел жоспардың әр компонентін әзірлеу дербес бірлік ретінде басталады, бірақ, шараны ұйымдастыруды басқарудың табысты кілті – осындай бірнеше жоспарларды интеграциялау болып табылады. Іс-шаралар элементтерінің интеграциясы, шиеленісуі немесе оларды екі еселеуде бірнеше когерентті, біріккен жалпы іс-шараның ағымдағы жоспарларын құрайды.

Жоспарды орналастырудың интеграциялау мысалы орналастыру жоспары шегінде тасымалдау жоспарынан элементтердің бірігуі болып табылады. Осындай интеграция свалды тасымалдау және орналастыруды өткізу орыннда жинақтау деген элементтерінің үйесуіне мүмкіндік береді. Интеграция арқылы келудің тіркелуін орналастырумен сай болатын, тасымалдауды қамтамасыз етеді. Аккредитациялау жоспарының элементтерін интеграциялау аккредитацияны бөлу және біріккен күшпен бөлме беруде көмек көрсетуі мүмкін.

Интеграцияның сәтті процесі басты жедел факторға байланысты. Осы фактор жедел желі мүшелері үшін интеграциялық мүмкіндіктерді алмастыруды бекіту болып табылады.Тұрақты негізде ауыстыру бойынша мүмкіндіктердің жеткілікті мөлшерін қамтамасыз ету үшін, интеграция процесі әзірленуі тиісжәне жұмыс процестерін интергациялау талаптарын қанағаттандыру үшін алмастыру бойынша мерзімдік интеграцияны қамтамасыз ету сипатымен болуы тиіс. Ержеге сай, жоспарлаудың көптеген мән-жайының мөшері бар, және де интеграция процесі өте күрделі. (Матусик, 2002). Іс-шараларды ұйымдастыру менеджері интеграция процесіне мүмкіндік жасайды және қажет болған жағдайда көптеген мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді. Интеграция бойынша жалпы стратегияға хабарлар, бюллетендер, хаттар, диаграммалар, сызбалар, сызбалар, эскиздер, карталар және есептер жатады. Интеграцияның негізгі стратегиясы әр түрлі компонеттерден мүшелер арасындағы өндірістік кеңестерін құру болып табылады. Осы кездесулерде бір компонеттен көптеген мәні бар, элементтерді үйлестіру және талқылау мүмкіндігі бар. Желілер теориясында жедел желі мүшелері иерархияны қолданбай жоспарлау мәліеттерімен алмасуы мүмкін. Іс-шараның сәтті өтуі

іс-шараларды ұйымдастыру менеджері жоспарлау буындары арқылы жедел мәліметтерді беруге мүмкіндік беруінің деңгейіне байланысты. Жедел жоспарлау білімінің ағымы тасымалдауды тарату үшін әзірленген стратегиялар мен құрылымдарға байланысты болады.

Сәтті өткен іс-шараның жедел жоспарын әзірлеуге көмек көрсететін басқа механизмі жағдайлардың жедел жоспарларын қосу болып табылады. Жағдайлардың жедел жоспарлары іс-шараның жедел жоспарларымен бірге әзірленеді.

МЕХАНИЗМ 3: КҮТПЕГЕН ЖАҒДАЙЛАР БОЛҒАНДА ЖОСПАРЛАРДЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Жоспарлауға дайындықты жақсарту мақсатында, күтілмеен жағдайлар болғанда жоспарға екі негізгі элементтер жатады. Біріншіден, пайда болатын жедел жоспардың мүмкін болатын ауытқуын түсіну. Екіншіден, ауытқудың болу мүмкіндігін азайту немесе болған жағдайда әр ауытқуды басқару үшін тәжірибелі қадамдарды анықтау. Күтпеген жағдайлар болғанда жоспарлаудың нәтижесі қосалқы жоспар болады.

Күтпеген жағдайлар болғанда жоспарлау бүкіл шараларға дайындалу деңгейі одан да жоғары болуын дамытады. Бірақ та, күтпеген жағдайлар болғанда жоспарлау барлық ауытқулар алдын ала қаралатынына кепілдік бермейді. Іс-шаралардың қиындығына байланысты, жедел жоспарлардан күтпеген ауытқулар болуы мүмкін. Жобаланған және жоспарланған, күтпеген жағдайлар көп болса, жедел жоспарлаудың мүшелері алдын ала қаралмаған, ауытқуларды басқару үшін желінің мүшелеріне көбірек уақыт береді.

Ережеге сай, күтпеген жағдайлар болғанда жоспарлауды бастау үшін кездесу өткізіледі. Кездесудің мақсаты күтпеген жағдай болып табылады, онда жедел желінің қатысушылары үшін ашық форум өткізіледі, мүмкін болатын жоспардан ауытқуларға қатысты өз идеяларын айтады. Іс-шараның әр компоненті немесе субкомпоненті жоспарда мүмкін болатын ауытқуларды талқылау үшін осы нақты компонентке күтпеген жағдай болғанда кездесу өткізеді. Сұрақтардың мысалы, құралдың ақауы туралы мазасыздану, ыстық су құбыры жарылса немесе жалпы қоғамдық мәселесінің наразылығы , онда іс-шара өткізу күні орнына қойылады.

Іс-шараларды ұйымдастыру менеджері жағдайларға байланысты кездесу өткізуде қолдау көрсетуі, ауытқулар идеяларын анықтау тапсырмасында мүшелерге қолдау көрсетуі және осы идеялардың жазбаша есебін дайындауы қажет (әр ауытқуды қалай басқару керектігіне ой салмаса керек). Күтпеген жағдайлар болғанда мәжілістерде іс-шара жөнді болмаған кезде қатысушылар шығармашылық тұрғыда қарауы жөн. Мәжіліске мүмкіндік жасау, идеялар

жасау және күтпеген жағдайлар болғанда жоспарлаудың келесі қадамына дейін әлеуетті ауытқуға қатысты талдауды тоқтату өте маңызды.

Күтпеген жағдайларға байланысты кездесуден кейін, келесі қадам шараның басталуына дейін іске асырылатын болжалған ауытқуларды анықтау болып табылады. Жедел желінің мүшелері болуы мүмкін әр ауытқумен күресу үшін тәжірибелі қадамдарды әзірлейді. Жағдайлардың ықпалынан қадамдар бірнеше апталар мен айлар бойы, күтпеген жағдайлар кезінде жоспарлаудың бастапқы кездесулерінен кейін, аяқталғаннан кейін құрылады. Күтпеген жағдайдың әр проблемасы жедел жоспар шеңберінде интеграциялануы мүмкін немесе күтпеген жағдай болғанда қосымша немесе жедел жоспарлау сияқты қосылуы мүмкін.

МЕХАНИЗМ 4: ӨНДІРІСТІК МӘЖІЛІСТЕРМЕН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЖОСПАРЫН АКТИВТЕНДІРУ

Логикалық, жүйелі, нақты және кешенді жедел жоспар әзірленгеннен кейін, жағдайлар жоспарымен бірге олар қолданып, тексерілуі тиіс. Жетілдірудің бір түріне әр компоненттің басты өкілдерімен кеңес өткізу және жоспарды түзету үшін өндірістік кеңеске қолдау көрсету. Осы кездесуде өкілдер кешенді жоспарларды қарайды және үйлескен және тиімді әрекеттердің бөлімдерін жаңартады.

ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ЖЕДЕЛ ЖОСПАРДЫ БАСҚАРУ

Бұл – жедел жоспардан ауытқымай басқаруды үйлестіру үшініс-шараны ұйымдастырушы ретіндегі сіздің жауаптылық, мұндай жағдай кез келген себептен туындауы мүмкін. Бұл – міндет оңай емес. Вайнгард пен Вризге сәйкес тұжырымдар дәлдігімен орындау үшін білімдік талап етіледі. Мұндай білімділік жаңа білімді игеру арқылы мүмкін.

Бұл – сол кезден келген «жұмыс сезімі». Шоун (1983) өзінің «Рефлексті Педагог» кітабында кәсіпқойлар деп оқу дайындамаған «белгісіз аймақтарда» жұмыс істей білетіндерді жатқызады. Бұл білімділікті қолдануды қажет етеді. Мынадай бірнеше кеңестер («Бағытты қалай ұстану керек?» 2006) жүзеге асыруда аталған бағытты жалғастыруға көмектесе алады:

■ Түрлі материалдар, жұмыс барысын жүйелі шолу, тексерілмеген есептер және тікелей қадағалау көмегімен жедел жоспардан аутықуды анықтау.

■ Жүзеге асыру туралы адамдар дер кезінде, атап айтқанда, туындаған мәселелер мен сұрақтар туралы хабарлауға жасқанбайтындай жағдай қалыптастыру.

■ Жұмыс барысы туралы баяндамаларды күтпеңіз: бақылау мен сұрақтар қою арқылы жүзеге асырудың алдыңғы легінде болыңыз.

■ Кез келген жоспарды жүзеге асыруда тәуекелділік бар - қайсыбір тәуекелділіктер, тіпті, қарастырылмаған. Болжалды мән-жайлар жағдайы үшін аяқ астынан туындайтын мәселелер үшін жоспар жасаңыз және қаралмаған проблемалар туындағанда стратегия бойынша бағалауға және басқаруға дайын болыңыз.

Жоспардан ауытқу бар екендігін аңғарғаннан кейін сіз барлығын өзінің ағысына қайыра әкелу үшін стратегия дайындауға білім мен қабілеттілікті қажет етесіз. Тәжірибелі және іс-шараны ұйымдастыруды білетін менеджер мәселелерді шешуге, шешім қабылдау және бейімделу процесін құруға және жоспарланған қызмет мерзімі мен тиімді аяқталу деңгейіне сәйкестігіне кепілдік беру үшін қажет. Мәселелерді қалай шешу туралы шешім іс-шараның мақсаттары мен басымдықтарымен сәйкес болуы тиіс. Сізге қолданылатын, кім тартылатын, кикілжіңдерді және іске асыру кезеңдерінде қолданылатын процесті алдын ала анықтау қажет; сондай-ақ, сіз уақыттың тапшылығын және жылдам қимылдау қажеттігін ескеруіңіз керек.

ЖОСПАРДАН АУЫТҚУДА БОЛЖАЛДЫ КЕЛЕҢСІЗДІКТЕРДІ ЖЕҢУ

Жедел жоспардан ауытқуларды басқаруда болжалды әрекетті туындату мүмкіндігін, ол болса, іс-шараға әсер ететін келеңсіз салдарларға әкеліп соғатынын Сіз сезінуіңіз қажет. Сізге іс-шараны жүзеге асыру барысында шешім қабылдау қабілетіңізді жақсарту үшін бұл болжамдылықты жеңу қажет. Бұл болжамдылықты Дорнер (1996) анықтады, ол мұндай күрделі қарқынды жүйеде игі ниетті, ақылды адамдардың өздері де қиндыққа тап болатындығы туралы жете дейін баяндап берді. Ол гипотетикалық популяциямен ойын жасап шығарды және нағыз қоршаған ортаның жобасын жасады, сөйтіп, қатысушылардан дәйекті және сипатты түрде жауап бергендерді анықтады.

Оның зерттеулері қатысушылардың, әдетте мән-жайға алдын ала сараптама жасамастан әрекет ететінін көрсетті, яғни олар заттарды негізі шешім қабылдауға түрткі болатын алдыңғы іс-шара немесе тарихын қарастырмастан бір қарағаннан қабылдады. Әрекеттің айқын жағымсыз әсерінің жоқтығы оларды адастырды, олардың шешімі бұл проблеманы шешті деген жаңсақтық ойға жетеледі. Қатысушылар нақты әрекеттің бағытынан жағымсыз әсерлер мен ұзақмерзімді салдарларды алдын ала болжай алмады. Сондай-ақ, қатысушылар әрекет пен салдар арасындағы уақыт кешігуін назарға алмастан, алдағы шешімдерінің ізімен болашақта жылдам әрекет етуге мәжбүр болған. Осынау «Домино эффектісі» модельдеуде және мәселені күрделендірген немесе жеделдігін арттыра отырып, талқылауды қажет еткен жаңа мәселелер туындатқан көптеген жағдай қайталанған. Оның анықтауынша, проблемалар желілік тәсілмен емес, геометриялық ілгерілеумен арта түсіп, апаттық қорытынды жасаған. Оның айтуынша, қатысушылар «экспоненциальды дамуды дұрыс түсінбеу және жағдайдың геомертиялық ілгерілеу арқылы қарқын алғанын аңғармау, ол басталған сәттен өзінің нәтижесін болжай алмайтын жылдамдықпен жүйткиді» (33 бет). Дорнер (1996) «Адамдар болжалды түрде талқылайды» деген қорытындыға келген.

Егер сіз іс-шара қатаң түрде шектелген уақыт сәйкестігімен өтуде деп есептесеңіз, онда Дорнер еңбегін еске түсірген абзал. Әлбетте, ешкім де сәтсіздікке тап болуға ынтық емес, сондай-ақ, нәтижелі болады деп сіз де кесіп айта алмайсыз. Алайда, сіз өзіңізді немесе жүйені (іс-шараны) айналысып отырғаныңызды түсінбесеңіз, сіз күткен нәтижеге қол жеткізе алмайсыз. Оған қоса, сіз шешім қабылдау үшін шақырылғансыз, атап өткен жөн, қабылданған шешім белгілі бір сәтте болатын қызметтің бір түрі болып табылмайды. Шешім қабылдауды, ең алдымен, уақыт ағымымен болатын «жекелеген ньюанстары және институтциональды тарихымен кездесетін» процесс деп суреттеуге болады (Гарвин және Роберто, 2001, 1 бет).

Сізге кейін оралып, осы құралда бұрын ұсынылған күрделілік теориясына және жүйелілік теориясына қатысты материалдарды қараған жөн болар еді. Теорияларды білу іс-шараны ұйымдастыру барысында шешімдер қабылдауға көмектеседі. Сонымен қатар, жағдайды қалай сараптайтыныңызды қарастырамыз (оның ішінде, тарихты, жағымсыз әсерлер мен әрекеттер салдарын есепке ала отырып).

ПРОЦЕСТІ ЖӘНЕ КОМАНДАНЫҢ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУЫН АЛДЫН АЛА АНЫҚТАУ

Жалпы алғанда , сіз «кім және не үшін?» деген сауалдарға жауап бересіз. Бұл сұрақтарға жауап берудің қандай да бір формуласы немесе жауап дайындаудың қандай да бір нұсқаулығы жоқ. Мұнда негізгі ойыншылар бар, олар сіздің жаңа білім алуыңызды айқын етеді. Әрине, тікелей ықпал ететін біреу болса, оны да ескеру керек.

Команданың қабылдаған шешімдерінің аясында әрекет ететін процесс алдын ала анықталуы тиіс:

- Проблемаға кім қатысты?
- Оларға қалай хабарлады?
- Шешімді дайындауға немесе шешім алуға қанша уақыт қажет?
- Шешім қаншалықты тез қабылдануы тиіс?
- Шешім қабылдау процесінде нақты бөлініс (телеконференция) қажеттілігі бар ма?
- Шешім қабылдау процесі қалай өріс алуда (консенсус, қарапайым көпшілік, көпшілік, жауапты тұлғаға шешім қабылдауға кеңес беру)?
- Шешім қабылдау процесіндегі кикілжіңдер қалай шешіледі?

Жоспардан ауытқуға кез келген жауап іс-шараның пайымына және қатысты болуы керектігін мен атап өттім. Минцберг, Райзингани және Теорет (1976) мақсаттары айқын, бірақ оған жетудің тәсілдері шешім қабылдауды талап ететін процестің моделін суреттеп берді.

Бұл зерттеулер процесті модельдеуге қатысты шешім қабылдауда өзінің қоршаған ортасы болатынын көрсетіп отыр, «онда барлық процесс көптеген факторлары бар, шешім қабылдау процесінде жылдамдығы мен бағыты өзгеріп отыратын барынша қарқынды болып табылады» (263-бет). Процес моделінде шешім қабылдау процесі тарихи тұрғыда үшке бөлінген, құрамында біріздендіру , даму және таңдау бар (Минцбергі және авторлықпен., 1976). Біріздендіру шешімді талап ететін жүйе арқылы жағдай мен байланысты тануды қамтамасыз етеді. Даму – шешімдер табу ретінде нұсқаларды іздестіруді қарайды. Таңдау – нұсқаларды бағалап,

жүзеге асыруға арналған шешімді қорытындылаудан тұрады.

Шешім қабылданған соң, шешім қабылдау процесін жүзеге асырылу сақталуы тиіс. Бұл процес шешімнің қалай жүзеге асатындығын анықтайды.

■ Шешімді кім атқарады?

■ Шешімге ықпал ететін процестер болатынына көз жеткізу үшін қандай процестер қабылданады?

■ Ойдағы нәтижеге жету үшін қандай бақылау іс-шаралары қамтамасыз етіледі?

Шешімдерді жүзеге асыру процесі шешімнің тиімді және әрекетті қолданылуы үшін үйлесімді болуы керек. Мұндай жағдайға жету үшін жоспарланған шешімдер жасалады.

БАҒДАРЛАНҒАН ЖӘНЕ БАҒДАРЛАНБАҒАН ШЕШІМДЕР

Іс-шара үшін сіз көп уақытыңызды бөліп, жоспар дайындадыңыз, сіз сонда өзіңізге көп жағдайда «Егер де...?» деген сұрақтар қойдыңыз. Шараның басқаруды ұйымдастыруда қабылданған көптеген шешімдердің басым бөлігі жедел желі арқылы бекітіліп, бекітілген уақытта автоматты түде іске асады. Нұсқаулық шешімдер жедел жоспарда айтып келмейтін жағдайлар орын алатын сәттер үшін баяндалады. Жағдай туындап, шешім қабылданатын кезде. Бұл шешімдер бағдарланған немесе алдын ала бекітілген болып саналады.

Осыған қарама-қарсы бағдарланбаған шешім қабылдау процесі бар. Бұл жағдайлар кезінде алдын ала орнатылған коммуникация желісінің, желідегі келісімде жедел мүшелік, үйлестіруде шешім қабылдау мен ынтымақтасу үшін, сондай-ақ, жалпы жедел жоспар аясында шараларды интеграциялау үшін өмірлік маңызы зор. Вайнгард пен де Вриздің (2006) айтуынша, бағдарланған шешімдер шегінен тыс жедел жоспарларды аяқтауда шешім қабылдау және жұмыстың қызметтік мүмкіндіктері анықталған болады. Бұл жүйе тарапынан қолдауды қажет етеді. Байланыс жүйесін үйлестіру бағдарланбаған шешімдерді басқаруда басым бағыттардың бірі болып табылады.

ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЗАҢДЫЛЫҒЫНЫҢ, МОНИТОРИНГТІҢ ЖӘНЕ ЖЕЛІДЕГІ ЖЕДЕЛ ТӘЖІРИБЕНІ БАСҚАРУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Жедел басқаруда қызметкрелер мен волонтерлерге «жүйеге өзінің айтарлықтай үлес қосуына» мүмкіндік беретініңізге сенімді болыңыз (Вайнгард және де Вриз, 2006, 408 бет). Іс-шараның бұл мүшелері жоспарлау аясында және жүйелік бақылауда міндеттер мен туындаған

сұрақтарды және мәселелерді басқару үшін бейімделген. Сөйтіп, бұл мүшелер белгілі бір дербестікті қажет етеді. Соған қарамастан, «бұл автономия - болжалмайтын және біркелкі емес басқару жүйесіне қосылады» (395 бет). Бұл жоспарлау және бақылау элементтері барынша әлеуетті жағдайларды мүмкіндігін шектейтіндіктен олар «ешқашанда аяқталған бола алмайды; басқару үшін жасырын элементтер тым көп» (405 бет).

Жүзеге асырудың жедел көрсеткіштеріне толықтай бақылау жасау мүмкін емес және басқару тұжырымдамасы, тіпті, қарқынды және өзгермелі қоршаған ортада айтарлықтай лайықталмауы мүмкін. Дегенмен, іс-шараны ұйымдастырушы менеджер ретінде сіз бақылаудың өзгеру аймағын іздейтін боласыз. Бақылау аумағы адамдардың жоба аясында қалып, жалпы жоспардың элементтері болып табылмайтын элементтерді қосып немесе енгізбеуін талап етеді.

Қолымыздан келгенше жоспардың өлшемдеріне сәйкес бақылауға ұмтылған уақытта, «негізінен жүйе «жабық емес». Яғни, жүйе қосылудың барлық күтпеген көздері үшін ашық» (Вайнгард және Вриз, 2006. 395 бет).

Егер жоспарлау мен бақылау жүйесі толық бақылауды қамтамасыз ете алмаса, онда жүйе лайықты жоспалару мен бақылауды қамтамасыз етуге ашық (Конинендижк, 1994). Мұнда белгісіздік бар, бірінші кезекте жоспарланған тапсырмалардың жекелеген интерпретациясы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етеді (Вайнгард және де Вриз, 2006). Толық бақылау мүмкіндігінсіз, жоспарлау және жүйені бақылауда Вайнгард және де Вриз «қабылдаушы бақылауды» ұсына алады. Сөйтіп, толық бақылау мүмкін емес, бірақ іс-шараның қоршаған ортасы туындаған проблемаларды үйлестіруді өз міндетіне алады.

Бұл сіздің жұмысыңыз екеніне қарамастан, іс-шараны бақылау аспектісінде қажетті деңгейді қамтамасыз ету бақылауды қолдау іс-шараларында күрделі мәселе болып табылады. Сондай-ақ, үйлестіруші ретінде тосын жағдайларды басқарып, іс-шараны жүзеге асыру аспектілерінде біршама бақылауды қолға алуға ұмтылу – сіздің міндетіңіз.

ПРОБЛЕМА: ІС-ШАРАНЫҢ ЖЕДЕЛ ЖОСПАРЫНЫҢ ДЕТАЛЬДАРЫ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Егер жедел жоспарлар әуелден толық жасалмаса, немесе жедел жоспардан ауытқуды талап ететін күтпеген мән-жайлар туындайды, яғни, белгілі бір әрекеттер еркіндігіне қажеттілік, шешімдер қабылдауда қажеттіліктерді арттыру. Мүшелердің шешім қабылдауда тиімді болуы үшін жедел желі мүшелері іске асыратын қажеттілік жоспарын «бақылау жүйесін, ерекшелігін нақты жағдайды, сондай-ақ базалық логикалық негіздеу, жоспарлау және бақылау жүйесін жақсы түсінулері» тиіс (Вайнгард және де Вриз, 2006, 398

бет.) Сонымен қатар, жоспарды бейімдейтін жедел желі мүшелеріне шараның мақсатын және күтілетін нәтижені түсіну үшін мықты түсінік қажет.

Егер жедел жоспарлар алғашқы кезден-ақ толықтай жазылса, жедел жүйе тек қадамдарды ғана қаралуы керек. Толыққанды жоспар өзгерістер енгізу үшін шешім қабылдау және жедел өзгерісті немесе еркіндікті шектейді.

ПРОБЛЕМА: БІЛІМ МЕН ҚАБІЛЕТІН ҰСЫНУ

Жүзеге асырудың өнімділігіне ықпал ететін тағы бір проблема команда мүшелерінің білім деңгейі болып табылады. Сізге желі мүшелерінің жалпы талаптар мен шараның мақсаттарын түсінетіндіктерін анықтау қажет болады. Әлбетте, олардың қажетті түсінігі барын тексере алмайсыз, алайда, олардың түсінігі барын нақтылау мақсатқа жетуде бірқатар мүмкіндіктерді ұсынуы тиіс.

Анықтаудың алғашқы тәсілі желі мүшелеріне қажетті білім шынайы берілгенін анықтау, ол үшін өндірістік кеңеске келу хаттамасын текскеру жеткілікті. Мысалы:

■ Талаптар мен мақсаттарды білуге мүмкіндік беретін кеңестерге жүйелі келді ме?

■ Егер олар кеңеске қатыспаған болса, ақпарат алу үшін қандай қадамдар жасады? Ақпаратқа қол жеткізе алмағандарға көмектесу үшін сіз қандай қадамдарға барар едіңіз?

Жүзеге асыру командасы мүшелерінің олардың тиісті рөліне қатысты туындайтын екінші бір проблема – бұл мүшелердің білім деңгейі. Іс-шараны ұйымдастырушы менеджер ретінде Сіз бұл туралы ойлана аласыз, айнаға қарап тұрып, өзіңізге мынадай сұрақтар қоя аласыз:

■ Мен әрбір мүшеге өзінің рөлін түсіну үшін қаншалықты процесті үйлестіре алдым?

■ Талаптармен терең танысуым арқылы өзім болжам жасай алдым ба?

■Мен түсінікті және ұғымды тілді қолдандым ба?

■ Әрбір міндетке мерзім қойылды ма және олар шынайы ма?

■ Интеграция процесі аяқталған ба?

Бұл сұрақтарға жауаптар шараны үйлестіру рөлдерінің күрделілігін суреттейді.

ПРОБЛЕМА: ЖОСПАРДАН АУЫТҚУ

Әрекеттің жоспарланғандай аяқталмауының бірқатар кейбір себептері бар. Аталған нәтижеге ықпал ететін қайсыбір проблемалар енді баяндалады. Мәселелердің ішіндегі ең бір айқыны – команданың бір немесе бірнеше мүшесі рөлдерін немесе шараны өздерінің түсінігіне неме-

се түсінігінің жоқтығына сай бейімдейтіндігінде болып отыр. Сонымен бірге, кейде адамдар мұндайды өзіне ғана белгілі себептермен қызметін өзгерту үшін алады; мүмкін бұл «бұл бұрын да жасалған тәсіл», «бұл біз жасап үйренгендей емес», «мен мұны бұдан да жақсы жасай аламын» және тағы да басқа бұрынғы тәжірибе болуы мүмкін.

Жоспарланғандай аяқталмай қалуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі ол – коммуникация жүйесі, мүшелердің коммуникативтік дағдылары. Сонымен қатар, коммуникация желі мүшелерінің команда ретінде қызмет етуі үшін ішкі ұйымдасушылық әлеуетінің негізгі факторы болып табылады. Коммуникация міндеттерді орындау үшін ынтымақтастық деңгейінде көмектеседі. Егер ақпараттар кешігіп, көпшілікке қол жетімсіз болса, белгілі бір рөлге немесе міндетке әсер ететін шешімдер адамдарға жеткізілмесе, бұл проблема шиеленісе түседі.

ПРОБЛЕМА: ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ КИКІЛЖІҢДЕР

Кикілжіңнен қашып құтылу мүмкін емес, сіз ортақ мақсатқа жету үшін бірнеше рет топты жинайсыз, сонда кикілжіңнің орын алу мүмкіндігі ұлғая түседі. «Жақсы жасақталған команданың ең бір маңызды сипаттамасы – ойлаудың, әдет пен дағдының сан алауандығы, бір қызығы, кикілжіңнің көзі болып табылады» (Курс бойынша ілгерілеу, 2004, 8-бет). Адамдардың бірігуінің бір мақсаты - нұсқаларды зерттей отырып, сын сағатта және бірлесе ой қосуға қатысуда екенін ескеру керек және сөйтіп, әркеттердің ең жақсы бағытымен жылжу болмақ. Әлбетте, назар аударудың бұл түрі көптеген пікірталасты тудыруы ғажап емес: өйткені, адамдар кең ауқымда қарама-қарсы пікірде болуы мүмкін. Бұған қоса, кеңестің өтуіне орай, адамдар екі балама ұстанымның біреуі екі тарапқа бөлінетін кезең тууы да мүмкін. Бұл неғұрлым ұзақ жалғасса, соғұрлым оның кикілжіңге апарып соғу мүмкіндігі де жоғары. Гарвин және Роберт (2001) жылы кикілжіңнің екі түрі барын атап көрсетеді: когнитивтік және аффектік кикілжің.

Когнитивті кикілжің – өз алдына ағымдағы міндетке шоғырланған салиқалы пікірталас болып табылады. Ол өзінің сипаттамасына орай басқа да баламаларға ашық және мәселені шешуге арналған. Бұл ауысу процестері барынша қарқынды, алайда, олар жеке болып табылмайды; олар идеялармен алмаса отырып, соңында барынша жақсы жоспарды ойласытыру мақсатында болады.

Аффективті кикілжің – бір жағынан алып қарағанда, жеке болып табылады. Ол жекелеген адамдардың қақтығысынан, біреуді іштей ұнатпауынан немесе сынға қорғаныс реакциясынан туындауы мүмкін. Егер сізде тұлғааралық кикілжіңдер болса, олар жобаны алға қарай жылжыту үшін

жаңа ойларды тыңдауға, ынтымақтасуға пейілді емес. Олар қандай да бір ұстанымға бекініп, жоғарыда атап өткендей, келісіміге келуі қиынырақ, ал егер шешім қабылданған болса, өздерінің ұстанымдарымен кері кетеді.

Когнитивті кикілжіңге ықпал ету үшін және аффективті кикілжіңді төмендету үшін Гарвин және Роберто (2001) жылы «үш С»-дан тұратын тиімді шешім қабылдайтын негізді қамтамасыз етті: кикілжің, талқылау және жабу. Олардың әрқайсысы түбегейлі пысықталуы тиістігін және нұсқайды. Кикілжіңнің жартысы аталды, сондықтан оны қайталаудың қажеті жоқ. Іс-шараны ұйымдастырушы менеджер болғандықтан сіз когнитивті кикілжіңге қаншалықты мүмкін болса, соншалықты ұмтылып, осылайша аффекті кикілжіңді барынша кемітуге тырысу керек.

Екінші «С» қаралу – бұл мейлінше қарапайым, бірақ, өмірде жиі еленбейтін тұжырымдама. Проблеманың екі ұшы болған кезде, біреуі таңдап алынып, екіншісі ысырылып қалатынын атап өттім. Әлбетте, кейбір адамдар өзі лайық көрмейтін әрекеттерді қолдап және жүзеге асыруға мәжбүр болады.

Талқылау тұжырымдамасын кейде қажетті сақтық немесе процесуалды әділдік деп те санайды. Өйткені, ол мәні жағынан әділдікке жақынырақ. Бұл, талқыланғанға қарағанда, өз көзқарасыңызды және идеяларыңызды білдіргенде, оны өзгелердің тыңдауынан тым шалғай жатқан тұжырым. «Талқыланған» сіздің идеяларыңыз мұқият тыңдалғанына, қандай әрекет ету қажеттілігі контекстінде, идеяларыңызды нақты түсінгендігіне нұсқайды.

Талқылауға климат қажет, онда мүшелер белсенді түрде тыңдап, сұрақтар қойып, ескертулер жасап, түсініктерді талап етіп, ұстанымды түсіндіру кезінде, өз пікірлерін ұстана отырып, шыдамды болатындай ахуал болуы тиіс. Егер сіз өзіңіздің таным-түйсігіңізді қалыптастырып қойған болсаңыз, онда ештеңеге қарамастан, ешбір жалтақтамаңыз.

Талқылау сондай-ақ, сіздің бұл нақты, түбегейлі таңдауыңыз екенін және бұл әрекеттердің үздік бағыты екенін хабарлағаныңызды білдіреді. Сіз алған бағыт және оның сіздің таңдауыңызға қалай әсер ететін айқындауда оның қолайлылығын қамтамасыз ету үшін біраз уақыт керек.

Жабылуды қамтамасыз ету – компромисті шешім. Пікірталастар үздіксіз жалғаса беру мүмкін емес, әйткенмен, олар уақыттан бұрын үзіліп қалуға да тиіс емес. Көптеген жағдайларда шара қабылданған шешімдер шығарылатын уақытша шеңберлерді өзі-ақ айқындап береді. Олай болмаған жағдайда да, оны жабудың қажеттілігі болады. Бұл арада, ол – мәселені кері қайтаруды білетін білікті үйлестіруші. Тәжірибелілер қашан қажетті ақпараттар жиналғанын, қайталаулардың көрініс тауып және сараптаудың тоқтап қалуынан қашқақтауды жетік біледі.

ПРОБЛЕМА: КОММУНИКАЦИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Осы мәтіннің бойынан айқын және бұлыңғыр болатын тәлімдерді табасыз және тиімді қарым-қатынас жасайсыз. Тиімді коммуникация әрбір кезеңде шараны ұйымдастырушы әрбір менеджер үшін аса маңызға ие. Коммуникация туралы көп жазылғандықтан, ол бұл мәтінінің аясына сыймайды. Оған қарамастан, біз сізге өзіңіздің коммункативтік дағдыларыңызды дамытуға ұсыныс жасаймыз. Белсенді тыңдаушы болсаңыз, сізді бәрі баурап алмақ, тіпті, көрермендік қатынас, қайталап айтуы, сауалдардың жеке сипатқа ауыспайтын дұрыс сұрақтар қою арқылы тіл де және тағы басқалары.

Тіпті, мақтауға да жомарт болыңыз. Жоспарды орындаушылардың табысын және артықшылығын көпшілік алдында мойындау. Жоспарлау моделіндегі жүзеге асыру, мониторинг және басқару кезеңіндегі үйлестіру бойынша қосымша ұсыныстар Скотт Макробертс арқылы осы тарауда айтылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүзеге асыру, мониторинг және басқару кезеңіндегі үйлестіру бойынша менеджерден көп үміт күтіп, дағдыларыңыздың тексеруден өтетіні анық. Ұйымдастыру бойынша менеджерлер кез келген шараның бөлігі болып табылатын өздерін және күрделі жүйені түсінуілері керек. Сонымен қатар, алдын ала егжей-тегжейлі жоспарлау және дұрыс белгіленген мақсаттар, процестер шараны табысты өткізуге қол жеткізуде маңызды рөлге ие.

Шараның табыс мүмкіндігі үшін сіз қабылдаған шешімдердің қысқа мерзімді және ұзақмерзімді салдарларды иеленетінін білуге тиіссіз. Сіз тікелей бақылау жасауды пайдаланып, жасырын білімді қолдануға ықтиярлы боласыз. Өйткені, жедел жоспардың дұрыс жолда қолдау табуы үшін жауаптысыз, сондай-ақ, сіз оның жүзеге асуы үшін әрекеттер процесін жүргізуге, бақылауға және ауықтуларды басқаруды қамтамасыз етуге жауаптысыз. Қызметті үйлестіру барысында талқыланған екі кикілжің туралы (когнитивті және аффективті) хабардар болыңыз. Сонымен бірге, коммуникация дағдыларыңызды жақсартудың маңызын естен шығармаңыз.

Енді біз шараны жоспарлау моделі кезеңі мен сараптау кезеңіне көшеміз. Бұл кезең дайындау кезеңінде және модельдің барлық кезеңінен өтеді; сөйте тұра, біз келесі тарауда бүтіндей бұл кезеңді талқыламаймыз.

ТАРАУ БОЙЫНША СҰРАҚТАР

1 Өндірістік кеңесті суреттеңіз (оның ішінде, кеңестің не үшін өтетіндігі, кеңеске кім қатысатындығы, кеңесте не орындалатындығы туралы)

2 іс-шараны бақылауды бағыттауда екі негізгі аумақ қандай?

3 Жүзеге асырудың бес жоспарын суреттеңіз.

4 Тосыннан болған сәтсіздікті жеңу үшін шараны басқара отырып, сіз не істей аласыз?

5 Іс-шараны жүзеге асыруға тән проблемалар бар. Олар қандай проблемалар және олар шараға қалай әсер етеді?

Коммуникацияны үйлестіру

Егер шара дұрыс өткізілген болса, коммуникация процесін тиімді үйлестіру шешуші мәнге ие. Туындайтын коммуникация мәселелерінің көпшілігі іс-шара ашылған алғашқы сағаттарда орын алатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Іс-шара үшін орнатылған коммуникация желілерінің (мысалы, радио, рация және т.б.) шиеленісуінің нәтижесінде жиі орын алуы мүмкін. Әр іс-шараға 400 волонтер және қызметкер қатысқан менің жағдайымдағы Студенттік спорттың ұлттық қауымдастығының ерлер арасындағы баскетбол бойынша Чемпионатта және Сар-Францискеодағы Халықаралық балалар ойынында жедел желі мүшелерінің үштен бірі радиостанса коммуникация жүйесіне қосылған. Осылайша, іс-шараны ұйымдастырушы менеджер жағдайды дер кезінде шешу үшін коммуникация жүйесінің талапқа сай қолданылуына ықпал етуі қажет. Коммуникация жүйесін дұрыс пайдалану төтенше жағдай туындаған сәтте әуе желілерін қол жетімді етуге көмектеседі.

Мотивация мен бағытты үйлестіру

Бір күннен артық мерзімге созылатын спорт, демалыс және туризм аумағындағы шаралар жедел желінің барлық мүшелеріне моральды қолдау және қуатпен қамтамасыз етуді талап етеді және бұл проблема болуы мүмкін. «Алғашқы әсер» деген тіркесті білетін шығарсыз. Әйткенмен, шараны ұйымдастыруды басқарудың кері жағы да орын алады: іс-шара туралы соңғы әсердің де қатысушылар, көрермендер, демеушілер және барлық серіктестер үшін де өмірлік маңызы зор. Бұл желі мүшелерімен өзара қарым-қатынасты дәйекті үйлестіру үшін, шараның алғашқы күнінен соңғы күніне дейін кәсібилікті ұстап тұруы үшін іс-шараны ұйымдастырушы менеджерге де маңызды.

Жоғары деңгейде мотивацияны үйлестірудің бір тәсілі үнемі өзінің қатыстылығын көрсету. Іс-шараны ұйымдастырушы менеджер желі мүшелеріне қол жетімді болуы және олардың мәселелеріне құлақ түре білуі керек. Бұл қайырымдылық әрбір мүше үшін қамқорлық. Ол әрбір мүшеге заңды тиімді үзіліс немесе айырбастау жасауда көрініс табады. Іс-шара ұйымдастырушы менеджердің рөлі барлық іс-шара барысында алғыс сезімінің болуын қамтамасыз етеді. Қарапайым түсініктеме, мәселен «Жақсы жұмыс!» секілді бір ауыз сөз әр мүше үшін көп мәнге ие болуы мүмкін. Жедел желі мүшелерін бағыт сәйкестілігін үйлестіру іс-шараны ұйымдастыру кезінде менеджер үшін және бір маңызды рөл болып табылады. Төменде үзіліссіз диалог процесі кезінде үйлестіру бағыты бойынша дайындыққа көмектесу үшін бірнеше стратегия келтірілген.

Қандай да бір іс-шараның алдында нұсқаулық кеңес беруден соң күнделікті өндірістік кеңес өткізуге болады. Бұл кеңес іс-шара күнінің соңында немесе іс-шараның таңертеңгі алғашқы сағаттарында. Бұл кеңестің күн тәртібі тақырыбымен үйлесімді болғаны және аз қуаты ішінде (мысалы, бір сағат ішінде) өтуі керек. Екінші бөлігі мүшелер талқылауға шығарған қорытынды болуы мүмкін. Бұл мүшелерді шолумен және өзгерістермен қамтамасыз етеді және моральдық қолдау көрсету үшін оптимистік қатынас бола алады.

Қандай процестің пайдаланылуына қарамастан, ұйымдастырушы менеджер іс-шараның өзгерістерін жедел желі мүшелерімен үйлестіруі және поблемалардың қайталанбауын болдырмауы керек. Шара өзгерістер мен интерпретация шарттарында өтеді, бұлар сұрақтар туындатып, мәселелерге әкеліп соғуы мүмкін. Үздіксіз диалог орнату қажет және негізгі қызметкерлерге жүзеге асырудың , бақылаудың, және шараны басқарсудың ағымдағы мән-жайын орнатып, үйлестіруі керек.

Өкілеттілікті куәландыратын құжаттарды үйлестіру проблемасы

Шараны ұйымдастыруда негізгі проблема өкілеттілікті немесе шараға іркелуід ұйымдастыурдан тұрады. Егер бұқаралық ақпарат құралдары келуі күтілетін болса, бұл ұлкен проблема болуы м.мкін. Төменде растайтын құжаттар бойынша мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстар келтірілген. Іс-шараға қатыса алатын, бірақ тіркелмеген немесе аккредациядан өтпеген тұлғалардың түсіну процесін үйлестіру. Сол орында жоспар және ол мәселені шешетін қызметкерлердің болуы маңызды. Сондай-ақ, тіркелмеген бірнеше тұлға ретінде өсету үшін дісті бақылап, дайын болған жөн. Кейде ккілетті құжаттарда аты-жөндері немесе дұрыс қолжетімділік қамтамасыз етілмеуі мүмкін. Сол орында сканер мен маманның болуы бұл мәселені дер кезінде шеуге көмектеседі. Барлық құжаттарды алфавиттік тәртіпте қойып, әрбір топты алфавиттік тіртіп бойынша тарату қажет.

Жекелеген проблемаларды үйлестіру

Жалпы жағдайды басқаруға ықпалдасу іс-шараны ұйымдастырушы менеджер үшін маңызды. Әрбір менеджер білуі және оның шешімін табуға тиіс үш ортақ мәселе бар: жұмыс сценарийінен ауытқу, тұлғааралық кикілжіңдер және басқа ұстанымдағы мүшелерді олардың тәжірибелерін арттыру мақсатында ротациялау қажеттілігі.

Жұмыс сценариінен ауытқу іс-шаралардың басым көпшілігінде орын алады. Волонтерлер іс-шараға қатысуға тырысады, себебі, олар бұл іс-шараға қызығышылық танытады. Мұндай жағдай орын алуы екі жағдайдың біріне әкеліп соғады. Біріншісі – волонтерді барынша пайдалану, шараға деген қызығушылығы олардың өздерінің лауазымлары мен міндеттіліктеріне деген кәсібилік пен ықыласты арттыра түседі. Екіншісі – бұл көрермен орнындағы мүше, қатысушыларға, автограф және кеңес алуға тырысатын мүше, олар болса, лауазымға немесе міндеттемелеріне назар аударма-йды. Ұйымдастырушы менеджер үшін қатысудың тәртібін басынан бастап үйлестіру және тәртіп бұзушылықтарға нөлдік төзімдік саясатын құрудың маңызы зор. Мұндай олқылықтар барлық іс-шараларда болады және мақсатқа жетуде басқа қатысушылардың бағыты мен кәсібилігіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Тұлғаралық кикілжіңдер іс-шараларды басқаруды ұйымдастыруда көптеп кездеседі. Менеджер үшін мүшелерді бар күшімен дұрыс бағыттап және тұлғааралық кикілжіңдер орын алғанда оларды басқару маңызды. Іс-шаралардағы ұзақ уақыт шағын келеңсіздіктерге әкеліп соғуы мүмкін немесе адамдар бірге жұмыс істейтіндерге шыдамсыздық танытуы мүмкін. Ал, басқа кикілжіңдер міндеттер жедел жоспардан өзгеше белгілі бір тәсілдермен орындалуы тиіс деп ойлайтын адамдардан шығуы мүмкін. Үйлестіру менеджерлері мұндей жағдайлардан хабардар болуы тиіс және кикілжіңді дер кезінде қолайлы басқаруға ықпал етуі керек. Мұндай кикілжіңдерді жұмсартуға арналған процесті құру үшін бір тәсіл – мүшелердің өз ұстанымдары аясында ротациялау болып табылады.

Мүшелерді ротациялауды үйлестіру іс-шара ұстанымдарында өз тәжірибесін кеңітіп және дағдыларын дамытуды сұрайтын, іс-шараны бірнеше күн өткізуге дайындалып отырған мүшелердің талаптарын қанағаттандырудың жақсы әдісі болып табылады. Іс-шараны табысты өткізудің нәтижесіне кедергі келтірмес үшін процесс іс-шараның жедел мүшелерін жаңа лауазымға немесе жаңа лауазымдар қатарына көтеру мүмкіндігін ұсынған жан-жақты дайындалған болуы тиіс. Менеджерлер мұндайда абай болғаны жөн, өйткені, олар ең алдымен жаңа міндеттемелерді жабу үшін оқытуды және мүшелерді өндірістік кеңестерге тартуды қамтамасыз етуі керек болады. Оған қоса, ортаның өзгерген міндеттерін басқару үшін ол мүше құзыретті және икемді болуы керек.

Мүшелердің мықты тұстарын меңгеру – күрделі процесс. Әсіресе, бұл іс-шараны дайындауға қатысқан әлеуетті жүздеген мүше болса. Кейбір жағдайларда атақты мүшелер немесе тұтынушылар секілді адамдармен өзара қарым-қатынас жасауды жалғастыруды қажет ететін ұстанымдарға лайық келетін мүшелер болуы мүмкін. Аяғынан тік тұруды ойлайтын оптимист және позитивті мүше болса, ол да іс-шараға жағымды әсер етеді. Сондықтан сіз бір нақты міндетке лайықтығын анықтай аласыз. Сол себепті мүшелердің ротациясы күрделі қызмет. Оны үйлестіру үшін басталған сәттен бақылау мен басқару қажет. Тиімді үйлестіруде ротациялау процесі іс-шара мүшелерін бақытты және барынша тәжірибелі ете алады.

Жалпы ұйымдастыру менеджерінің рөлі өте күрделі. Өйткені, орта үнемі өзгеріп отырады.

Іс-шара туарлы түсінікті қамтамасыз ету үшін менеджедіңр іс-шараны жүзеге асыруға, бақылауға және басқару қызметтеріне жәрдемдесуі мағнызға ие. Сөйтіп, іс-шара туралы түсінік іс-шараның барлық жедел мүшелеріне оған дайындық барысында, әсіресе, басқаруға болатын жүзеге асырудың ортақ проблемары ретінде жеткізілуі тиіс.

Естеріңізде болсын, барлық процесте маңызды адам ұйымдастырушы менеджер. Бұл – сіздің көңіл-күйіңізді бақылауда ұстап, сабырлылық сақтап, жүзеге асырудың барлық проблемаларын басқаруда жағымды жағдай жасап, өзіңіздің процесіңізді үйлестіруіңіз қажеттігін білдіреді.

Бұл қатынас жағдайлардың оң, кәсібилік пен сенім арқасында дер кезінде шешілетіні туралы түсінік қалыптастырады. Ұйымдастырушы менеджер тәртіп арқылы желілік жүйе мүшелеріне, іс-шараның нәтижесіне күшті ықпал етеді

Ұйымдастырушы менеджер үшін процестен және оны жеңілдетумен жақсы дайындалған міндеттер немесе қызметтер жемісін көріп, рахаттану маңызды элемент. Реалаксация элементтері ұйымдастырушы менеджерлерге іс-шараны ұйымдастыруда өздері бақылау жасай алатын элементтер туралы және олардың не элемент екенін айқындауға мүмкіндік беретін шараның келешегі туралы алаңдатады.

Сызба 6.1 Модельді жоспаралу кезеңін жүзеге асыру бойынша мониторинг және басқару ұсыныстар (Скотт МакРобертс)

7 -ТАРАУ

ІС-ШАРАНЫҢ ЖОСПАРЛАУ МОДЕЛІ: САРАПТАУ КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ ІС-ШАРАНЫ ЖАҢАРТУ

СКОТТ ФОРРЕСТЕР ЖӘНЕ ЛОРНИ ДЖ. АДАМС

Бұл тарау сараптау кезеңіне және іс-шараны жоспарлаудың моделіне арналған. Бұл кезеңнің мақсаты - ұйымдастырушы менеджердің іс-шараны тиімді сараптау үшін және іс-шараны жаңарту үшін негізді шешімдер қабылдауда қажетті біліммен жабдықталуы болып табылады. Сараптау кезеңі және жаңартуға дайындық модельді жоспарлаудан бастау алып, барлық кезеңде жалғасты болады.

ІС-ШАРАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША МЕНЕДЖЕР ҮШІН ЖАЛПЫ БІЛІМ

Бұған дейін 2-тарауда жалпы негізгі базалық білімді анықтап берді. Ұйымдастырушы менеджер іс-шараны жоспарлауды сараптау кезеңіне табысты әрекет етуі үшін олардың тұжырым мен сараптаманы қолдануына сәйкес негізгі түсініктері болуы тиіс. Менеджерлер сараптаманың не екенін, оның не үшін қажеттігін және сараптаманың зерттеуден немесе бағалаудан қандай айырмашылығы барын түсінулері қажет. Олар сараптаманың кілттік мәселелерін, іс-шараны сараптаудағы жалпы қадамдарды және іс-шараны сараптауға басшылық жасау процесін табысты үйлестіруде іс-шараны ұйымдастырушы менеджер қажет шешімдерді білуі керек.

Іс-шараға сіз неше рет бардыңыз, қашан және кім сізге сауалнама немесе шолу ұсынды, шара қалай аяқталады және ол сауалнаманы толтыру үшін уақыт бөлуді сұрады ма? Неше рет сіз қатысушы ретінде шара өтіп жатқан тұста өзіңіздің бағаңызды сұрадыңыз? Сіз бірнеше күн немесе бірнеше апта бұрын өткен оқиғаға қатысты баға сұрап көрдіңіз бе? Кейбіреулер үшін бұл сұрақтарды жүйкеге тиер ұсақ-түйек дегенімен, бұл ұйымдастырушы менеджер ретіндегі сіздің жауаптылығыңыздың бөлігі болып табылады. Сіздің іс-шараңыздың көптеген аспектілері туралы ақпарат жинау қажеттілігі көп деңгейлерде шешімдік мәнді иеленеді.

Сараптама көп адамдардың қызметтің шарықтау шегі деп қабылдауы болып табылады. Дегенмен, тәжірибелі менеджер сараптаудың жоспарлаудың алғашқы кезеңінде басталып, іс-шара аяқталған күнге дейін жалғасуы тиіс екендігін біледі.

Сараптама, бұл – жалпы мәнде, іс-шараның өз мақсатына жетуде қаншалықты жақсы болғанын, сіздің немен шұғылданғаныңызды анықтау. Бұған көз жеткізу үшін, егер мұндай іс-шараны болашақта қайталау қажет пе, не болмаса, қайта өтсе, іс-шараны жақсартуда шешім қабылдау үшін менеджер көптеген дереккө здерден өте көп ақапараттар жинайды. Осы арада «Мен нені сараптап отырмын?» деген сауал туындайды. Дұрыс жауап барлығын сараптау болса керек. Дей тұрғанымен, бұл жан-жақты сараптауды қажет ететін көп шығын түсіретіндіктен шынайы болмауы мүмкін. Сондықтан сізге қолда бар ресурстар, соның ішінде, қаржылық, адами және техникалық деңгейіне орай шешу қажет болады. Әлбетте, іс-шара неғұрлым үлкен болса, соғұрлым қызығушылық танытушы тараптар және қатысушылар сараптама деңгейі талап еткеннен әлдеқайда көп болады. Хендерсон және Биалешки (2002) сараптама жасауға қажетті үш компонентті атап көрсетеді. Бірінші қажетті компонент – мақсат болып табылады, екінші – мәліметтер, үшінші - шешім. Мақсат – бұл неге сараптаманың бірінші кезекте жасалатындығын айқындайды, немесе іс-шара бойынша сарапталатын дүние.

Сараптама мақсатын анықтау іс-шара сарапталатын шеңберді анықтаған белгілі бір сұрақтардан тұрады. Хендерсенон және Билаешки (2002) «қандай сұрақтар немесе сапартама үшін мәліметтер немесе критерийлер жолданатынын зерттеу жобасы жиналмас бұрын анықтап алу маңызды» (18 бет) дейді. «Мәліметтерге» мақсатқа жету жолында жүйелі түрде жинақталатын мәліметтер жатады. Шешім қабылдаудың соңғы компоненті сараптау мақсатында ақпараттар (мәліметтерге) негізделген іс-шараның «мән», «құндылық», немесе «баға» анықтамаларын бойына жинақтайды. Бұл шешімдер мәліметтерді сараптаудан шығатын қорытынды, түсіндіру, сондай-ақ, ұсыныстар түрінде келеді: түйіндерге сүйене отырып, қандай да бр іске ұсынылған әрекеттерге қатысты не істеу керек немесе не істелуі мүмкін. Бұл қорытындылар қандай мәліметттердің тәжірибе қолданылуы мүмкіндігін көрсетіп, одан кейін іс-шараны жаңалау жоспарының кезеңі туралы хабардар етеді.

ОЙЛАУДЫ ТАЛДАУ

Талдау бойынша әдебиеттерге шолу талдау бойынша сарапшы ретіндегі сізге қолжетімді болатын екі негізгі құрал барын атап көрсетеді. Сандық және сапалық тәсілдер осындай. Талдаудың формальды тәсілдері аясында талдаудың екі түрі де іс-шара үшін маңызды. Олардың өзгешелігінің шегін айқындауға арналған көптеген құралдардың бар болғанымен, ереженің мәні сандық тәсілдердің санға негізделуінде (мысалы, келушілердің саны, кіріс, сатылған билеттер, және т.б.) , сапалы тәсілдер пікірлерге

негізделген (мысалы, іс-шараның сізге қаншалықты ұнағаны, сіздің тәжірибеңіздің неге ұқсағаны).

Сонымен қатар, ұйымдастырушы менеджер ретінде талдаудың екі түрін пайдаланғыңыз келуі мүмкін. Олар қалыптастырушы және жинақтық бағалау. Сараптаудың бұл екі түрін олардың мерзімі негізінде ажыратуға болады. Қалыптастырушы бағалау іс-шара жалғасын тапқан кезде, процеске негізделгенде жүзеге асады. Жинақтауды бағалау, әдетте, іс-шара аяқталғаннан соң және іс-шара көзделген мақсат пен міндетке жеткен, жетпегенін зерттеуге ұмтылады. Формативті бағалаудың артықшылығы - ол іс-шараның қалай өрістеуіне орай, оның бір проблемаға айналмай тұрғанында, кез-келген уақытта орын алуы мүмкін өзгерістерге мүмкіндік береді. Мысалы, қалыптастырушы бағалауда волонтерлер өз жағдайларына көңілдері тола ма, жоқ па, шын мәнінде, оларға қажетті қолдауға ие болып отыр ма (Готлиб, 2011), біз осыны анықтай аламыз. Жинақтаушы бағалау іс-шарадан кейінгі процесс ретінде ұйымдастырушы менеджерге мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізе алған-алмағандығы туралы шешімдердің түйінін жасауға мүмкіндік береді. Кейбіреулер үшін бағалаудың бұл түрі сарапталған және іс-шараны жаңалау қажет, қажет еместігіне қатысты шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Қысқаша айтқанда, бұл ненің пайдалы, ненің пайдасыз болғанын, қандай жағдайда оның одан да жақсы болуы мүмкіндігін анықтауға көмектеседі.

Талдаудың өткен күндермен жасалғандығы туралы атап өтілді. Ақылды менеджер талдауды алдын ала жоспарлау кезеңінен бастап ойлайды.

Іс-шараға дейін алдын ала жасалған жаттығулар іс-шараны талдауға уақыт келгенде пайдасы тиюі мүмкін. SWOT- сізге іс-шараны анықтап, талдауға көмектесе алатын пайдалы құрал болып табылады: S = күшті жақтары, W = әлсіз жақтары, O = мүмкіндіктері және T = қауіптер.

Күшті жақтары сіздің іс-шараның және ұйымдастыру құрылымының бөліктері болып табылады, олар сізге алдыңызға қойған мақсаттар мен міндеттерге жетуге көмектеседі. Мысалыға тәжірибелі ұйымдасқа комитет, оқытылған және адекватты волонтерлер және қауымдастық қолдауы бола алады.

Әлсіз жақтары ұйымдастыру құрылымында өз мақсаттары мен міндеттеріне жетуге жол болатын сіздің іс-шараңыздың ерекшеліктері болып табылады. Мысалға штаттық кестелер мен тәжірибесіз волонтерлерді өзгертуді, демеушінің және бұқаралық ақпарат құралдарының жоқтығын айтуға болады.

Мүмкіндіктері болып сыртқы факторлар табылады. Олар мақсаттарыңыз бен алға қойған міндеттеріңізге жетуге ықпал етеді. Іс-шараның жаңашылдығы, басқа да салыстырмалы іс-шаралардың жоқтығы,

қауымдастық пен экономикалық әсерді мысалға келтіруге болады.

Қауіптер мақсаттарыңыз бен міндеттеріңізге жетуде кедергі келтіретін сыртқы факторлар. Мысалы үшін қолайсыз ауа райы, нашар инфрақұрылым, белгілі бір уақытта қатарлас өтуі (мысалы, сол мезетте бір сәтте өткізілетін гольф-турнирлер саны) және қоғам тарапынан қолдаудың кемдігі.

SWOT сараптамасы іс-шараңызды алдын ала жоспарлаудың бөлігі ретінде талдамаңыздың барлық компоненттерін құжаттауға мүмкіндік береді. Сіздің іс-шараны бағалайтын кезең туғанда бұл зерттеу құнды болады. Бұл қандай да бір деңгейде сіз талдау жасай алатын базалық деңгейді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, мұндай талдамалық есепті құру іс-шараны жоспарлаудың өзге де аспектілеріне көмектесе алады, мәселен, демеушілік көмек алу немесе қоғамның қолдауы.

SWOT талдамасын жасауға қосымша ретінде біз алдыңғы тарауда мақсаттар мен міндеттерді құрудың маңыздылығына тоқталдық. Бұл мақсаттар мен міндеттер талдау түрғысынан қарағанда маңызға ие. Мақсаттар мен міндеттерді жасағаннан гөрі, ауызша айтқан жеңіл. Дадли (2009) «мақсат және міндет орталық зәкірді немесе талдау жүргізу үшін тірек нүктесін» қамтамасыз ететінін» атап айтты (138 б). Дадлидың жұмысы әлеуметтің жұмысқа араласуға бағытталған кезеңде мақсат туралы бірқатар мәселелерге назар аударды. Олар арқылы іс-шараны ұйымдастыруды басқаруда келісімге келуге болады. Бұл мәселелер (2009, 38 б):

■ Бағдарламаның (іс-шараның) мақсаты не?

■ Бұл мақсаттардың әрқайсысына лайықталған міндеттер?

■ Мақсаттар мен міндеттер тұтыншулардың проблемалары және қанағаттандырылмаған қажеттіліктерімен, сондай-ақ, негізгі себептермен байланысты ма?

■ мақсаттар мен міндеттердің арасында логикалық байланыс бар ма және бұл мақсаттарға жетуде бағдарлама қалай жүзеге асуда?

Дадлидің мәселелерін іс-шараны басқару ортасына тартып, оны іс-шараны құрудағы және талдаудағы үлесін бағалау қиын емес. Бұл жоспарлаудың алғашқы кезеңіне неғұрлым сүйенсе, соғұрлым талдау стратегиясын құру оңай, ол болса, шешім қабылдауға мүмкіндк береді. «Өлшенбелі мақсаттар кез келген табысты бағдарламада шешуші мәнге ие... Олар маңызды. Өйткені, олар бағыттауды жалғастыруды және жету үшін нәтижені қамтамасыз етеді» (Дадли, 2009, 140 бет).

ТАЛДАУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Іс-шараны жоспарлау моделінде іс-шараны талдау қажетті қадам болып табылады, өйткені, осы мәліметтердің негізінде бұл іс-шараның пайдасы, бағасы, құндылығы немесе мәніне қатысты шешім қабылдануы мүмкін, ол болса, одан кейнгі менеджерге шараның орналасуына қатысты негізгі шешім қабылдауды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ұйымдастырушы менеджер талдауды ресурстарды айқындауға, бәсекелес мүдделерді зерттеуге және көптеген шаралар соған сәйкес әрекет ететін нақты бюжетті сараптауға пайдалана алады. Жақсы ойластырылған және жүйелі және түбегейлі орындалған талдау нәтижелері негізді шешімдер қабылдауда маңызға ие. Ұйымдастырушы менеджерлер қандай да бір іс-шараның өндірісіне байланысты көптеген аспектілер үшін көбінесе жауапкершілікке тартылады, мысалы, адами ресустар және волонтерлерді басқару, қауіпсіздік. Жалпы алғанда, іс-шараның қандай аспектісі талдауға жататындығына қарамастан іс-шараның мақсаты алға қойған мақсаттар мен міндеттерге жетудегі іс-шараның тиімділігі көзқарасы тұрғысынан қарастырылады. Мысалы, бұл не, ол іс-шара табысты болды ма? Хендерсон және Биалешки (2002) өз талдауларында талдаудың түйіндемесі ретінде бес негізгі мақсатты айқындады:

1 Жауапкершілікті анықтау. Жауапкершілікті анықтау ресурстар бөлінісінде, кірістер және шығындарды есепке алу, маркетинг, сатуды ынталандыру және қызметтер мен процестерге демеушіліктен тұрады «іс-шара дайындаған мақсаттарға тиімді және өнімді жету» (Хендерсон и Биалешки, 25 бет).

2 Мақсаттар мен міндеттерді бағалау. Іс-шара оның мақсаттары мен міндеттері орындалды ма, жоқ па деген көзқарас тұрғысынан бағалануы мүмкін. Мұндай бағалау алға қойған мақсаттар және міндеттердің мақсаттылығын, сондай-ақ, келесі іс-шаралар үшін өзгерістер енгізуге қатысты мәселелерді шешуде ұйымдастырушы менеджерге көмек болады.

3 Шығындар мен әсерді анықтау. Фестивальдар, конференциялар, конвенцияның немесе жергілікті, аймақтық, ұлттық немесе халықаралық спорттық жарыстардың туризмге ықпал ету дәрежесін іс-шараның жергілікті экономиғаға талдау тікелей және жанама қаржылық тигізген пайдасы арқылы өлшеуге болады.

4 Табыстар мен келеңсіздіктерде бастар негізді анықтау. Іс-шараны талдау ненің жақсы жұмыс істеп, ненің неліктен нашар жұысс атқарғанын, және келеешекте бұған жол бермеудің, немесе жақсартудың жолдарын анықтауға мақсат қызметін атқарады.

5 Болашақ әрекеттерді жақсарту және анықтау. Талдаулар, сонынмен бірге, іс-шараның жекелеген аспектілерін қалай жаусартуға болатынын анықтауға көмектеседі, соынмен қатар, қандай да бір іс-шараға қатысты шешім қабылдауға, жүзеге асыруа, жалғастыруға, кеңейтуді анықтауға көметеседі.

Бұл бес негізгі мақсатқа қосымша ретінде таладу проблемаларды анықтауа, шешуге, іс-шараны ұйымдастырушы менеджерге басқаруды жақсарту тәслдерін табуға көмектеседі, іс-шараның немесе бағдарламаны құнын анықтауға, табысты немесе сәтсіздікті екшеуге, демеушілерд және билікті қанағаттандыруға немесе сенім немесе қолдау табуға мүмкіндік береді (Гетц, 1997). Челимски (1997) сәйкес тағы бір түйіндеме талдаудың үш негізгі қызметін анықтады. Бірінші таладуда іс-шараны нығайиып және оқиғаның өнімділігін арттыру үшін талдауға көмек беру. Екінші – жауапкершілік, немесе шешім қабылдайтын ақпарат ұсынушы түлға үшін нәтижелерді немесе оның тиімділігн өлшеу. Үшінші негізгі қызмет – бұл білім немесе қоршаған факторлар мен процестерді терең түсіну үшін білім жинақтау. Іс-шараны жоспарлау моделінде таладу нақты мақсатқа қарамастан таллдау кілттік компонент болып табылады.

ТАЛДАУ, ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

Ұйымдастырушы менеджер іс-шараны талдау процесін жеңілдетудің тиімді мүмкіндігі болуы үшін бір-біріне ұқсас, бірақ әр түрлі анықтаманы айыра білуі қажет. «Бағалау», «талдау» және «зерттеу» анықтамасы көбіне синоним ретінде дұрыс қолданылмайды. Бұл үш анықтаманың өзара жүйелілік тәсілдерімен, мәліметтерді жинау, оларды анықтау бойынша ұқсастығы бар болғанымен, нәтижелері өте әр алуан.

Бағалау тәжірибеге бейімделген және жинаудың, талдаудың және дәлелдердің интерпретациялары үшін кез келген әрекет институциональды ведомстволы, дивизиондық бағдарламаны немесе бағдарлама тиімділігн көрсетеді» ((Шух и Апкрафт, 1998, 3 бет). Бағалау нақты іс-шара аспектісінің құндылығына немесе бағалығына қатысты пайымды құруға байланысты мәліметтерді жүйелі жинаудың және талдауы ретінде анықталған. Бағалау мен талдау осындай мәліметтерді алудың жүйелі тәсілдері және/немесе мәліметтердің талдауын ажырата алатын жағдай, бағалау суреттік мақсаттарға ие, ал, Шух пен Апкрафт «тиімділікті арттыру мақсатындағы бұл дәелелдемелерді қолданудың кез келген талпынысы бағалау болып табылады» (3 бет) дейді. Талдау суреттеу қызметінің аясынан шығып, құндылыққа, бағалылыққа немесе іс-шараның қандай да бір аспектісін жақсартуға қатысты шешім қабылдауда қолданылады.

Сонымен бірге, зерттеу фактіні және принциптерді анықтау үшін жүйелі түде сұрау салу ретінде анықталады, гипотездерді қалыптастыру және тексеру, теорияны тексеру немесе қолдану ретінде анықталады, білім жинағына өз үлесін қосады немесе қандай да бір құбылыс туралы терең түсінік беруді қарайды, Эрвин (1993) зерттеуді және талдауды дифференциялайды «зертеу жаңа білімге ықпал етуі мүмкін, бірақ ол бағдарламалар жақсартуды немесе жақсы қызмет ету мүмкіндігін болжай алмайды» (231 бет), сондай-ақ, Шух пен Апкрафт (1998) зерттеудің «тиімділік анықтамасымен және өзгерістерді жүзеге асырумен байланысы болуы немесе болмауы мүмкін» екенін атап өтеді (3 бет).

Ұйымдастырушы менеджер іс-шараны талдауға қатысты шешім қабылдағанда, іс-шараны талдаудың тиімді болуы үшін зерттеудің не екенін айыра білуі қажет.

Сараптама жауап бере алатын негізгі мәселелер

Іс-шарада алға қойылған мақсаттар мен тапсырмалардың орындалуын анықтаудан бөлек, сараптама арқылы да бірқатар сауалдарға жауап алуға болады. Сараптама сауалдары шешілуі тиіс мәселеге сәйкес бес танылған типтердің біріне жатқызылады (Росси, Липси және Фриман, 2004):

1. Іс-шараның қажеттілігі туралы сауалдар (қажеттілік бағасы): Қажеттілік бағасы іс-шараны өткізудің алғашқы мүмкіндіктерін саралаудағы немесе жаңа іс-шараны ұйымдастырудағы, немесе бекітілген іс-шараны қайта құралымдаудағы алғашқы қадам ретінде жиі қолданылады.

2. Іс-шараны немесе дизайнды тұжырымдау мәселелері (бағдарлама сараптамасы/іс-шара теориясы). Концептуализация немесе іс-шара дизайны сараптамасында іс-шараның бағыты жазба немесе графикалық түрде айқындалып, оның маңыздылығы анықталады. Бұл жаңа іс-шараларды жоспарлауда, оның бастапқы кезеңіндегі тәжірибелік тестілеуінде өте маңызды.

3. Іс-шараның әрекеттері, жүзеге асырылуы және көрсетілетін қызметтері туралы сауалдар (іс-шара процестері сараптамасы). Процесс сараптамасы нақты процедураның немесе стратегияның орындалуы туралы мониторинг үшін ақпарат береді. Соған сәйкес, жүзеге асса, сақталады, жүзеге аспаса, жойылады.

4. Іс-шараның нәтижелері мен салдарлары туралы сауалдар (ықпал ету сараптамасы). Ықпал ету сараптамасы аталған іс-шараның мақсатталған және көзделмеген салдарларын қарайды.

5. Іс-шараның құны мен шығынның тиімділігі туралы сауалдар (тиімділік сараптамасы). Іс-шараның тиімлік сараптау іс-шараның жұмсалған шығынға қатысты басымдылығын зерттейді. Шығын мен пайда сарапта-

масы шығындар мен нәтижені қаржылық тұрғыда есептей отырып жасалады. Шығын тиімділігі іс-шараның шығыны мен нәтижесін есепке алады, бірақ, қол жеткізілген нәтижеге шығын тұрғысынан қарайды.

ІС-ШАРАНЫ САРАПТАУ ПРОЦЕСІН ҮЙЛЕСТІРУ

Іс-шараны сараптау процесін тиімді үйлестіру және басқару үшін іс-шараны ұйымдастырушы менеджер іс-шараны қолға алмас бұрын қаралуы тиіс бірқатар мәселелер бар. Келесі мәселелер іс-шараны сараптау контексіне неғұрлым сай келуі үшін МакДэвид пен Хоторн жұмысы негізінде қарастырылады.

НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Бұл іс-шараның қандай типі және бағдарламаның өмірлік циклі тұрғысынан қарағанда іс-шара қай жерде?

Бұл дәстүрлі немесе дәстүрлі емес іс-шара ма? Егер, дәстүрлі болса, қандай спорт түрі (I тараудағы дәстүрлі іс-шараларды қараңыз), және өткізілуге қандай себептермен дайындалуда (рекреациялық, жарыс және /немесе туризм) және қандай деңгейде (жергілікті, аймақты, облыстық/мемлекеттік, ұлттық немесе халықаралық)? Немесе дәстүрлі емес іс-шараның қандай типі (мереке, банкет, конференция, тұжырым, ат спорты фестивалі немесе шоудың басқа типі)? Егер, дәстүрлі емес іс-шара болса, тарихы қандай? Ол қалай дамыды немесе дамуда, тұрақты ма әлде деңгейі төмендеу үстінде ме? Іс-шараның дәстүрлі немесе дәстүрлі еместігіне қарамастан іс-шараны ұйымдастырушы менеджер іс-шараның өмірлік циклге маңыздылығын есепке алуы тиіс. Яғни, іс-шара өзінің ықпалын немесе жаңашылдығын жоғалтып, тоқтатылды ма немесе тартымдылығын жоғалтты ма?

Сараптаманың негізгі қызығушылары кімдер?

«Қызығушы тарап» іс-шараның жақсы жұмыс істеуіне мүдделі жекелеген тұлғалар, топтар мен ұйымдар болады. Мәселен, іс-шараның әртүрлі аспектілері бойынша шешім қабылдайтын өкілеттілігі бар демеушілер, әкімшілер, қызметкерлер, қатысушылар, тұтынушылар, қатысушылар, саяси қайраткерлер, басқару органдары мүшелері, қауымдастықтар басшылары немесе болжанған бенефициарлар, қызығушылық танытушылар. Сараптамалардың басым бөлігі тұтынушылардың әрекеті арқылы жасалатын болғандықтан, іс-шараны ұйымдастырушы менеджер процестіңнің басында қызығушылық танытушы тарапты анықтап, жобаны сараптау барысында олардың ақпараттық қажеттілігіне назар аударуы тиіс.

Сараптаманы басқаратын сауалдар мен проблемалар қандай?

Сараптаманың мақсаты мен түпкі ниеті қандай? МакДэвид пен Хоторн

(2006) іс-шараны сараптамас бұрын іс-шараны ұйымдастырушы менеджер сараптама жасалуын және неліктен жасалуын қалайтын кім екенін білуі керек, жасырын күн тәртібі немесе жасырын себептер бар ма, іс-шараның сарапталуын неліктен қажет етуде, сараптамаға қатысты негізгі проблемалар қандай (қажеттілік, іс-шара дизайны, іс-шара реті және орындалуы, нәтижесі мен салдарлары, құны және тиімділігі)? Қызығушылық танытушы тараптарда түрлі көзқарастар мен күн тәртібі болған жағдайда іс-шараны ұйымдастырушы менеджер іс-шараны сараптағанда деректерді бұра көрсетпеу үшін бұл топтар мен көзқарастарды ескеруі қажет.

Іс-шара сараптамасы үшін қандай ресурстар қолжетімді?

Көпшілік ресурстар, ережеге сійкес, қандай да бір іс-шараны ұйымдастырумен айналысады; тиісінше, бұл іс-шараны сараптау үшін қолжетімді ресурстар жетіспеушілігі болады. Іс-шараны сараптауды жоспарлау барысында ұйымдастырушы менеджер іс-шараны тиімді сараптау үшін қандай ресурстар қажет екендігін қарастырып алу керек. Бұл ресурстар жетіспеушілігі қаржымен, уақытпен, персоналмен, білім және тәжірибемен, ұйымдастырушылық қолдауымен және тағы басқа ресурстармен байланысты болуы мүмкін.

Өткен жылдары сараптама жүргізілді ме?

Іс-шаралар сараптамасы әр жасаған сайын өзгереді. Оқиғаның бірегейлігін ерекше атап көрсету үшін іс-шараны ұйымдастырушы менеджер өзге жағдайда жасалған немес бұдан бұрынырақ өткен іс-шараның сараптамасын пайдалана алады. Іс-шараны ұйымдастырушы менеджер іс-шара сараптамасының нәтижелерінен бөлек төмендегі мәселелерді негізге алуы тиіс: Сараптамаға қандай проблемалар қатысты? Бұрын не сарапталды және қазіргі сараптамаға қатыстылығы қандай? Сараптаманы кім жасады? Кім қызығушы тарап болды? Сараптаманың шындыққа сәйкестігі қандай? Қандай шаралар қолданылды және ағымдағы сараптамаға қандай аспектілерін қолдануға болады?

Қандай қоршаған орта типінде іс-шара жұмыс істейді?

Қиындық теориясы ұйымдар қоршаған ортаға аса күрделі емес және қоршаған ортаға тәуелді іс-шаралар құрылымын құру арқылы бейімделетіндігін қарайды. Іс-шара ауқымына, өзге іс-шаралармен бәсекелестігі, қолда бар ресурстар немесе нысандану деңгейіне, іс-шаралар қиындығы немесе орталықтандырылуына қатысты мәселелер сараптама жасауға дайындық барысында есепке алынылуына міндетті.

Қандай зерттеу стратегиялары тиімді?

Түрлі сандық және сапалық зерттеулердің тетіктері аталған тараудың

шеңберінен шығып кеткенімен, «практик-мамандар үшін түрлі зерттеменің қуатты және кемшін тұстарын білуде басты фактор болып табылады, сондықтан, бір-бірін толықтыратын зерттемелер комбинациясы таңдалады» (МакДэвид және Хоторн, 2006, 30-бет).

Қандай тиісті дереккөздері қолжетімді?

Сараптама проблемасына, іс-шараның құрылымы мен іс-шара жүргізілетін қоршаған ортаға сай келетін қандай дерек көздері қолжетімді? Сараптама зерттеуін есепке ала отырып, сараптама мәселесін шешу барысында қандай деректер жиналуы тиіс? Іс-шараны ұйымдастырушы менеджер сараптама өз мақсатына жетуі үшін деректердің бар екендігіне көз жеткізіп, сондай-ақ, сараптаманың қажеттілігін аша алатын сандық және сапалық деректердің көлеміне жүгінуі тиіс.

Сараптамаға қандай амал жақындата түседі?

Іс-шараны ұйымдастырушы менеджер бұл сұраққа негізгі қуатты және әлсіз тараптардың амалдарын зерттеп білмей тұрып жауап ала алмайды.

Сараптау жүргізу қажет пе?

Жоғарыдағы проблемаларды зерттеп білгеннен кейін іс-шараны ұйымдастырушы менеджер іс-шараны сараптау қажеттілігін анықтау қажет. Бұл іс-шараны жоспарлау моделі қадамы кітаптың 3-тарауында көрсетілген. «Сараптама проблемаларына, ресурстар жетіспеушілігіне, ұйымдастырушылық және саяси проблемаларға, зерттеулер амалдарына, зерттеу (іс-шара) шектеулеріне көз жеткізгеннен кейін сараптама бойынша маман сараптама бұл уақытта жүргізілмеуін ұсынады» (МакДэвид және Хоторн, 2006, 32-бет). Іс-шараны сараптауға керек қомақты қаржыны, уақыт пен ресурсты, егер, сараптама нәтижесі қолданылмайтын болса босқа шығындап қажет емес.

ІС-ШАРАНЫ САРАПТАУДАҒЫ ЖАЛПЫ ӨЛШЕМДЕР

Бүгінде бұл тарау сараптаманы анықтады, қажеттілігін жете түсіндірді және өз мақсатында тоқталды. Біз сараптама, зерттеу және бағалау арасындағы айырмашылықты және сараптама бойынша шешім шығаруға міндетті негізгі мәселелерді анықтадық. Сондай-ақ, іс-шараны ұйымдастырушы қаперге алуы тиіс жұмысты қолға алмас бұрын қаралуы қажет бірқатар сауалдарды қарастырдық.

Іс-шараны ұйымдастырушы менеджер сараптама жасау жұмысын жалғастыруды қажет деп тапса, сараптамалардың басым бөлігіне ортақ болып табылатын келесі бес қадамды меңгеруі қажет:

1. Қазіргі уақытта сараптамаға қандай тақырып алынғанын анықтаңыз және сараптама бойынша сауалдар қойыңыз;

2. Деректер көзін анықтаңыз; деректер жинау стратегиясын және тиісті шараларды қалыптастырыңыз;

3. Деректерді жинап, сараптаңыз;

4. Сараптама туралы есепті дайындап, таратыңыз;

5. Қажеттілігіне қарай іс-шараны көркемдеу және өзгерту туралы шешім қабылдаңыз .

Бесінші қадамды орындау үшін немесе іс-шараны көркемдеу және қажеттілігіне қарай өзгерту, жаңарту туралы ұсыныс беру үшін бірқатар шешімдер қабылдануы керек. Бұл шешімдер төмендегі бөлімде көрсетілген.

ІС-ШАРАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ МЕНЕДЖЕР ТАРАПЫНАН САРАПТАМА ЖАСАУҒА ДЕЙІНГІ ҚАБЫЛДАНУЫ ҚАЖЕТ ШЕШІМДЕР

Іс-шараны ұйымдастырушы менеджерлерге іс-шараны жоспарлау кезеңін тиімді үйлестіру үшін сараптамаға қатысты анықталуы тиіс бірқатар элементтер бар. Сараптама теориялық база контексінде жүргізіліп, өз мәтінінде келесі элементтерді қарайды: формальді сараптамамен салыстырғанда ресми емес, сомалық бағамен салыстырғанда формативті, сараптамаға сандық немесе сапалық амалдары, проблеманың саяси, этикалық және моралдық бағасы сарапталады.

ІС-ШАРАНЫ САРАПТАУДАҒЫ ТЕОРИЯНЫҢ РОЛІ

Бұрын бұл тарауда зерттеу сараптамадан ажыратылды. Зерттеу теорияны қалыптастыру және тексеру мақсатында, ал, сараптама бір нысанның құндылығы мен құны туралы шешім қабылдау үшін қажет. Дегенмен, сараптама теорияны қалыптастыру және тексеру үшін бағытталмаған. Теория сараптама жобасы басшылығымен қолданылып, не сарапталып отырғандығын анықтауы мүмкін. Іс-шараны сараптауда теория жүйесі тарапынан іс-шараны зерттеу маңызды. Теория жүйесі іс-шара құрылымы іс-шараны өткізуге қажетті өндірушілік және нәтижелер үлесі негізінде құрылып, басқарылады.

Процесс теориясы іс-шараның қалай өтетіндігі, не қолданылатындығы туралы жалпы жоспарды қарайды. Бұл болжамдар іс-шара сараптауына дейін іс-шараның мақсатына қол жеткізілгендігін анықтауда, тиісті қызметін атқарған аспектілерді анықтауда қарастырылады.

Жағдайлар теориясы іс-шараны ұйымдастырушы менеджерге ұйымдастырушылық құрылымы мен басқару жүйесін таңдау іс-шара өткізіліп

отырған сыртқы қоршаған ортаға тәуелді екендігін түсінуге көмектеседі (Джонс, Джордж және Лэнгтон, 2005). міне, сондықтан, сараптама бойынша бірдей екі зерттеу болмайды. Іс-шара соңғы күрт өзгермесе де, қоршаған орта аспектілері әсер етуі мүмкін. Бұл өзгерістер іс-шараның әрекетіне әсер етеді және жыл сайын іс-шара сараптамасында ескерілуі қажет.

НЕНІ САРАПТАУ ҚАЖЕТ?

Іс-шараны ұйымдастырушы менеджер формативті немесе соммалық бағалауды жүргізбеу бұрын не сараптауға алынатындығын анықтау керек. Хендерсон және Биалешки (2002) іс-шараның қандай аспектілері сарапталатындығына қатысты «бес П сараптаманы» сөз етеді: персонал, саясат, орын, бағдарлама және қатысушылар нәтижелері. Бұдан бөлек, олар бағдарламалар үлестер, іс-әрекеттер, нәтижелер бойынша сарапталатындығын айтады.

Іс-шараны жүзеге асыруда пайдаланылатын ресурстар үлес болып табылады. Іс-шара шеңберіндегі ұйымдастырушылық процестері іс-әрекеттер түрі болып табылады және нәтижелер құрамында іс-шараның экономикалық салдарлары көрсетіледі.

МакДэвид және Хоторн (2006) бағдарламаны сараптау тиімділігі ретінде сараптаманы жүргізудің кең таралған себебін көрсетеді. Сондай-ақ, олар іс-шараның сараптауға болатын өзге де аспектілерін атап өтеді. Мәселен, іс-шара тиімділігі (оның ішінде іс-шараның шығыны мен тиімділігін сараптау), іс-шараның экономикалық тиімділігі, немесе қаншалықты іс-шара жақсы өткізілді. Іс-шараны ұйымдастырушы менеджер іс-шараның кез келген аспектісін сараптауға болатынын білуі тиіс. Оның ішінде, іс-шараны жоспарын құру және жүзеге асыру, тиісті орнын ыңғайлау, билет сату және аккредитациялау, қауіпсіздік, коммуникация, ақпарат және бағдарлаушылар, көлік, тұрақ және тағы басқалары бар. Сараптамаға немесе деректерді жинау стратегиясына қатысты тәсілді таңдау туралы шешімді шығармас бұрын іс-шараны ұйымдастырушы менеджер іс-шараның қандай аспектісі сарапталатындығын, неліктен сарапталатындығын, сарапталғанда ескерілетін критерийлерді білуі шарт.

ІС-ШАРАНЫ САРАПТАУ ТӘСІЛДЕРІ

Мақсатты бағытталған тәсіл

Бағалаудың екі негізгі түрі – формативті және сомалық уақыт және бағалаудың сан түрлі моделдерін қолдану болжамдары бойынша ажыратылған болса да, көп жылдар бойы қалыптастырылды. Мұның арасында 1930-шы жылдары Тайлер (Исаак және Майкл, 1981) құрастырған мақсатты бағытталған модель алғашқы лектен орын алды. Мақсатты

бағытталған, мақсатты бағдарланған (Хендерсон және Биалешки, 2002) немесе мақсатты анықтаушы (Уорсен, Сандерс және Фицпатрик, 1997) модельдер мақсаты іс-шарада көзделген мақсаттар мен тапсырмалардың орындалғанын анықтайды. Мұндай тәсілдерде мақсаттар мен тапсырмалар іс-шара сарапталатын критерийлер ретінде қолданылады. Мақсаттарда қол жеткізілуі қажет көрсеткіштер көрсетіледі (Россман және Шлаттер, 2003), ал, тапсырмаларда мақсат қалай орындалатындығы айтылады. Мақсатты бағдарланған сараптама кез келген нәтижемен немесе ұйымдастырушылық тапсырмалармен пайдаланылады. Тапсырмалар нәтижесі іс-шараның жекелеген тұлғалардың әсер етуі көрсетілген төрт мінез-құлықтың қайсына жататындығын анықтайды: когнитивті (ойлау, білім), аффективті (сезім, қарым-қатынас), психомоторлық (қозғалыс, іс-әрекет), немесе әлеуметтік (адамдардың бір-біріне деген қарым қатынасы).

Ұйымдастырушылық тапсырмалар іс-шара шеңберіндегі ішкі процестерге қатысты және іс-шараның іс-әрекетімен, іс-шараны әзірлеудегі жұмсалған қажыр-қайраттың көлеміне қарай байланыстырылады.

Бұл тәсіл тиімді болуы үшін іс-шараның мақсаты мен тапсырмасы жақсы тұжырымдалуы қажет. Россман мен Шлаттердің ұсынуы бойынша тапсырмалар түсінуге жеңіл, нақты, обьективті бағалауға лайықталған, қол жеткізуге болатын және жоспарланған шешімдерді қабылдауға пайдалы болуы шарт.

Мақсатты бағытталған сараптама іс-шараларды сараптауда кең таралған тәсіл болып табылады. Бұл тәсілдің обьективтілігі есеп беруді анықтауда басымдық береді. Мақсатты бағытталған тәсілдің кемшілігі – іс-шарада тапсырмалар мен мақсаттар нақты көрсетілуі қажет.

Еркін тәсіл

Мақсатты бағытталған сарапатаманың сынына жауап ретінде, оның ішінде, мұнда көзделмеген нәтижелерді есептелмеуіне қатысты сынға жауап ретінде Скривен (1972) еркін тәсіл құрастырды. Бұл тәсіл іс-шараның нәтижесінде болуы міндеттілігін ескермей, оның тиімділігін, нәтижесі мен салдарын анықтап, бағалауға күш салады. Осы тәсілді қолдану барысында іс-шараны ұйымдастырушы менеджер не табылуы мүмкін екендігін көздемей-ақ, іс-шараны бастау қажет. Тәсілді жалпы мақсаты бұл іс-шара қалай жүріп жатқандығын анықтау болып табылады.

Хендерсон мен Биалешкиге (2002) сәйкес, бұл тәсілде сарапшы адамдармен сөйлесіп, бағдарлама элементтерін анықтап, бағдарламаны меңгеріп, өзі үшін мақсаттар мен проблемалар ашып, сауалдар мен проблемаларды ой сүзгісінен өткізіп, сапалық немесе сандық деректерді нақтылап, жи-

нап, тақырыптық зерттеулердің мүмкіндігін қолдануға қажет әдістер мен тәсілдерді таңдап, деректерді жинап, ол деректерді және аудиторияның сауалдарын салыстырып, есеп беруге дайындалу қажет.

Бұл тәсілдің артықшылығы іс-шараның шынайы салдарларын зерделеп (олардың көзделмегеніне қарамастан), сапалы деректерді жинау арқылы терең сараптауға жол ашады. Кемшілігі – бұл ұзақ уақыт алуы мүмкін және кейбір ықпалдарды зерттеу қиынға соғады.

Икемді тәсіл

Мүдделі тараптардың қажеттілігі ескерілмейді деген сынға жауап ретінде Стейк (1975) сараптаманың икемді тәсілін құрастырды. Бұл тәсілде бағдарламаға қатысты шынайы әрекет қолға алынып, қатысушылардың реакциясына, проблемасы мен сауалдарына дер кезінде жауап беріледі. Формальді жоспарға және бағдарламадағы мақсаттарға қол жеткізу жолында сараптама бір ізбен жасалмайды (Вортен және қосалқы авторлар, 1997, 159-бет). Стейктің айтуынша, сараптама бағдарлама іс-әрекетіне бағдарлама ниетіне қарағанда тікелей бағытталғанда; аудиторияның ақпарат алу талабына жауап бергенде; бағдарламаның сәттілігі мен сәтсіздігі туралы есеп беруде түрлі құндылықтар, келешек дамуы қаралғанда икемді тәсіл деп аталады (14-бет). Икемді сараптаманың мақсаты, құрылымы мен бағыты сайлаушылардың өзара қарым-қатынасымен пайда болады, және бұл қарым-қатынастар мен бақылаулар проблемаларға қатысты прогрессивті назарлардың тоғысуына алып келеді (Уорсен және басқалары, 1997, 160-бет).

Икемді сараптаманы қабылдау кезінде іс-шараны ұйымдастырушы менеджер қызығушылық танытушы тараптардың әртүрлі топтарымен үнемі қарым-қатынаста болуы қажет. Менеджер қандай ақпараттың маңыздылығын анықтап, оны кез келген адам түсінетін келбетте ұсынуы талап етіледі.

Мүмкіндіктер мен құқықтарды кеңейту сараптамасы

Феттерман, Кафтариан және Вандерсмен (1996) сараптаманың құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейтетін модельді құрастырып шығарды. Бұл модель жақсартуға және өзін-өзі анықтау үшін сараптаманың тұжырымдамасын, әдістері мен нәтижелерін қолданады. Мүмкіндіктерді және құқықтарды кеңейту сараптамасының негізгі назарында бағдарламалар болады. Бұл сараптама бағдарламаға қатысушылардың өзін-өзі бағалауына және бағдарламаларын жақсартуға, өзін-өзі анықтауға селбеседі. Сарапшы – қызығушы тараптың өзара қарым-қатынасы Стейктің икемді сараптамасына қарағанда неғұрлым ауқымды қатысушыларды қамтиды және біріге жұмыс істеуге баулиды. Нәтижесінде, қызығушылық танытушы тараптардың әлеуетіне қатысты мұндай жұмысты қолға алған сарапшы-

лар өз сараптамасын ұсынады. Бұл тәсіл арқылы менеджер сараптама нәтижесін ақпараттық-насихат әрекетінде қолданады және сарапталатын іс-шараны өзгертіп, қадағалау бойынша бірқатар тәжірибе жасай алады. Құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейтуді бағалау процесі ақпараттық және пайдалы қортындыларды алумен қатар, өзін-өзі дамыту мен қатысушыларға саяси әсер етуді көтеруге ықпал жасайды (Росси және қосалқы авторлар, 1999, 58-бет).

Мазмұн, енгізілу, процесс және түпкілікті өнім моделі (ҚЕПӨ): сараптамаға жүйелі тәсіл

МЕПӨ моделі (Стаффлбим, 1971) жоспарланған сараптаманың жүйелі сараптау шеңберінде шешім қабылдауға негіз болады. МЕПӨ моделі сараптаманы сызып қою процесі, альтернативті шешімдер шығару үшін пайдалы ақпарат алу және ұсыну ретінде анықтайды. Бұл анықтау өзіне үш негізгі тармақты қарайды. Бірінші тармақ, сараптама үздіксіз, жүйелі процесте атқарылады. Екінші тармақ, бұл процес өзіне негізгі үш қадамды енгізеді: бірінші - берілуі тиіс жауаптар көрсетілген сауалдар; екінші – тиісті деректерді алады; үшінші – шешім қабылдайтын әлеуетті тұлғаларға қолжетімді болған сәтте ақпаратты ұсынады. Үшінші тармақ, алтернативті нұсқаны таңдауға жол бере отырып, шешімнің салдарына жүгіне келе шешім шығару процесіне қолдау білдіреді.

МЕПӨ сараптама моделі төрт шешім шығару типімен байланыстырылады: мақсаттар мен тапсырмалардың таңдалуына әсер ететін шешімдерді жоспарлау; жоспарлау аймағындағы шешімдер арқылы қол жеткізілген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін оптимальді стратегиялар мен рәсімдік жобаларды анықтайтын шешімдерді құрылымдау; таңдап алынған тәсілдер мен стратегияларды жүргізу және жақсартуға қажетті қолдауларды жеткізетін шешімдерді жүзеге асыру; іс-шараны немесе іс-әрекетті жалғастыруды, өзгертуді немесе тоқтатуды анықтайтын шешімдерді жаңғырту. Бұдан бөлек, сараптаманың төрт тиісті түрі бар: мазмұн, енгізу, процесс, түпкілікті өнім – яғни, МЕПӨ.

Мазмұн сараптамасында маңызды нақты болжамдарға қатысты күтілген және қолда бар ақпараттың арасындағы сәйкессіздік деңгейін анықтайды, жайсыздық, қиындық және мүмкіндік тудыратын мәселелерді анықтап, мақсаттар мен тапсырмаларды анықтайды. Енгізу сараптамасы көрсетілген тапсырмаларды жүзеге асырудағы альтернативті стратегиялар мен жобалардың қуатты және кемшін тұстары туралы ақпаратты сақтайды. Процесс сараптамасы таңдалған рәсімді немесе стратегияны мониторнг жасау үшін қажетті ақпаратты жеткізеді, сондықтан, оның қуатты тұстары сақталып, кемшін тұстары жойылады. Түпкілікті өнім

сараптамасы бұл жетістіктерге қол жеткізуде жүзеге асырылған стратегиялар, рәсімдер мен тәсілдердің тоқтатылуы, өзгеруі немесе осы тұрғыда жалғастырылуы туралы ақпарат береді.

Іс-шараны ұйымдастырушы менеджерлер МЕПӨ сараптамасы моделін кез келген іс-шараны немесе оның аспектілерін бағалауда негізге ала отырып жұмыс істей алады. МЕПӨ моделін қолдана отырып іс-шараны ұйымдастырушы менеджер іс-шара қорытындысын ғана бағалап қоймай, жоспарлау, іс-шараның өзін, іс-шараның жоспарланған және жоспарланбаған нәтижелерін бағалай алады.

Кәсіби тұжырымдау тәсілі

Іс-шараны ұйымдастыру кезінде өзіндік әлеуеттің төмендігін сезінген менеджер үшін жұмысты жеңілдетіп, сараптамалық әлеуетті арттырып, талдау жүргізудің оңтайлы тәсілдері және нұсқаларының бірі – кәсіби консультант жалдау. Егер жоғары дәрежесі және объективтілігі қажет болып, немесе талдау жұмыстары білімді талап еткен жағдайларда, менеджер ұйымның іс-шараларын қарауды сарапшыға тапсыруына болады. Егер менеджер жұмысын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар өткізуге мүдделі қандай да бір экономикалық талдау шаралары қажет болса, онда сарапшы сырттан тартылуы мүмкін. Кәсіптік консультантты жалға алу – менеджерге іс-шараларды ұйымдастыру бойынша жұмсауға қажет және бұл сонша уақыт талдай отырып, әдетте, оңай ұйымдастыру үшін көмектеседі. Сонымен қатар, менеджер іс-шараларды ұйымдастыру бойынша нәтижелерді сол сырттан алдырған бейтарап сарапшының көмегі арқылы біле алады. Бұл – іс-шара барысында саяси мәселелер туындаған жағдайда, сараптамалық жұмыс барысында объективті талдау барысында маңызды болуы мүмкін. Екінші жағынан, сарапшының жалдау қымбатқа түсуі мүмкін. Сондай-ақ, сарапшылардың бір бөлігі, менеджер таңдайтындықтан, кеңесші де іс-шара туралы жақсы хабардар болуы тиіс.

Мақсатты талдау барысында шешімдер қандай да бір көзқарастық талдауларға негізделген болуы тиіс. Егер талдау жұымысында сарапшылар мен стандарттар болса, кәсіби пайымдау жақсы өтуі мүмкін. Егер мақсаттар мен бағаланатын міндеттерді бағдарлама үшін пайдаланса, олар (мақсатқа жету) негіз ретінде сәтті болады. Кімде-кім белгіленген мақсаттарды салыстыруда қызығушылық танытса, оған еркін көзқарас жақсы болуы мүмкін. Егер менеджер ауқымды іс-шараларды ұйымдастыру бойынша мүдделі талдауда қызығушылық танытса, оған бір компонент бойынша іс-шараларға қатысты салымдар, өнімділігі мен нәтижелері, жүйелі көзқарас, моделі ретінде СВПП, элементтерін үйренуге байланысты таңдаулар көмектеседі.

Қабылданған тәсілдерге қарамастан, менеджерлер мүдделі тараптарға ұйымдастыру бойынша іс-шараларда кепілдік беріп, сондай-ақ, талдау барысында икемді жауап беруі тиіс Есептер – өзгерту немесе тоқтату шараларында немесе оның аспектілері ретінде шешім қабылдауды жақсарту жолдары үшін қолданылады. Есептерді қалыптастыру процесі – клиенттерге немесе қатысушыларға өздерін іс-шараларда бағалауға көмектеседі

ІС-ШАРАНЫ ТАЛДАУДАҒЫ САЯСИ, ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МОРАЛЬДЫҚ ШЕШІМДЕР

Менеджерлер көптеген туындайтын проблемаларға талдау жүргізу барысында, саяси, құқықтық, этикалық немесе моральдық проблемалармен, сондай-ақ, тап болған процесті талдауда іс-шаралар ұйымдастыру барысынан хабардар болуы тиіс. Бұған көптеген мүдделі тараптар қатысатынын ескерсек, олар күн тәртібіндегі талдау тұрғысынан өзінің табиғаты бойынша әртүрлі саяси сипатқа тән. Осы тұрғыда Хендерсон және Биалешки (2002) бірнеше ұсыныс жасайды, егер менеджерлер ұйымдастыру бойынша іс-шаралар ұстанса, оларды талдау процесінде қолданса, шара саяси жағынан кем түспес еді. Іс-шаралардағы алғашқы сөз ұйымдастыру немесе іс-шаралар туралы, оның тарихы, дамуы мен эволюциясы, негізгі мүдделі тараптар, шешім қабылдаушы тұлғалар мен қызметтің барлық аспектілері туралы болуы тиіс. Екіншіден, менеджерлер ұйымдастыру шараларын тұжырымдауда нақты мақсат үшін барлық мүдделі тараптардың жоспар процесін талдау бойынша іс-шараларды мақсатты жүргізуі тиіс. Менеджерлердің іс-шараларды ұйымдастырудағы қорытынды немесе ұсынымдары бойынша жиналған деректері процесс барысында нақты талдауларға негізделген болуы тиіс. Талдау мақсатында пайымдауларға қатысты құндылықтар немесе құнды іс-шаралар берік болуы деректермен байланысты болуы керек. Уорсен авт. (1997) қандай да бір саяси проблемаларға байланысты осы ұсыныстарға қосымша мынадай сұрақтар ұсынады:

• Қандай жекелеген тұлғалар немесе топтарда билік бар және кім көбірек сатып алады немесе талдау нәтижелеріне байланысты жоғалтуы қандай ? Тарапатар бұл жағын мақұлдап, ынтымақтастыққа келісті ме?

• Әділ аутсайдер, адвокат, консультант немесе қосалқы мердігер көмекшісімен сарапшының әр түрлі мүдделі тараптарымен байланыс орнатты ма?

• Қандай мүдделі тараптардың ынтымақтастығы маңызды болып табылады? Оларды ынтымақтастыруға және деректермен толық қамтамасыз етуге келістіңіз бе?

• Талдау нәтижелеріне қандай мүдделі тараптар жеке қызығушылық танытады?

• Ақпаратты талдау барысында жоспарлар, рәсімдер, прогресс, өзгерістер мен қорытындылар туралы, алдымен, кім білуі тиіс?

Әдетте этикалық проблемалар адамдар үшін жауапты жәрдемдесу, талдау іс-шаралар қабылдауда, қағидаттарға сай дұрыс немесе дұрыс емес шешімге негізделген болып табылады. Топ Этика бойынша Ведомствоаралық Консультациялық Ғылыми зерттеулердің (ГЭНИ) Американдық Психологиялық Қауымдастығы (АПА) іс-шараларды ұйымдастыру бойынша менеджерлер үшін пайдалануға қажетті этикалық принциптер орнатты. Кейбір көп қолданылатын принциптер адамның қадір-қасиетін, еркін және саналы келісімін, сондай-ақ, осал адамдардың жеке өмірі және құпиялылығын, болуы мүмкін шығын мен пайдасын құрметтеуге шақырады. Адамдық қадір-қасиетіне құрметпен қарау, жеке тұлғалардың мүдделерін қорғап, этикалық міндеттемелердің негізін қалыптастырады. Адамдар сарапшылардан еркін және саналы, қатысуға немесе қатыспауға құқылы шешімдерді талап етеді. Осал тұлғаларға құрметпен қарау менеджерлерден іс-шараларды ұйымдастыру бойынша қосымша шаралар қабылдау, сақтық мүдделерін қорғау, адамдардың әлсіз құзыреті немесе қабілеті арқылы шешім қабылдауға, осылайша олардың осал тұсын анықтауды талап етеді. Жиналған ақпарат процесінің құпия сақтау – жеке өміріне құрметпен қарауды білдіреді. Талдау барысында оның қорытындысын сақтау үшін ақпарат жасырын болуы тиіс. Жұмыс барысында залал мен пайданы тең ұстау жұмыстары менеджерлер үшін іс-шараларды ұйымдастыру немесе жеке тұлғаларға уақыт бөліп, барынша пайдалы жағын таңдауды талап етеді. Жалпы алғанда, болжамды нұсқасы пайдалы жағына нұқсан келтірмей, соңғы қабылданған шешім де бұл болмауы тиіс.

Ұйымдастыру бойынша іс-шаралар барысында менеджерлер саяси және этикалық проблемалардан басқа, бірқатар моральдық проблемаларға тап болады. Мысалы, Хендерсон және Биалешки(2002) моральдық міндеттемеге ең үздік талдау жүргізуді ұсынады. Бұл тәсіл талдау, үлгілерді жинау, деректердің стратегияларын ұсыну және нәтижелерін уақтылы іс-шараны жақсарту есебінен қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, талдау процесі кезінде шынайы және жақсы жұмыстың маңызы зор. Осы ретте сарапшылар болмашы болып көрінген қандай да бір нәтижелерді немесе ашуға әкелетін нәтижелерден туындайтын талдау процестерін есептен шығарып тастамағаны жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл бөлім менеджердің іс-шараларды ұйымдастыру бойынша жалпы білімін, табысты үйлестіру сатысын талдау, жоспарлауды қамтамасыз ету-ге бағытталған. Талдау жүйелі жинау және деректерді талдауға қатысты құнды пайымдаулар, атап айтқанда, ұғымдар арасындағы аспектілер, талдау айырмашылығы, зерттеу және бағалау іс-шаралары арқылы жүргізілді. Бұл тарау бірнеше негізгі мәселелерді анықтады, сондай-ақ, талдау қажеттілігінің артқандығын түсіндірді.Талдау шаралар кезінде бес жалпы қадам қабылданып, егжей-тегжейлі сипатталған. Соңында , ме-неджерге іс-шараларды табысты ұйымдастыру үшін табысты үйлестіруге қажетті бірқатар шешімдер қабылданды.

ТАРАУЛАР БОЙЫНША СҰРАҚТАР

1 Ұйымдастыру іс-шараларын басқару ұйымдарына талдау неге қажет?

2 Ұйымдастыру менеджері талдауға дейінгі іс-шараларға дейін қандай сұрақтарды қаралуы қажет?

3 Россия. Авт. (1999) мәселелерді талдау мекемелері бойынша қандай бес негізгі талдау сұрақтары бар?

4.Жалпы көпшілік жобалар үшін қандай бес қадамды талдау керек?

5 Іс-шараларды талдаудың алты тәсілін атаңыз және сипаттаңыз.

8 ТАРАУ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КЕЗІНДЕ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

КРИС ЧАРД ЖӘНЕ МЭТТ ДОЛЬФ бойынша

«Өлі планетада бизнес болуы мүмкін емес» (Холлендер & Брин, 2010, 114. бет).

Бұл бөлім менеджерлердің сапалы іс-шаралар ұйымдастыруда жауапкершілігін арттырып, бір мезетте іс-шаралардың қоршаған ортаға ықпал ету шараларын қарайды. Іс-шараларды басқаруға тұрақты түрде тарту алдағы жылдары сөзсіз күшейтіліп, (1) қоршаған ортаға зиян тікелей келтіретін көптеген қысымды азайтуға, (2) мүдделі тараптардың (ішкі және сыртқы) этикалық мүдделерін қанағаттандыруға (3) біріктіре отырып басқаруға, (4) қарым-қатынаста келісім орнату , (5) іс-шаралардың қауіпсіз өтуіне және салауатты қоршаған ортаға жұмыс істей алатындығына кепілдік беруге, және (6) жаңа заң талаптарына сай жауап беру ету шараларын қарайды.

Бұл тарауды біз, атап айтқанда, экологиялық орнықтылыққа назар аударып, (ЭҚ) және іс-шаралар барысында неге ЭҚ-тің маңызды рөл атқаратындығын тұрақты жіті қараймыз. Бұдан әрі біз менеджерлерді іс-шараларды ұйымдастыруды әзірлеу кезінде әр түрлі рөлі мен жауапкершілігі арқылы бөлеміз. Сондай-ақ, біз қоршаған ортаға бағалау жүргізуді нақты үш көзқарасқа негізделген өмір циклін бағалау (ОЖЦ), көміртек іздері және экологиялық әсер етушілік әдістері арқылы енгізетін боламыз.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ДЕГЕН НЕ?

Бұл тарауда біз Біріккен Ұлттар Ұйымындағы (БҰҰ 1989) Брундтландттың экологиялық тұрақтылық туралы анықтамасына сай әрекет етеміз. Аталған баяндамада ЭТ қоршаған ортаны қорғау қабілеттілігі «қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, олардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне қауіп төндірмеу» ретінде сипатталады (1 бет). Әлбетте, таңдау элементтерін ұсынады, ұйымдық шешім қабылдауда қазір мен келешек бірге қарастырылуы тиіс. Сөйтіп, қазір немесе кейін ұғымдарды бір-біріне тығыз байланыстырады.

Терминология да даму үстінде. Робинсон (2004) «тұрақты даму» жеке

сектор мен үкіметтік ұйымдарда жиі қолданылады, ал, «тұрақтылық» термині ҮЕҰ арасында және ғылыми ортада кең қолданысқа ие. Өйткені, даму сөзі өсіммен байланысты, ал, тұрақтылық сақтау немесе абсалютті шек түсініктеріне қатысты. Робинсон тұрақтылық «құндылықтардың өзгерісі», ал, тұрақты даму «техникалық жаңалық» ретінде қаралатынын айтады. Тұрақтылық және тұрақты даму терминдерінің тәжірибеде синионимдер түрінде қолданылатынына қарамастан, басқа да «копоративті әлеуметтік жауапкершілік» секілді өзге де ортақ мағыналармен бірге қолданыла отырып, философиялық айырмашылығы маңызға ие. Ресурстарды пайдалану кемігенде (ЮНЕП, 2011) ішкі жалпы өнім жететін консенсуас артып келеді. Ұйымдастырушы менеджерлер бір жағынан қаржылық өсімді арттыру проблемасы туралы, екінші жағынан ресурстарды пайдалануды кеміту және қоршаған ортаға әсерді азайту арқылы өмір сапасын жақсарту туралы хабардар болуы тиіс.

А ТАПСЫРМАСЫ: ШАРА БОЙЫНША ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҮШІН ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛАДУ

Айталық, сіздің қайырымдылық ұйымыңыз үшін қаражат жинаудың аса маңызды шарасы болып табылатын жыл сайын өтетін гольфтың менеджері болып табыласыз. Турнир алты жыл бойы өтіп келе жатқан гольфке арналған алаңда өткізіледі. Қандай да бір келісімшарт жоқ, бірақ биылғы жылы да турнир сол алаңда өтеді деген жалпы түсінік бар, сондықтан сіздің волонтерлер мен қызметкерлеріңіз жалпы жоспарлау барысында осы болжамға сәйкес әрекет етті. Шараға екі ай қалғанда, сізге, алайда, қалаңыздың солтүстігіген 50 минуттық жерде орналасқан жаңа жеке алаңның бас менеджері хабарласып, қаржылық ынталандыруды ұсынып, ойынды осы алаңға көшіруді ұсынады; бұл ұсыныс шарадан түсетін кірісті 50%-ға арттырады. Өткізу орнын ауыстыру туралы ойлағанда басқа да ойлар басыңызға келеді, мысалы, іс -шараға қатысу үшін волонтерлердің, қызметкерлердің және қатысушылардың баруға тиіс сапарының артуы, волонтерлер гольф алаңына келуден волонтерлер жоғалтатын көптеген сағаттар, соңғы сәтте жергілікті гольф алаңынан кетуге байланысты туындайтын жағымсыз проблемалар. Оған қоса, БМ жаңа лкубтың пестицидтерді қолдану мен судың жергілікті тоғанға төгілуіне байланысты көптеген экологиялық проблемаларды бастан кешріп отырғанын айтады.

Гольф алаңын ауыстырудан түсетін қаржылық пайда айқын. Бірақ сіз әлеуметтік және экологиялық проблемаларға қарсы таразы басын қалай теңестірмексіз?

соображения приходят на ум, например, увеличение числа поездок, необходимых для волонтеров, сотрудников и участников для посещения мероприятия, больше часов для волонтеров, последствия, которые могут быть от потери мероприятия на местном поле для гольфа, а также негативные проблемы, возникающие в связи с дезертирством местного поля для гольфа в последнюю минуту. И, наконец, ГМ говорит вам, что новый клуб испытывает множество экологических проблем с использованием пестицидов и стоком воды в местный пруд.

Финансовая выгода смены поля для гольфа очевидна, но как вы поставите на весы это против других социальных и экологических проблем?

Жоғарыда келтірілген сценарийден көріп отырғанымыздай, «соңғы

нәтижеге» негізделген шешімдер аясында қабылданған шешімдер әрекеттердің тек қаржылық салдарын ғана алып отыр және ол әлеуметтік және экологиялық пайымдарға қарама-қарсы қоюға жеткіліксіз. Шын мәнінде, тұрақтылық: адамдардан, ғаламшардан және табыстан тұрады. 8.1-сызбасы әрекеттердің тұрақтылығы туралы визуальды түсініктерді қамтамасыз етеді: мұнда, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық контекстермен өзара қарым-қатынасы туралы түсінік өз ойларын, басқару шешімдерін және ұйымдастырушылық бағалауды қайта қаралуға мәжбүр етеді.

8.1-сызбасы Тұрақтылықтың түйісетін үш саласы

ҮШ ҚОРЫТЫНДЫ НӘТИЖЕ ЖӘНЕ ҮШ ТАБЫС ӨСІМІ

«Үш табыс өсімі» және «Үш қорытынды нәтиже» әрқайсысы ұйымдасқан басқару мен бағалау үшін ауқымды қамтыған парадигманың мысалдары болып табылады. Дәстүрлі бухгалтерлік есепте табыстың өсуі ұйым үшін түскен түсімге қатысты, ал қорытыныды нәтиже болып, түскен табыстан шығындар есептелгенде, қалғаны болып табылады. Дәл осылай, қаржылық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді қамти отырып, «процесс алдын есеп берумен» (МакДоно и Браунгарт, 2002, 252 бет) табыстың Үштік өсімі әрекет етеді. Шын мәнінде, Табыстың үштік өсімі менеджердің назарын шараны жоспарлаудың әр аспектісіне аударады. Мысалы, біздің жасөспірімдер футболының турнирі $ 150,000 кіріс әкелетін босла, - бұл жеткіліксіз; біз бұл арада $ 150,000 әлеуметтік және экологиялық қатынаста қалай қалыптасқанын білуіміз керек. Табыстың үштік өсімі шараның «қорытынды нәтижесін» бағалайды: шара қалай өтуде? Тағы да тұрақтылықтың үш шарасына көңіл бөлінеді. Мысалы, біздің жасөспірімдер футболы бойынша шараны қарастыра отырып, егер ұйымдастырушы менеджер $ 28 000 таза кірісті көрсетсе, онда қаржылық негізде турнир табысты болып есептеледі. Әйткенмен, қоршаған ортаның деградациясы және осы фиксальды табысқа жету үшін әлеуеметтік әділетсіздік

орын алды. Ал, Үштік өсім бұл кемшіліктерді назарға алған болар еді.

Макдоно және Браунгарт (2002) әлеуметтік және экономикалық проблемаларымен дәстүрлі экономикалық мақсаттардың тепе-теңдігін ұстаудағы іскерлік бағдарламаларындағы интеграциялық тұрақтылық үшін өте үлкен құрал екенін атап айтады. Мұнда кілттік сөз тепе-теңдік болып табылады. 8.1 сызбасының интерпретациясында өмірлік маңызға ие барлық салада мықты болу керк. Ұйымдастырудағы тұрақты басқарудағы жалпы қате түсінік оның тек экологиялық проблемаларға шоғырланғанында деуінде. Бұл шындыққа жанаспайды. ЭТ экономикалық өміршеңдігінен өз алдына тұрақсыз. Бұл көзқарасты Ранджеловик, О'Рурк және Орсато (2003) ұсынып, «экономикалық құндылықты құрып және қоршаған ортаға әрекетті тәуекелдікті кемітуге ықпал ететін құзыреттіліктерді дамыту қажеттігін» атап өтті (251 бет).

Nike компаниясының тұрақты даму бойынша жетекшісі Ханна Джонс ұйымдастырушылық тұрақтылық тұжырымына сүйене отырып, Nike компаниясын ROI² жеткізуге ұмтылады. Бұл термин компания акционерлер құнының артуына компания адалдығын суреттеу үшін қолданылады. Nike ойлауының бейнесі ЭТ акционерлік құнның артуы есебінен болмайды және болмауы тиіс дегенге саяды.

«Біз жақсы жасай аламыз және сөйте тұра қайырымдылық та жасаймыз», - дейді Джонс (Холлендер және Брин, 2010, стр. 121)

ІС-ШАРАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮШІН ЭКОЛОИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЕ ҮШІН МАҢЫЗДЫ?

Барретт және Скотт (2001) әрбір ұйым шағынынан бастап, іріге дейін экологиялық проблемаларға назар аударуы керектігін атап айтады. Атап айтқанда, көліктік, жеке және ұйымдық пайдалану және қалдықтарды өңдеу секілді мәселелер. Осыған баайланысты көптеген мысалдар келтіруге болады, «табиғи ресурстарды тұтыну барынша өсіп келеді, соған сәйкес қалдықтардаң көлемі де өсуде» (Индебригцен және Якобсен, 2006, 389 бет). Қоршаған ортаны қорғау туралы Біріккен Ұлттар Ұйымындағы баяндамада (2007) бүгінде әлем бетпе-бет келіп отырған қоршаған ортаның айтарлықтай өзгергені айрықша атап көрсетілген. Бұл экологиялық өзгерістерге жауапкершілікті баяндама «адами қызметке» айқын жүктейді (8-бет).

Егер біз барлық тұлғалардың әрекеттерінің жиынтығы қоршаған ортаның өзгеруіне ықпал ететіндігін ескерсек, онда қоршаған ортаның тұрақтылығын жақсаруы үшін жауапкершілік баршаның міндеті болып табылады: үкіметтің, кәсіпорындардың және азаматтардың. Шындығында, ұйымдастырушы әрбір менеджер тұрақтылық жөнінде өз әрекеттеріне жауапкершілік сезінуі керек. Мұнда жауапкершілік «өз әрекеттері үшін жауапкершіліке тартылатындар»

ретінде анықталады (Малган, 2000. 555-бет).

Шынтуайтында, жекелеген тараптар арқылы ешбір жауапкершілік қолданылмайды, керісінше, зақымдау немесе аталған затты жою орын алады. ЭТ жағдайында мән тірі планета болып табылады. Бұлай нақтылау тым қатаңдау айтылған көрінгенімен, Перельман (2003) «күрделі өмірде қоршаған орта қазіргі уақытта шегіне жеткен кезде, бұл қауіпсіз ұйымдастырылған жүйедегі жалғасты тәжірибе барша және бәрі үшін қауіп тудырады» (р . 221). ИСО 20121 делегациясының жетекшісі Миган Джонстың айтуынша:

> Бизнес шара саласында жалғаса алмайды. Біздің өнеркәсіптер орасан зор қалдықтар шығаруды жалғастыра алмайды немесе мұраға CO^2 қалдыра алмайды. Шараның қандай түріне қарамастан
>
> (Джонс, 2011).

ІС-ШАРАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТАҒЫ РӨЛ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоршаған ортаны қорғау бойынша Біріккен Ұлтар Ұйымының бағдарламасы (2010, N.P.) спорттық іс-шаралардың қоршаған ортаға әсер ететін бірнеше жолын көрсетіп отыр, соның ішінде:

- әлжуаз экожүйені немесе жер дефицитін дамыту;
- шу және жарықтық ластау;
- қалпына клемейтін ресурстарды тұтыну;
- табиғи ресустарды тұтыну;
- ілеспе газдарды шығару;
- озондық қабаттың тозуы;
- пестицидті қолдану арқылы су мен жердің ластануы;
- топырақтың абаттандыру кезінде және көрермендерден тозуы;
- құрылыс нысандарынан және тұрғындардан қалдықтарлың пайда болуы.

Аталған проблеманы түсінгендіктің белгісі ретінде ұйымдастырушы менеджерлер қоршаған ортаны қорғау бойынша өз рөлін атқаруда жауапкершілікті сезінуі тиіс деген пікілерде айылған болатын (Маллен және Чард, 2011). Мұндай жауапкершілікпен кейбір спорттық ұйымдарда қамтылуы тиіс. Мысалы, қоршаған орта қазіргі таңда Олимпиадалық қозғалыстың спорт және мәдениет тарапынан «үшінші негізі» ретінде танылады. Шын мәнінде, Олимпиадалық Қозғалыстың 21-күн тәртібіндегі баяндамада экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдардың міндеттемелерін атап көрсетіледі. Спорттағы экологиялық тұрақтылыққа қатысты бастамашылдық шараларды ұйымдастыруды басқаруға қатысты ұйымдардың басқа да мысал-

дары бар, соның ішінде, әлем чемпионатындағы (ФИФА, 2006), Халықаралық футбол ассоциациясы федерациясының «Зеленая цель» жұмысы, Ағылшын футбол ассоциациясының бастамалары (Коллинс, Флинн, Мандей и Робертс, 2007),Ұлттық футбол клубының (НФЛ) тұрақтылығына және оның суперкубок шараларына басымдық беру, Достастық ойындары 2010 (Шобхан, 2010) және Олимпиадалық және Жазғы параалимпиадалық ойындары 2012 (Тиан және Бримблкомб, 2008).

Хамс (2010) «студенттер шараларында қолданатын әрекеттерді және оның қоршаған ортаға әсерін ұстау үшін олардың нысандарын білуі тиіс» (5 бет). Сөйтіп, экологиялық тұрақтылық университеттік аудториядан бастап, Олимпиада зал отырысына дейін қолдау иеленетін болады. Бірақ, бір мәселе басы ашық қалады: түптің түбінде ЭТ кім жауапты және өз жауапкершілігін белсенді және тиімді қалай пайдалануға болады?

ТАПСЫРМА: ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ КОРПОРАЦИЯ МЕНШІГІ АСЕ ТРИАТЛОН ГРУП (ACGT)

Сіз Триатлон Груп АСЕ компаниясының маркетинг бойынша менеджерісіз дейік. Жақында өткен менеджерлердің, қаржылық басшылар, заңды және адами ресурстар кірген кездесуде АКТГ экологиялық тұрақтылықты келер жылға дайындық компаниясында бірінші кезекке шығарды. Кеңестен соң барлығы ЭТ интеграциясына тәнті болды.

Менеджерлердің келесі отырысында президент компаниялардың тұрақтылық бастамалары туралы жаңарған мәліметті сұрайды. Бұл бастама бойынша АКТГ ілгерілеуі үшін кім алға қадам жасайды? Егер топ басқармасы арқылы алға шығарылса, шешім табу міндеті кімге жүктелмек?

Экологиялық тұрақтылық іс-шараны ұйымдастыру кезеңінде-ақ сөз болғанда, ол туралы жұмысқа қатысты бастамалар қолға алынады. Мысалы, Спорттық іс-шаралардың Экологиялық Нәтижелерін өлшеу моделі Маллен, Сивенс, Адамс және Макробертс арқылы жасалып, спорттық іс-шаралардың экологиялық көсреткішін бағалаудың шеңберін ұсынады:

■ экологиялық ұйым жүйесі (экологиялық саясат, қоршаған ортаны басқару комиеті, экологиялық бағдарламаға қатысу);

■ мүдделі тараптарды және қатынастарды анықтау, табиғат қорғау қызметі (ақпараттарды беру, ашу және коммуникация)

■ экологиялық жедел іс-шаралар (белсенді бастамалар, қалпына келетін қуаттың қайнар көздері, рециркуляция, қысқарту, қоршаған орта аумағында оқыту);

■ экологиялық бақылау

■ өлшеудің индикаторлары және пункттері: үлес және нәтиже (қағаз, шикізат, СО2)

ИЭРСМ моделінің басымдығы ЭТ менеджерлердің оны қолдануда

пайдалылығында болып отыр. Сонымен қатар, экологиялық көрсеткіштерді бағалау үшін нақты айқындалған айдар менеджерлерге ЭТ бекітілген жобалары бойынша жауаптылыққа тартуға мүмкіндік береді. Басшылықтың бұл түрі менеджерлерге алдағы жылдарда қызмет етпек. Расында да, тұрақты даму саласында Іс-шараларды Басқару Жүйесінің ИСО 20121 секілді ресми стандарттың енгізілуі қалыпты құбылыс болып табылады, болашақта іс-шараны басқарудың талаптары өзгереді. Солай бола тұра, талаптар тұрақтылыққа келгенде, иекемді сипат иеленеді және бекітілген нормалардың сақталуын қамтамасыз ету стратегиясы болады.

БАСҚАРУ ШАРАЛАРЫ: ІС-ШАРАНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Қазіргі таңда, көптеген іс-шаралар қоршаған ортаны сапалы түрде басқаруға көлемдік бағалауды немесе модельдеуді қосады (Джонс, 2008). Бұл бойынша шешім қабылдау экологиялық зиянның негізгі қатысушыларын эмпириялық қабылдау емес, интуицияға, көзге көрінетіндігіне және жүзеге асырудың қарапайымдылығында болып отыр.

Басқарудың белгілі аксиомасы бар: «Өзіңіз өлшемін жасай алмаған нәрсені басқара алмайсыз». Ақша түрінде айтар болсақ біз бюджетке арқа сүйейміз, шешім қабылдаған кезде тауарлар мен қызметтердің құны туралы ойланамыз. Өзміз осы тарауда бұрырақта айтып кеткендей, экологиялық және әлеуметтік ұсталымдарда, ағымдағы қаржылық талдауларда көп жағдайда есепке алына бермейді. Мысалы, су тапшылығын көріп отырған өңірлердегі суды жоғалту көлемі тауарлар мен қызметтердің бағасында көрініс бермейді. Іс-шараны ұйымдастыратын менеджерлер ретінде біз өзіміздің іс-шарамызды қалай ұйымдастыратындығымыз жөнінде шешім қабылдап, осындай сұрақтарға жауап беруіміз үшін қосымша индикаторлар керек: Біздің футбол алаңдарында қолданылатын тыңайтқыштың биотүрлі әсері дегеніміз не? Электр энергиясының әсерін азайту мақсатында біздің стандионымызда күн батареяларының нешеуін орнату керек? Біз уақытша немесе тұрақты орнытарды жасауымыз керек пе?

Бұл «жасыл» бастама аясында іс-шара қалдықтары мен өңделмеген қағазды азайтудың мақсатты көрсеткішін көрудің қарапайым тәжірибесі. Бірақ, бұл оған қатты көңіл бөлу үшін маңызды дүниелер ме? Мүмкін, олай емес болар, өйткені Канадада 2010 жылы жылыжай газдарының лақтырылымы 3%, ал энергия қалдықтарының лақтырылымы 81% көрсетті (оның 24%-ы транспорттан лақтырылған қалдықтар) 8%-ы ауыл шаруашылығының қалдықтары (Канады үкіметі, 2010). Бірақ қоқыстың көзге көрініп тұруының маңыздылық факторы мен жанкүйерлердің қоқыс сауыттарының кәдеге жаратылатынын көретіндігіне қарамастан,

іс-шараны ұйымдастырушыларға айтарлықтай өзгерістерге әсер ете алатын облыстарға назар аударуларына көмектесу керек. Осы бөлімде біз спорттық іс-шараларға қолданылатын, жиі қолданылатын экологиялық көрсеткіштер: көмірқышқыл ізі мен экологиялық ізге және өмір кезеңін бағалау (ӨКБ) әдісін талқылайтын боламыз.

Өмірлік кезеңді бағалау

Спорттық іс-шараны ұйымдастырушылар экологиялық тұрақтылықты бағалаудың көптеген әдістерін, құралдары мен көрсеткіштерді пайдана алады (Несс, Урбел- Пиирсалу, Андерберг и Олссон, 2007), бірақ іс-шара туралы айтпаған күнде де, экология әсерін өлшеу және баяндау туралы халықаралық деңгейдегі қабылданған келісім жоқ. Біз тауар мен қызметтің қызмет ету мерзімі аралығында қоршаған ортаға әсерін өлшеу үшін перспективалы әдіс ретінде ӨКБ ойымызды шоғырландырамыз. ӨКБ бүгінгі таңда әсерін бағалау үшін мемлекеттік және жеке секторларда да стратегия мен ереже ретінде кеңінен қолданылады және іс-әрекет нәтижесі туралы баяндайды (Финнведен и др., 2009). Көп жағдайда альтернатива арасында шешім қабылдау үшін қуатты қару да болуы мүмкін: тауар / шешім А немесе тауар / шешім В қайсысының қоршаған сері азырақ болады?

Стандарттау бойынша халықаралық ұйымдардың деректеріне сәйкес (ИСО) (2006), ӨКБ өткізу талаптары мен басқарушылық ұстанымдарына 14044 (www.iso.org) мысал келтірілген, осы әдістің негізгі ерекшеліктерінің бірі, біріншіден, өмірлік цикл кезеңі: шикізат алу, өндіріс, пайдалану, пайдалану мерзімі өткенді өңдеу, қайта өңдеу және қалдықтардыақтық рет алып тастау; екіншіде, ӨҚБ зерттеулерін жүргізу үшін кезеңдер: инвентаризация талдауы, мақсат пен облысты анықтау, әмсерін бағалау мен талдау. Бұл әр кезеңді мұқият талдау үшін пайдалы болып табылады (8.2 сызбасын қараңыз):

■ Пайдалану мақсаты мен облысы. Зерттеу мақсатын, жүйе шегін және негізгі болжамдарды анықтау.

■ Инвентаризациялық талдау. Деректерді есептеуді, экологиялық салымдарды (ресурстарды) және зерттелетін жүйені, сонымен қатар жинау әдістері мен деректерді талдауды анықтау.

■ Әсер етуін бағалау: Салымдар мен нәтижелерді қоршаған ортаға әсерін әлеуетті әсер ету индикаторына ауыстыру (мысалы, адамның денсаулығы, климаттың өзгерісі, экожүйе сапасы).

■ Талдау: Зерттеу мақсаттарына қатынасы бойынша инвентаризация нәтижелерінің мағынасын және қоршаған ортаға әсерін бағалауды қамтамасыз ету.



8.2-сызба. ИСО 14044 сәйкес өмірлік кезеңді бағалау (ӨКБ) зерттеуінің төрт итерациялық кезеңі

Өмірлік кезең көзқарасы тұрғысынан ойлау өндірушілер мен тұтынушыларды жеткізу тізбегіндегі максималды және минималды әсерді қарауға ықпал етеді. Іс-шараны ұйымдастыруды басқару дегеніміз осы факторлармен оқиға орнында жасалатын экологиялық әсер ғана емес, сонымен қатар іс-шара өтетін жерден тысқары сатып алынған өнімдер, материалдар және қалдықтардың пайда болулары. ӨКБ бизнес-стратегияларды, тауарлар мен өндеу процесі, экологиялық таңбалау мен өнімді декларациялау сияқты пайдалану қатарын кеңейтуде қолданылады. ӨКБ негізгі артықшылығы адамның денсаулығы, экожүйе сапасы, климаттың өзгерісі және ресурстардың азаюы сияқты зиянның бірнеше санаттары бойынша қоршаған ортаға әсеріне сипаттама бере алатындығында (Джоллиет және авторлар., 2003). ӨКБ қоршаған ортаға щоғырланған кезде, ол өмірлік кезеңді басқару құралының жинағына, оның үстіне өмірлік кезеңді шығындау калькуляциясы мен әлеуметтік ӨКБ қосылуы мүмкін. Бірақ іс-шараны ұйымдастырудыды басқару үшін ӨКБ пайдаланумен байланысты бірқатар ойлар бар.

Біріншіден, ӨКБ нәтижелерін шектер, деректер жинағы, болжамдар мен қосылған процестер бірдей болмаған болса, оны салыстыру негізі ретінде пайдалануға болмайды, бізге алма мен алманы салыстыру керек. Екіншіден , ӨКБ күрделілігі оның үлкен ресурсты талап ететіндігінде, әрине егер ол деректерді жинау мен сараптауды талап ететін болса. Бұл бюджеті шектеулі іс-шаралар үшін және уақыты шектеулі қызметкерлер үшін проблема болуы мүмкін. Үшіншіден , біз бір доллардың құнын бағалай алатын кезеңде, оны 1 тонна көміртек немесе 1 тонна ластанған сумен салыстыру қиынға түседі. Бұл бізді төртінші проблемаға алып келеді, яғни бір тонна көміртек маңызды ма, әлде 1 тонна су маңызды ма? Бұл сұраққа жауап әрине, көптеген пролемаларға байланысты.

Оған географилық орналасуы, су ресурстарының тапшылығы, мүдделі тараптардың құндылықтары. ӨКБ іс-шараны жоспарлауда қуатты құрал болуы мүмкін, бірақ білім көлемін арттыруды, мүдделі тараптар мен тиімді түрде жүзеге асыру үшін ресурсты талап етеді.

Көміртек ізі

Көміртек ізі 100 жыл болатын уақыт көкжиегінің аралығында жылыжай газдарының лақтырылымымен байланысты болатын жаһандық жылыну (климат өзгерісінің әлеуетінің синонимі) әлеуетін өлшейді (Райт, Кэмп и Уиллиамс, 2011). Жылыжай газдарының қатарының әсері (олардың кең тарағандары көміртегі диоксиді, метан және азоттың шала тотығы) көміртек «баламаларына» байланысты климаттың өзгерісі туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сарапшылар тобы сипаттама берді (МГЭИК, 2007). Өлшем бірлігі CO_2 баламаларының салмағы болып табылады: CO_2-балама килограмы. Көміртек ізі Ванкувер 2010, Лондон 2012 және 2010 жылғы Футболдан әлем чемпионаты сияқты көптеген мега-іс-шараларының, спорт индустриясының қоршаған ортаға «бір реттік» әсерінің категориясында кеңінен қолданылады.

Мысалы, қоршаған орта бойынша БҰҰ бағдарламасы Оңтүстік Африкада ФИФИ 2010 футболы бойынша әлемдік чемпионат кезінде жаһандыө жылынуға атмосфераға 2 миллион тоннадан астам CO_2-баламасының лақтырылымы болды. 65%-ы халықаралық жол жүрулерден, 17%-ы ұлттық сапарлардан және 13%-ы үй-жай электр энергиясын пайдалану салдарынан (ЮНЕП, күні көрсетілмеген).

Көміртек ізі тәсілін пайдаланудың бірқатар артықшылықтары – оның кеңінен қолданылатындығында және қоршаған ортаға бағдар алғандығында. Ол сонымен қатар жақсы танымал бола түсті және көпшілік ортасына тез сіңісіп кетті. Оны бүкіл әлемде қолдануға болады, өйткені жаһандық жылыну белгілі бір аудандарға ғана тән емес. Осы проблемаға қатысты және оның әсерін сипаттау бойынша ғылыми қоғамдастықта бірыңғай (ЮНЭП, 2007). Іс-шараның негізгі кемшілігі – бірыңғай индикатор пайдаланылатындығында. Бірақ, ол суды, жерді және басқа да ресурстарды пайдалану сияқты басқа да әсерлерді толық және тұжырымдамалақы түсінуді толық қамтамасыз етпейді (Коллинс, Джонс және Мандей, 2009; Вейдема, Трейн, Кристенсен, Шмидт және Локк, 2008).

Экологиялық із

Вакернагел мен Рис (1996) әзірлеген экологиялық із әдісі жердің жағдайын нашарлатпастан пайдалану қарқындылығына баса назар аударады. Адамның ресурсты жалпы пайдалануына және біздің

планетамыздың оның орнын толтыру жылдамдығына баға бере отырып, біздің іс-әрекетіміз оған қаншалықты сәйкес немесе оның қайта қалпына келтіру қабілетінен асып кетеді ме, осыған баға беруге болады. Өлшем бірлігі адамның тұтынушылығын ұстап тұру үшін қажетті гектардағы биоөнімділік ауданы болып табылады. Бұл сонымен қатар біздің іс-әрекетімізді қолдау үшін қажетті болып табылатын Жер ғаламшарындағы ресурс көлемінің көзқарасы тұрғысынан алғанда да берілуі мүмкін. Халықаралық табиғат қорының баяндамасындағы мәліметтер бойынша бүгінгі таңда адамзат Жердің 1,5 баламасын пайдалану арқылы қайта қалпына келтіру қабілетінен асып кетіп отыр (WWF, 2010).

Мысалы, Лондон-2012 оның платформасының тұрақтылығына жету шарасы ретінде «Олимпия ойындарының бір ғаламшары» атты экологиялық із енгізді. Коллинс және басқа да авторлар (2007) бұл жүйені Уэльстегі Англия футбол кубогының ақтық матчының әсерін өлшеу үшін пайдаланды. Олар валли азаматтары үшін күнделікті орташа тұтынуымен салыстырғанда іс-шараға қатысқан көрермендердің өздерінің экологиялық іздерін жеті есеге дейін арттырғандарын көрсете алды.

Қоршаған ортаға әсерін бағалауға қарамастан, менеджерлер бірнеше көрсеткіштер бойынша және өмірлік кезең тәсілі бойынша әсер ету тұжырымдамасында сауатты болуды, оны пайдалануды қалайды. Іс-шара салаларын әзірлеудің жаңа құралдары пайда болуына байланысты, менеджерлер өздерінің бағалауларының жетіктігінің деңгейін арттыра алады және мүдделі тараптардың қарым-қатынасы бойынша асқан жауапкершілікті көрсете алады.

ЗТАПСЫРМА: ОРНАЛАСУ ОРНЫНА ӘСЕРІН АЗАЙТУ ҮШІН КӨМІРТЕК ІЗІН ПАЙДАЛАНУ

Сіз әрқайсысында 15 адамнан тұратын сегіз командаға арналған бейсболдан турнир ұйымдастырасыз. Сіз жеті күндік (және жеті түн) іс-шара уақытына командаларды орналастыру үшін қонақ үй таңдау процесіндесіз. Нұсқалардың бірі «Жасыл Қонақ үй» бағдарламасымен сертификатталған «Данделион» қонақ үйі. Өйткені оның иелері орташа көрсеткішпен салыстырғанда энергияны тұтыну, суды пайдалану мен пайда болатын қалдықтарды айтарлықтай азайтуға қол жеткізген. Бірақ, қонақ үй өткізілу орнынан 10 км қашықтықта орналасқан. Демеушіні таңдаудың екінші нұсқасы - «Меридиан» қонақ үйі. Небәрі 1 км жерде орналасқан орта салалық қонақ үй. Қандай жағдай болса да сізге команданы алып кету үшін және апарып тастау үшін күніне екі реті қонақ үйге трансфертті автобус жіберуге тура келеді. ӨКБ зерттеулері көрсеткендей, «Данделион» тәулігіне 1 адамға көміртегі диоксидінің баламысының 6 кг әсеріне ие (кг - CO_2-бал), «Меридиан» қонақүйі бір түнде CO_2-баламасының 12 кг әсерін тигізеді. Сіз сонымен қатар автобустың әсері 1 км үшін адамға CO_2-баламасының 0050 кг әсері болатынын білесіз.

Қонақ үйлер	Қонақ үйдегі көміртек ізі	Жол жүрудің көміртек ізі	Жалпы көміртек ізі
Данделион	кг CO_2-бал	кг CO_2-бал	кг CO_2-бал
Меридиан	кг CO_2-бал	кг CO_2-бал	кг CO_2-бал

8.3-сызба. Кесте деректеренің сценариі

1. Әрбір нұсқа бойынша қонақ үйдің, жол жүрудің және жалпы көміртек іздерін анықтау. Қайсысы азырақ әсерге ие?

2. Қонақ үйді таңдау кезінде іс-шараны ұйымдастыру бойынша менеджер үшін қандай ойлар бар?

3. Орналасу орнында көміртек іздерін төмендету үшін тағы не істей аласыз?

4. Қоршаған ортаға әсер етудің жалғыз санаты ретінде көміртекті пайдалануға қатысты қандай ойларыңыз бар?

Қонақ үйдің көміртек ізін анықтау

Данделион: адамдар × түн× 6 кг CO_2- бал/адам/түн = кг CO_2-бал

Меридиан: адамдар × түн× 12 кг CO_2- бал/адам/түн = кг CO_2-экв

Определить углеродный след от поездки от гостиницы к месту проведения:

Данделион: адамдар× км × 0.0050 кг CO_2-бал/адам/түн= кг CO_2-экв

Меридиан : адамдар× км × 0.0050 кг CO_2-бал/адам/түн= кг CO_2-бал

8.4-сызба. С ғимаратындағы көміртек іздерін анықтауға арналған нормативтер

ҚОРЫТЫНДЫ

Александр (2007) ЭУ тәжірибесін жүзеге асыру үшін іскер операцияларды өзгертуді қарастыратын, көптеген менеджерлерге тән сын-тегеурінді қамтыды: бүгінгі таңда экономикалық тастылыққа ие адамдарды өздерінің қаржылық жағдайын нашарлатуы мүмкін процеске енгізу үшін қалай көндіру керек? Осындай перспективаға сүйене отырып, Лоте, Миртвейт және Трапани (1999) төмендегідей атап өтеді:

